

Болат Боранбай

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

(С.С.Жиенбаев еңбектері негізінде)

Оқу құралы

УДК
ББК

Кітап Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында дайындалып, баспаға ұсынылды.

Пікір жазғандар:

Б.Сағындықұлы– филология ғылымдарының докторы, профессор

Ж.Сәдуақасұлы - филология ғылымдарының докторы, профессор

Боранбай Б.Е.

Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы (С.С.Жиенбаев еңбектері негізінде) – Алматы: «», 2013.

ISBN

Қазақ тіл білімінің өсіп-өркендеуі, биіктерге көтерілуі, жеткен табыстары, әрине, жеке адамдарға, тұлғаларға байланысты. Тіл білімінің қазіргі деңгей талабынан көрінуіне Ахмет Байтұрсынұлы көшін бастаған ғалымдар шоқтығы - Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, М.Малдыбаев, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, Х.Басымов, С.Аманжолов, Н.Т.Сауранбаев, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев сынды ғалымдарымыздың үлесі зор.

Кітапта Сейіл Жиенбаевтың қазақ тіл білімі саласындағы барлық қалам тартқан салалары, атап айтқанда, әліпбе, емле, пунктуация, морфология және синтаксис мәселелері замандастары пікірлері мен қазіргі таным негізінде сараланып, талданды.

Зерттеу еңбек тілші ғалымдар мен оқытушылардың, студенттер мен магистранттардың, сондай-ақ тіл жанашырларының кәдесіне жарар деп ойлаймыз.

47.02.25.02.01

447(05)-09

УДК

ББК

ISBN Қазақ тіл білімінің қалыптасуы мен дамуы (С.С.Жиенбаев еңбектері негізінде), 2013

ISBN

« » баспасы, 2013

КІРІСПЕ

Қазақ тіл білімі - түркі тілдері ішіндегі зерттелу деңгейі біршама жоғары, кемелденген, теориялық-методологиялық негіздері сараланған ғылыми сала. Аталмыш саланың өсіп-өркендеуі, биіктерге көтерілуі, жеткен табыстары, әрине, жеке адамдарға, тұлғаларға байланысты. Ана тілі білімінің қазіргі деңгей талабынан көрінуіне Ахмет Байтұрсынұлы көшін бастаған ғалымдар шоқтығы Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, М.Малдыбаев, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, Х.Басымов, С.Аманжолов, Н.Т.Сауранбаев, М.Балақаев, І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев сынды бұл күнде көзі жоқ ғалымдарымыздың үлесі зор.

Қазақ тіл білімінің көш басындағылар қатарында елеулі салмағы бар, қазақ тіл білімінің ірі өкілдерінің бірі, оқыту ісінің шебері, филология ғылымының кандидаты, доцент **Сейіл Сарықұлы Жиенбаев** (1895-1945 жж) есімі ерекше аталады.

Ғылым тарихын зерттеу оның өткені туралы мағлұмат беріп қана қоймайды, сонымен бірге ғылым дамуының қазіргі күйін айқындауға, оның болашағының қалай болатынын бағдарлауға үлкен септігін тигізетіні сөзсіз. Ғылым дамуы қоғам басынан өткерген тарихи кезеңдерінің қажеттіліктерін өтеуге қызмет етеді. Ғылымға қойылатын талаптар деңгейі де осыған сай заман талабынан туындап отырады. Өткенді ой елегінен өткізу ескіні жөнсіз ақтару емес, замана қойнауында шешілмей қалған тіл проблемаларының ішіндегі қазіргі кезең талабына сәйкес өзектілеріне білімпаздар назарын аудару болып табылады.

Қазақ тіл білімінің қалыптасу, өсіп-өркендеуі әр уақытта бір деңгейде болмағаны анық. Ғылым саласының белгілі бір жетістіктері, оның қалыптасу ерекшеліктері уақыт өте келе тарихи мұраға айналатыны сөзсіз. Қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамуын тілге тиек еткенде, осы мәселе де назарда ұсталғаны абзал. Аталмыш тақырыпқа байланысты түркітануда, оның ішінде қазақ тіл білімі саласында да бірқатар зерттеу еңбектері баршылық (1.Кононов. А.Н. История изучения тюркских языков в России. Л.,1972; Кондулачова С. Материалы по киргизскому языку, собранные В.В.Радловым. АҚД. А-ты. 1974 ; Хусаинов К.Ш. Радлов и казахский язык. А-Ата . 1981.; Тектіғұлова Ж. Қ.Жұбанов және қазақ тіл білімі мәселелері. ҚДА. А-ты. 1995 ; Әмірова Г. О. Академик Н.Т.Сауранбаев еңбектеріндегі қазақ тілі морфологиясының теориялық мәселелері. ҚДА. А-ты. 1997 .). Мұның өзі - жеке тұлғаның, сол салада сіңірген еңбектерін бағалай білу болып табылса, сонымен қатар, белгілі бір ғылым саласының тарихи даму жолына жасалған қысқаша ғылыми анықтама.

Осы тұрғыдан алғанда, қалыптасқан ғылым саласы өзінің даму жолына сын көзбен қарап, өткенді ғылыми тұрғыдан саралап отыруы – құптарлық іс. Бұл орайда ұсынылып отырған зерттеу тақырыбын қазақ тіл білімінің бастауында тұрған төл ғалымдарымыздың еңбегін, олардың айтқан, жазып қалдырған ой-тұжырымдарын бүгінгі мен өткенінің арасындағы дәстүр жалғастығы ретінде ғылыми мұралардың өміршеңдігі тұрғысынан қараған жөн.

Ғылым тарихында, әсіресе оның бастау кезеңінде пікір таластары, солардың нәтижелері іспеттес түрлі қиыншылықтар жиі кездесіп отырады – бұл бір жағынан. Ал, екінші жағынан – пікір таласында, тәжірибеде шыңдалған ой-толғамдардың кейінгі зерттеу жұмыстарына теориялық-методологиялық бағыт-бағдар болуы да аз кездеспейді. Сол себептен, аталмыш мәселе – жай ғана қоғамдық-әлеуметтік құбылыс емес, арнайы зерттеу объектісі ретінде азаматтық тарих өлшемдерімен бірлікте саралана қаралатын нысан.

Қазіргі қазақ тілінің теориялық-практикалық танымы – алғашқы бастау кезеңімен салыстыра қарағанда, бірқатар, ірі жетістіктерге жетіп отырған толыққанды, жеке ғылыми сала. Дегенмен, әлі де болса, атқарылар іс-шаралар баршылық. Біздің ойымызша, олардың бастылары:

- 1). Әліпбиімізді жетілдіре түсу;
- 2). Тіл тазалығын, оның төлтума табиғатын сақтап қалу;
- 3). Ана тіліміздің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіре отырып, сөз байлығын дамыта түсу мүмкіндіктерін анықтау;
- 4). Ана тіліміздің әлем тілдері арасындағы өзіндік орнын нақтылай түсу мүмкіндіктерін анықтау;
- 5). Осы салада қалыптасқан проблемаларды шеше алатын, мәселелердің

теориялық, методологиялық негізін нақ танитын маман-ғалымдар дайындау және тағы басқалар.

Осындай мәселелер жиынтығы қазақ тіл білімінің өткені мен бүгінін перспективті және ретроспективті бағыттарда қоғам өмірімен, оның танымдық даму үрдісімен біте қайнасқан азаматтық тарихы ретінде тиянақты ғылыми зерттеуді талап етеді, сонымен қатар қаралып отырған ғылыми-зерттеу тақырыбының зәрулігін нақты бажайлайды.

Халық өркениеті, қоғам дамуы - азаматтық тарих ұғымымен етене аралас, бір-бірінен ажырамас тұтастық, сондықтан, халықтың өркениетіне айтарлықтай еңбегі сіңген, өзіндік үлесі бар тұлғалар шығармашылығын ғылыми тұрғыда сарапқа салу, елеп-екшеу – басты мақсат. Осыған орай, зерттеу нысанымыз – С.С.Жиенбаевтың ғылыми мұраларын мынандай бағытта саралағанды жөн көрдік:

1. Қазақ тіл білімінің ғылыми сала ретіндегі бастау көзі;
2. Қазақ тіл білімінің қалыптасып, дамып-жетілуінің объективті жағдайлары;
3. Қазақ тіл білімін қалыптастырушы алғашқы маман-ғалымдарымыздың теориялық-практикалық тұрғыда ұстанған ғылыми бағыттары;
4. Алғашқы ғылыми бағыттардың бүгінге қалдырған мұрасы, яғни тіл білімі саласындағы дәстүр жалғастығы;
5. Қазақ тіл білімінің басталу көздеріндегі қол жеткізілген нәтижелер және оның әлеуметтік өмірге ықпалы;
6. 30-40 жылдары халықты жалпы сауаттандыру мәселесіне байланысты мемлекеттік дәрежеде қойылған талаптардың шешімін табу мәселелері және жіберілген қателер;

7. Қазақ әліпбиі және оны өзгертуге байланысты туындаған объективті және субъективті пікір таластары, ой-толғамдары;
8. Ғалымның қазақ тіл білімі тарихындағы салмағын айқындау, қазақ тіл біліміндегі сіңірген еңбегінің мәнін айқындау;
9. Ғалымның ғылымда ұстанған бағыты мен позициясына баға беру;
10. Ғалымның ғылым тарихына байланысты еңбектерде назардан тыс қалып жүрген пікірлерін, мәселен, әліпбе, емле, лексикология және грамматикаға қатысты пікірлерін саралап көрсетіп, ғылыми орта назарын аудару;
11. 30-40 жылдардағы қазақ тіл білімінің деңгейіне, сол ыңғайда ғалым еңбектері деңгейінің танылымына талдау жасау.

Жоғарыда санамалап көрсетілген жұмысымыздың негізгі бағыттары жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

Жұмысымыздың негізгі объектісі – Сейіл Жиенбаевтың қазақ тіл білімі саласындағы барлық қалам тартқан салалары. Атап айтқанда, әліпбе, емле, пунктуация, морфология және синтаксис мәселелері жұмыстың барысында сараланып, талданды. Ғалымның емлеге, пунктуацияға, сөз таптарына, сөйлем мен оның түрлеріне қатысты айтқандары ішінара қазіргі тіл білімінде қалыптасса, үйірлі мүшелерге, құрмалас сөйлемдерге қатысты айтқан пікірлері сын көзбен қараған кісіге берері көп дүниелер ретінде тануға тұрады. Сонымен қатар, ғалымның біріккен сөздерге, әліпбиді реформалауға байланысты пікірлері қазіргі кезде де маңыздылығын жойған жоқ, әліпбиді реформалау жөніндегі кейінгі кездері көтеріліп жүрген пікірлер – осының айғағы. Осылардың қатарында ғалымның сөз алды айқындауыш мүшелер, оның ішінде сөз алды оңашаланған айқындауыштар туралы пікірлері – ғылымда назардан қағыс қалып келе жатқан мәселелердің бірі, арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе. Қайшылықтары көп, қазіргі қалыпқа сәйкес келе бермейтін пікірлері де жоқ емес. Осыларды негізге ала отырып, салыстыру материалдары ретінде қазақ тіл білімі деректерін, түркітанудағы біршама еңбектерді ғалымның өмір сүрген тұсындағы және қазіргі кезеңдегі ғалымдар еңбектерін мейлінше толығырақ пайдалануға тырысып отырдық.

Жұмыстың негізгі зерттеу көзі ретінде С.С.Жиенбаевтың жарық көрген барлық еңбектері пайдаланылды. Ғалымның өмірбаяндық және ғылымдағы атқарған еңбектері жайлы арнайы зерттеу еңбектері болмағанымен, ол туралы баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалар, жекелеген ғылым салаларында қалам тартқан ғалымдарымыздың С.Жиенбаев еңбектеріне жасаған талдамалары жұмысымызда кеңінен пайдаланылды. Атап айтқанда И.Ұйықбаевтың (Ұйықбаев .Ірі ғалым, көрнекті методист (Қазақ тілі мен әдебиеті №3 58), сонымен қатар Т.Қордабаевтың, Б.Кәтембаевтың, Қ.Есеновтың, Қ.Шәукеновтың, М.Серғалиевтің, Ш.Әуелбаевтың (Қордабаев. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары. 1995, Б.Кәтембаев. Методист-ғалым. «Қаз,мұғ». 1 мамыр. 1986 ж., Қ.Есенов. Синтаксис осложненного предложения в казахском языке. 1992 г., Қ.Шәукенов. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. 1990 ж., М.Серғалиев.

С.Жиенбаевтың синтаксистік зерттеулері. Жинақ.Қазақ тілі мен әдебиеті. ҚазМУ . 6-шығуы. Алматы. 1975 ж., Ш.Әуелбаев. Пунктуацияның қиын мәселелері. Алматы. 1977) т.б ғалымдарымыздың еңбектері зерттеу жұмысымыздың бағытын айқындауға көп септігін тигізгенін айта кеткіміз келеді. Ғалымның өмірбаяндық деректерін айқындауға, лексикологияға қатысты ғалым еңбектерінің мазмұнын айқындауға ҚР ҒМ-ҒА архиві қорындағы материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар, жұмыстың теориялық-методологиялық негіздері ретінде Ж.Аралбаевтың, С.Омарбековтің, Ә.Болғанбаевтың, А.Ысқақовтың, М.Балақаевтың, Қ. Есеновтің (Аралбаев. Қазақ тілі фонетикасы этюдтері. 1978 ж., Омарбеков С. География фонетических различий речи казахов. Алматы. 1992 г., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. 1976 ж., Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 1992 ж., Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары . 1984 ж., Қ.Есенов. Құрмалас сөйлем синтаксисі, 1985 ж.) т.б ғалымдарымыздың еңбектерін пайдаландық.

С.С.Жиенбаевтың қалам тартпаған тіл білімінің салалары кемде-кем. Қазақ тіл білімінің тарихына көз жіберсек, 30-40 жылдардағы және де оларға дейінгі тілші-ғалымдардың барлығы дерлік, негізінен тілге қатысты барлық салаларда көрініп отырады. Бұл – ғылымның, оның ішінде қазақ тіл білімінің сол кезеңдегі деңгей көрсеткіші. С.Жиенбаев еңбектерінің кең ауқымдылығы оның ғылымдағы сіңірген еңбегінің мәнін, салмағын төмендетпейді. Жұмысымызда С.С.Жиенбаевтың қазақ тіл білімінің салалары бойынша ғылыми танымдары арнайы сөз етіліп, оның еңбектерінің табиғаттары айқындалды. Атап айтқанда :

1. Ғылыми шығармашылығындағы ақтандақтар жаңа деректермен толықтырылып, қоғам өміріндегі және ғылымдағы алған, алатын орны әділ де тиесілі бағасы салмақталды;
2. Әліпбиді реформалау жөніндегі пікірлері тұңғыш зерттеу объектісі етіліп, қазіргі күн талабына сайлылығы, өзектілігі айқындалды.
3. Емлеге қатысты пікірлерінің жалғастылығына назар аударылды, олардың ішіндегі бүгінгі күнде де өзекті болып отырғандарына тоқталып, практикалық өміршеңдігі айқындалды.
4. Қазіргі қалыптасқан пунктуациялық ережелеріміздегі ғалымның үлес салмағы сараланып, оның пунктуация негіздерін (қазақ тіліндегі) қалаушы ғалымдарымыздың бірі екендігі аталды;
5. С.Жиенбаевтың лексикологияның жеке ғылыми сала ретінде қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу объектісі етіп алынуына алғаш қадам жасаушы екендігі дәлелденді, сонымен қатар оның сөздік жасау мақсаттары мен принциптерінің ғылыми бағдарламасын алғаш жасаушы екендігі айқындалды.
6. С.Жиенбаевтың өзіне дейінгі әдебиеттерде сөз болып көрмеген грамматика және грамматикалық категорияларға байланысты жалпы лингвистикалық мәселелерді көтеруі, қазақ тіліндегі сөздерді тапқа бөлуді сол тұрғыдан қарап шешуді ұсынуы, яғни қазақ тіліндегі сөздерді

таптастырудың теориялық негізін салушылардың бірі екендігі оның ғылымдағы жаңашылдықтарының бірі ретінде танылды;

7. Жай сөйлемге қатысты пікірлері талданып, оның ішінде үйірлі мүшелерге қатысты айтқан пікірлері түбегейлі талданып, сын көзбен қараған кісіге үйірлі мүшелер туралы ғалымның тұжырымдары қазіргі қалыптасқан түсініктерге, бірді-екілі келіспеушіліктері болмаса, негіз болғанын айқындадық. Сонымен қатар, арнайы зерттеу еңбектері болмаса да, жалпы синтаксис мәселелеріне арналған еңбектерінде ғалымның сөйлемдегі сөздердің байланысы, сөйлем мүшелерінің қызметі, атаулы сөйлемдер туралы айтқан пікірлер шоғырына талдаулар жасалып, оңы-солы ажыратылады;

8. Құрмалас сөйлемдерге қатысты ғалымның пікірлеріне шолу жасалып, түсінік берілді, ғалымның ұстанған бағытының, ой-толғамдарының мәні замандастарымен, қазіргі қазақ тіліндегі қалыптасқан пікірлермен, түркітанудағы өріс алған пікірлер ағымдарымен салыстырыла, салғастырылып, қателіктерінің себептеріне талдау жасалып, қазіргі қазақ тілі синтаксисінде әлі де болса өзекті пікірлері атап көрсетілді.

9. Қазақ тіл білімінің ғалым араласқан салаларына тоқтала келе, оның қазақ тіл білімі тарихындағы алатын үлес салмағы айқындала түсті, оның қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі екендігін дәлелдей түсетін айғақты пікірлер ұсынылды, қазақ тіл біліміндегі орны көрсетілді.

Қазақ тіл білімінің негізін салушылар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, Х.Басымов, С.Аманжолов, Н.Т.Сауранбаев т.б. ғалымдарымызбен бірге С.С.Жиенбаев та қазақ тіл білімінің теориялық мәселелерінің ғылыми негіздерін қалыптастыруға өзіндік үлесін қосты. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелеріне қатысты ғалымның ой-пікірлері ауқымды мәселелерді шешуге негіз болса, оның кейбір ұсыныстары көптеген көкейтесті мәселелерді шешуге бастама, қозғаушы, түрткі болды. Ғалымның жекелеген ғылыми идеялары - әлі де болса өзектілігін жоймаған, түбегейлі зерттей түсуді талап ететін, ой салатын дүниелер. Атап айтқанда, әліпбиді реформалау, яғни әріптердің мөлшерін азайту, емлені тіліміздің ішкі заңдылықтарына сай қайта құру, сөз алды оңашаланған айқындауыштарының синтаксистік, стильдік табиғаттарын ашу мәселелері күн тәртібінен түсті деп айтуға болмайды. Ғалым мұраларын талдау барысында ғылыми мұраны арнайы зерттеу объектісі етіп алу маңыздылығы айқын көрінді. Жұмыстан алынған нәтижелерді қазақ тіл білімінің тарихын жазуда, тіл білімінің ғалым қалам тартқан салаларын зерттеу барысында пайдалануға әбден болады деп ойлаймыз. Сонымен қатар қазақ тіл білімі саласында зерттеу жүргізіп жүргендердің салыстыру материалы ретінде кейбір ұғымдардың табиғатын түйсінуіне септігін тигізері сөзсіз. Және де жұмыс

нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде арнайы курстар мен семинарларда, «Қазіргі қазақ тілі» пәнінен оқылатын дәрістерде, оқулықтар мен көмекші құралдар жазу істерінде пайдалануға болады деп ойлауға толық негіз бар.

Жұмысты жазу барысында алынған нәтижелерімізге сәйкес мынандай тұжырымдар ұсынылды:

1. Қарастырылған нақты еңбектерге, қалыптасқан теориялық негіздерге, тілдік фактілерге сүйене отырып, С.С.Жиенбаевтың әліпбиге қатысты, емленің кейбір мәселелері жөніндегі айтқан ұсыныс, пікірлерінің дұрыстығын, пунктуацияның негізін салушылардың бірі екендігін, сөздерді таптастыру жөніндегі жаңашылдығын, мекен пысықтауыш пен толықтауыштарды ажыратуда ұсынған критеріінің дұрыстығы, т. б дәлелдеу;
2. Қазіргі кезде басқаша қалыптасқан үйірлі мүшелерге, құрмалас сөйлемдердің жіктелуіне, т.б. мәселелерге қатысты тұжырымдарының негізсіз емес екенін ғылыми әдебиеттер мен тілдік фактілерге сүйене отырып, дәлелдеп беру, қателіктері болса олардың объективті, субъективті себептерін түсіндіру;
3. С.С.Жиенбаевтың синтаксис саласындағы алатын орнына берілген ғалымдардың бұрыннан белгілі бағаларын толықтыра, айқындай түсу, оған қосымша ғалымның назардан тыс қалып келген қазақ тіл білімінің өзге салаларындағы еңбектеріне тиісті бағасын беру, 30-40 жылдардағы қазақ тіл білімінің дамуына қосқан үлесін көрсету;
4. Жалпы қазақ тіл біліміндегі ғалым мұраларының алатын орнын анықтау, т.б.

Жұмыстың тақырыптық ерекшеліктеріне сай, осы тектес зерттеу жұмыстарында, тіл білімінің жекелеген салаларының зерттелу тарихына тоқталғанда қолданылған әдістерді негізге ала отырып, зерттеудің жетекші әдісі ретінде сипаттау әдісін алу қажеттілігі туды. Сонымен қатар, бұл әдістің әдебиет тарихында кеңінен қолданылып жүргені мәлім нәрсе болып табылады. Жұмыстың тарихилық сипаты аталмыш әдістің жұмысымызға негізгі әдістерінің бірі етіп алынуына басты себеп болды, жұмыстың нәтижелі болуы да осыны талап етті. Баяндау әдісі де материал жөнінде жалпылама түсінік қалыптастыру мақсатында, ғылым жөнінде өмірбаяндық шығармашылық деректерді жеткізгенде, т.б. кеңінен қолданылды. Салыстыру әдісі, қажетті мәліметтерді жинақтау, талдау, қорыту, тарихи салыстырма әдістері де жұмысымызда кеңінен қолданылды. Зерттеу әдістерінің әр қилылығы, жұмыс барысында пайдаланылған қазіргі тіл білімі мен С.Жиенбаевтың тұжырымдарын, оның тұтастары еңбектерімен, жалпы түркітанудағы пікірлермен, т.б. салыстыру барысында, ғалым пікірлерін дәлелдеу не оның пікірлеріндегі қайшы тұстардың

мәнін ашу барысында, оның ұсынған ғылыми тұжырымдарының өзектілігін айқындаудағы қажеттіліктерден туындап отырды.

Сонымен қатар, орыс тіл білімінде ғылым тарихына қалам тартып жүрген ғалым Будагов Рубен Александровичтің еңбектеріндегі талдау әдістерін жұмысты орындау барысында негізге алынып отырғанын атап өткіміз келеді (Будагов Р.А. Введение в науку о языке. М., 1965 ; Сонікі – Из истории языкознания . М., 1954 ; Сонікі – Язык, история и современность. М.,1971.).

Ғалымның еліміздің тарихында алатын орны, қоғамдық, ғылыми қызметтері және ұстаздық жолдары туралы, оның қазақ тіл біліміндегі орнын айқындайтын негізгі ғылыми жаңашалдықтары туралы республикалық ғылыми-көпшілік «Ақиқат» журналының 1995 жылғы мамыр айындағы санында «Тағылым» атты мақала, ҚР ҒМ-ҒА Хабарларының қоғамдық сериясының 1997 жылғы 2-нөмірінде ғалымның әліпби мен емле мәселелеріне арналған «С.Жиенбаев және әліпби мен емле мәселелері» атты мақала, ҚР Білім және мәдениет министрлігіне қарасты Ы.Алтынсарин атындағы білім проблемалары институтында шыққан ізденушілер мен аспиранттар жинағында (1997 жыл) «Айқындауыш мүшелер туралы» атты мақала, республикалық ғылыми-әдістемелік «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының 1997 жылғы 11-12 сандарында «С.Жиенбаев сөз таптастыру принциптері туралы» атты мақала, ҚР ҒМ-ҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында Ізденушілер мен аспиранттар жинағында «С.Жиенбаев және лексикология мәселелері» атты мақала (1997), Қызылорда Гуманитарлық университетінің 60 жылдық мерейтойына шығарылған жинақта «Ғылым тарихы туралы бірер сөз» (1997) мақала жарық көрді. Сонымен қатар Қызылорда Гуманитарлық университетінде 1995,1996 жылдары өткізілген ғылыми, ғылыми-әдістемелік конференцияларда жұмыс мазмұнына сая баяндамалар жасалынды.

Ұсынылып отырған еңбек кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, С.С.Жиенбаевтың еңбектерінің библиографиялық көрсеткішінен және қосымша пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

С.ЖИЕНБАЕВТЫҢ ӨМІРБАЯНЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Зерттеу нысаны етіп алынып отырған қазақ тіл білімі мен әдістемесінің негізін салушылардың бірі **Сейіл Сарықұлы Жиенбаев** 1895 жылдың 1 мамырында (кейбір әдебиеттерде 1896 жыл деп қате берілген) Орынбор облысының Бөрте ауданына қарасты 2-ші ауылда дүниеге келген. Алғаш ауылдық мектепте оқып, қазақша, орысша хат таниды. 1910-1912 жылдары Бөртедегі екі кластық училищені, ал 1912-1916 жылдары Орынбор қаласындағы мұғалімдер дайындайтын мектепті бітіріп шығады.

Еңбек жолын 1917 жылдың қысында Ақбұлақ уезінің Талды облысындағы Сазды мекенінде мұғалімдік қызметтен бастаған ол, сол жылдың күзінен бастап өзі туып-өскен ауылдағы мектепке ауысып, онда 1921 жылға дейін оқытушылық қызметін жалғастырады. 1921 жылдан бастап Орынбор қаласындағы қазақ мектептерінде, өлкелік кеңес-партия мектебінде, үгіт-тәжірибе мектебінде, мұғалімдер институтында дәріс береді.

1925 жылы Орынбордағы әскери мектепте оқытушы болып тағайындалды. Мектеп жабылғасын Шымкент қаласына келіп, осындағы педтехникумға ұстаздық қызметке орналасты. Білімге деген құштарлық оны 1928 жылы Алматыға алып келді. Оқытушылық қызметін жалғастыра отырып, Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтында сырттай оқып, білімін ұштай түседі.

1929 жылы Қазақстан Өлкелік Оқу комиссариатында ғылыми қызметкер болып алынады, сонымен қатар Алматыдағы жоғары дәрежелі мектептер мен ғылыми-зерттеу мекемелеріндегі бірқатар қызметтерге араласты.

1931-1935, 1937-1939 жылдары Қазақтың Ауыл шаруашылығы институтында, 1935-1937 жылдары Қазақтың Ұлт мәдениеті институтында және КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалында, 1939-1942 жылдары Қазақ ССР Оқу комиссариаты жаныдағы ғылыми-зерттеу институтында (қазіргі Білім проблемалары институты), Абай атындағы педагогтік институтта, Қазақ Мемлекеттік университетінде оқытушы, зерттеуші, сарапшы-маман қызметтерін қоса атқарды.

1942 жылы КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалында әдебиет және тарих институты құрылып, наурыздың 23-інде осы институттың тіл секторының меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл кезеңде кезек күттірмейтін іс-шаралардың бірі – халқымыздың тілін, әдебиетін және тарихын кешенді зерттеуді жолға қою. Осы зор міндетті орындау үшін ұйымдастыру жағынан да, ғылыми жағынан да тіл секторына көп жауапкершілік жүктелді. Қазақ тілінің академиялық сөздігін (түсіндірме сөздік), орысша-қазақша сөздікті, қазақ тілі орфографиясының ережелерін жасау қажеттілігі туындады. Осы келелі жұмыстарды басқару,

ұйымдастыру С.С.Жиенбаевқа тапсырылды, талантты тілші-ғалым бұл міндетті абыройлы атқарды да (бұл жөнінде алда кеңірек тоқталамыз).

С.С.Жиенбаевқа тіл секторына басшылық еткен кезеңде қазақша-орысша сөздіктің екі томы жарияланды, қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне көптеген материал жиналып, картотекалар жасала басталды (бұл жұмыс 1935 жылы басталып, оған да С.Жиенбаев атсалысқан-ды), бірінші томы дайындала бастады, орфографияға байланысты көп жұмыстар атқарылды.

1942-1945 жылдар қазақ тіл біліміндегі зор сілкініс, өрлеу кезеңі болды. Осы жұмыстарға белсене араласып, ғылыми орталықтың қалыптасып, нығаюына көп еңбек сіңірді, ғылыми күштерді аталмыш мәселелер төңірегіне шоғырландырып, өзінің іскер басшы, кең өрісті ғалым екенін таныта білді.

1945 жылы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ғылымға сіңірген ерекше еңбегі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Сейіл Сарықұлы Жиенбаев 1945 жылдың 5 мамыр күні 50 жасында қайғылы қазаға ұшырады.

Ұстаздық қызметін 1916 жылдан, ғылыми-зерттеу жұмыстарын 1930 жылдан бастаған ол, 29 жылдық педагогикалық және 15 жылдық ғылымдағы қызметі барысында артына ірілі-уақты 100-ге тарта еңбек жариялап, қазақ тіл білімі, әдістемесі мәселелеріне қатысты мол мұра берді.

Академик И.И.Мещанинов КСРО-ның Жоғары дәрежелі мектептер ісін басқаратын бүкілодақтық комитетіне жолдаған хатында: «С.С.Жиенбаев қазақ тілін зерттеуші, ең байсалды ғылыми қызметкерлердің қатарына жатады», - деп, ғалым еңбегін жоғары бағалаған болатын. Ғалымның ғылымдағы алатан орны туралы М.Балақаев, Т.Қордабаев, Қ.Есенов, Р.Сыздықова, Б.Кәтембаева, И.Ұйықбаев, М.Серғалиев және басқалардың айтқан пікірлерінің өзі – оның қазақ тіл білімінің негізін салушылар қатарындағы сүбелі еңбегін айқындайды.

С.С.Жиенбаев – ғылыми көзқарастары байсалды, қарымы кең, жан-жақты білімдар ғалым. Ол түркі тілдері жөніндегі ғылыми еңбектермен жете таныс болған. Туыстас татар, башқұрт тілдерін жақсы білген, орыс тіліне жүйрік, неміс тілін өздігінше оқып үйренген.

Сейіл Жиенбаевтың ғылымдағы тырнақалдысы – 1931 жылы Қызылорда қаласында шыққан педтехникумдарды сырттан оқитындарға арналған «Қазақ тілі» оқулығы (Қазақ тілі. Педтехникумдарға арналған бір жылдық оқу дәрісі. 1931 . Қызылорда). Кітап он сабақтан тұрады. Көлемі – 68 бет. Кітапта берілген материалдардың мазмұны кәдімгі сабақ көлемінен әлдеқайда кең мәселелерді қамтиды. Мұғалімдерге кеңірек білім беруді көздеп, тілдердің классификациясына, қазіргі түрік тілдеріне, оның ішінде қазақ тілінің алатын орны мен маңызына кең шолу жасаған. Қазақ тілінің қыр-сырымен қатар, қазақ жазуларының тарихы туралы әңгімеленіп, жазу үлгілері берілген. Сондай-ақ, С.Жиенбаев Б.П.Есипов пен Н.К.Гончаровтың жазған «Педагогика» кітабының (Б.П.Есипов, Н.К.Гончаров. Педагогика. Алматы. 1950 ж.) қазақша аудармасындағы «Ана тілі» бөлімін жазған.

Ғалым мұраларының ішінде, оның ғылыми мекемелермен, жекелеген ғалымдармен әр түрлі мәселелерге байланысты жазысқан хаттары елеулі орын алады. Олардың қатарында КСРО Ғылым академиясы Тіл және ойлау институтымен, профессор Н.А.Батмановпен жазысқан хаттары, С.Мұқанов пен Х. Сембаевқа балалар әдебиеті туралы жазған ашық хаты – көңіл аударарлық дүниелер.

Ғалымның редакторлық қызметі мен рецензияларының өзі – бір төбе. С.С.Жиенбаев 1942 жылы қазанның 30-ында С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде «Құрмалас сөйлемдерді таптастыру принциптері» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Ресми оппоненттері академик И.И.Мещанинов пен Исмет Кеңесбаев С.С.Жиенбаевтың бұл еңбегіне жоғары баға берген.

1942 жылдың 28 желтоқсанында КСРО Ғылым академиясы Президиумының № 23 қаулысы бойынша Мәскеудегі Тіл және ойлау институты ғылыми кеңесінің мүшесі болып сайланған, ал 1944 жылдың көкегінде доцент атағын алды.

С.Жиенбаев қазақ тіл білімінің аталып жүрген кезеңінде кенже қалған салаларының бірі – лексикологияның ғылыми курсы жасаудың көш басында тұрды. Оның жазған докторлық диссертациясының тақырыбы: «Қазақ лексикасының мәселелері» деп аталған. 1944 жылдың 19 тамызынан докторант болған ол, 1945 жылдың қыркүйегінде диссертациясын қорғауға тиіс-тін, алайда объективті себепке байланысты қорғауға 4 ай қалғанда, бұл мәселе кейінге қалдырылды.

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сейіл Сарықұлы Жиенбаевтың қазақ тіл білімі саласында жазып қалдырған мұралары сан алуан. Олар – қазақ әліпбиі мен емлесіне байланысты ұсыныстары, пунктуацияға қатысты еңбектері, қазақ тілі лексикасы жөніндегі жұмысы, сөздіктерді жасау принциптері туралы нұсқауы, сөздерді таптастыру туралы және жекелеген сөз таптары туралы (мысалы, зат есім мен етістік, сын есім туралы), сөйлем мүшелерінің талас мәселелері – топтастырылуы, орын тәртібі туралы ойлары, ұсыныс-пікірлері, сөйлемнің үйірлі мүшелері («Үйірлі мүше» деген терминді енгізген – С.Жиенбаев. ескерту - біздікі) туралы мақалалары, оңашаланған мүшелер туралы мақалалары, сөздердің тіркесуі, жай сөйлем түрлері жөніндегі, құрмалас сөйлем туралы, олардың таптастырылуы, ерекшеліктері, жіктелуі турасындағы зерттеулері; тіл тарихы жөніндегі пікірлері; аударма проблемалары жайында; қазақ тілі әдістемесі мәселелеріне байланысты еңбектер шоғыры; сауат ашу, бастауыш, орта, арнаулы, жоғары дәрежелі мектептерге арналған оқулықтары, оқу құралдары мен оқу бағдарламалары, т.т.

С.С.Жиенбаев мұраларымен таныса отырып, оның жан-жақты дамыған дарынды ғалым екенін мойындамасқа болмайды. Ғылым аренасына елеулі дайындықпен келген оның тіл білімі, оның ішінде қазақ тілі жөніндегі ілім жолын жетік меңгергендігін байқауға болады. Қазақ тіл білімінің қайнар бастауында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ғалымның еңбектерін ерекше бағалап (әрине, бұл жерде сол кезеңде қолға алынған салаларды ғана айтып отырмыз), атауға тұрарлық.

С.С.Жиенбаев өмірінің соңғы жылдарында лексикология мәселелерімен шұғылдана бастаған-ды. Өкінішке орай, ғалымның бұл саладағы еңбектері баспа беттерін көріп үлгермей, із-түзсіз жоғалып кеткен. Қазақ тіл білімінің ақсақалдарының бірі – М.Балақаев өзінің «Зерде баспалдақтары» атты кітабында бұл туралы ашына айтқан болатын. Көп тақырыптқа қалам тарқанымен, өкінішке орай, оның қазақ тіл біліміндегі орны тек қана жай және құрмалас сөйлем, қазақ тілінің әдістемесі саласындағы еңбектерімен шектеліп жүр.

С.С.Жиенбаевтың ғылыми мұралары ол туралы шын мәніндегі грамматист, фонетик, лексиколог, әдістемеші деп атап көрсетуге құқық береді. Осыған орай, ғалымның ғылыми мұралары жөніндегі зерттеуімізді мына жүйеде таныстырғанды жөн көрдік:

I ТАРАУ. ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ МЕН ЕМЛЕСІ, ПУНКТУАЦИЯ, ЛЕКСИКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЛЕКСИКОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

Лексикология мен лексикография
Әліппе мен емле
Біріккен сөздердің емлесі жайлы
Пунктуация мәселелері
Ғалымның лексикологияға қатысы
Сөздіктер жасау ісі

II ТАРАУ. С.С.ЖИЕНБАЕВТЫҢ ГРАММАТИКА САЛАСЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРІ

С.Жиенбаевтың морфология саласындағы еңбектері
С.Жиенбаевтың жекелеген сөз таптарына байланысты пікірлері
Үйірлі мүшелер туралы
Айқындауыш мүшелер
Құрмалас сөйлем синтаксисі

I ТАРАУ. ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ МЕН ЕМЛЕСІ,
ПУНКТУАЦИЯ, ЛЕКСИКОЛОГИЯ ЖӘНЕ
ЛЕКСИКОГРАФИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ.

ӘЛІПБИ ЖӘНЕ ЕМЛЕ

С.С.Жиенбаевтың ғылымдағы ғұмыры қазақ жазуы тарихындағы екі реформаға: 1928 жылғы араб әліпбиіне негізделген жазудан латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуына көшуі мен 1941 жылғы латыннан кириллица негізде қазақ жазуына көшуі кезеңдеріне сай келеді. Қазақ тіл біліміндегі ғалымдардың ат төбеліндей аз тобының бел ортасында болған С.С.Жиенбаев та қазақ жазуын реформалау, жетілдіру, сонымен қатар емле ережелерін қалыптастыру жұмыстарына белсене қатысты.

Жиырмасыншы жылдардағы араб графикасына негізделген қазақ жазуын жетілдіру жұмыстары А.Байтұрсынұлы бастаған зиялы қауым өкілдерінің күшімен іске асырылса, латын графикасына негізделген қазақ жазуына көшуде бұл жұмысқа негізінен тілші-ғалымдар араласа бастады. Араб графикасына негізделген жазуда емле ережелері мен тыныс белгілері көп қиындық келтірмесе, жаңа әліпбидің ерекшелігі тілшілер алдына бұл екі мәселеге қатысты көптеген жаңа проблемалар қойды. Емле мен пунктуацияның, практикалық және теориялық грамматиканың негіздерін қалау – 30-жылдардағы негізгі атқарылған жұмыстар. Дегенмен, бұл кезеңді қазақ тіл білімінде «практикалық кезең» деп те атаушылық бар. Емле ережелерінің едәуір толығып, қалыптасып, бір ізге түсе бастауы да осы 30-жылдар үлесінде. Сондықтан да, әліпби мен емлеге қатысты Қ.Жұбанов, Ш.Х.Сарыбаев, М.Балақаев, Ғ.Бегалиев сынды замандастары еңбектерімен қатар С.С.Жиенбаевтың да қолтаңбасы бар.

«Социалды Қазақстан» газетінің 1935 жылғы 5 қыркүйегінде жарияланған «Әліппе мен емленің кейбір мәселелері туралы» деген мақаласында С.Жиенбаев консонанттық принцип негізінде «ы», «і» әріптерін сөз ішінде түсіріп қолдану жөніндегі ұсыныстарға өз көзқарасын білдіреді. Ол ұсыныстар мыналар:

1. «ы», «і» әріптері бітеу буында жазылмасын. Мысалы: «қыс» орнына «қс», «мылтық » орнына «млтқ», «мысық» орнына «мыск» деп жазу арқылы бірталай артық әріптерден құтылып, оқуды жеңілдетуге болады.
2. «ы», «і» әріптерін тұйық буында жазбаса да болады. Сонда, «скылат», «станса», «Сталин», «Рғыз» деп жазатын боламыз. (тұйық буын сөздің басында ғана келеді).
3. Шет сөздерде «ы» мен «і» сөздің дыбысталуын бұзып, жалпыға бірдей болып жазылатын интернационалдық сөздерді өз жазылуынан алыстатып жібереді. Сонда «метр», «Маркс», «грам», «програм», «трес» деп жазатын боламыз. Бұл сөздердің орысшасына үйреніп қалған адамдарға оңай болады.

С.Жиенбаев бұл үш ұсыныстың біріншісі және үшіншісімен келіспей, екіншісін дұрыс деп табады. Енді дәлелдерін келтірейік: «егер «ы» мен «і»-ні бітеу

буында жазбаймыз десек, онда баяғы араб әліппесі кезіндегі күйге қайта түсеміз. «Қырғыздың» орнына «қрғздн» деп жазамыз, сонда арапша «әлһмд» деп жазып, «әлһәмду» деп оқығаннан еш айырмашылық болмайды. Бірінші ұсыныстың өте-мөте келмейтін жері мынау; онда «қрғз» дегенде «ғ» - дан кейін «ы» жазбаймыз да, ал «қрғзы» дегенде жаңағы жазылмайтын жерімізге қайтадан әкеліп «ы» жазамыз».

Жалғамалы тілдерге жат мұндай ұсыныстарды академик Маррдың «Тілдердің дамуындағы сатылылық (стадиялық) принциптері» (тілдер даму барысында бір сатыдан екінші сатыға өтеді, мысалы, жалғамалы тілдер қалпынан қопармалы тілге, одан келесіге) деген іліміне сүйене отырып жасаған сияқты, бұл ілімнің дұрыстығын жоққа шығармайды. Бірақ та, «қазақ тілі жалғамалы сатыдан өтіп барады деп қоюға дәлел жоқ сияқты. Қай сөзді алсақ та, жалғау, жұрнақ жалғанғанда түбірін жоймайды, түбірі өзгермейді. (қорғасын-қорғасыны, көмір – көмірі, үлкен – үлкендер, т.б). Олай болса, «ы» - ға келгенде түбір өзгереді деу дұрыс емес. Сөздің жай түрі «қызл» болып, төрт әріптен құралып, тәуелді түрге келгенде, 4 әріпті 5 әріп қылып «қызылы» деп өзгертудің еш қисыны жоқ,-» дейді.

С.Жиенбаев шетел тілінен енген сөздерге өз алдына ереже бермей, қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сәйкестендіріп жасауды ұсынады. Мысалы, метр емес – метір, грам емес – гірам, трест емес – тірес. Өзбек ағамыз айтқандай, «орыс болу үшін алдымен қазақ болу керектігі» рас та-ау. Өзге туыстарымызға қарағанда, орыс тілінің заңдылықтары тілімізде көптеу белең алған. Латын графикасына көшкен жағдайда, бұл – ойланарлақ жайт.

Тұйық буындарда «ы» мен «і» әріптерін түсіріп жазу жайында мынадай ереже ұсынады:

1. «Сөз басында «ы» мен «і» өзі жеке буын болып келгенде ғана жазылады (мәселен, ы-дыс, ы-рыс, т.б.), басқа жерлерде жазылмайды»¹
2. Өзге тілдерге қарағанда қазақ әліпбесінде әріптер саны өте көп (орыстарда – 36, ағылшындарда -26, арабтарда – 25). Жоғарыда аталған мақалада С.Жиенбаев қазақ әріптерінің санын азайту мақсатында а-ә, о-ө, v(ыу) – у (іу) жуанды-жіңішкелі жұптардың тек жуан сыңарларын қолдануды, жіңішкелерін айыру дауыссыз дыбыстардың меңгеруіне байланысты болсын, ал мүмкін болмаған жағдайда сөз алдына апостроф (дәйекше) қою арқылы ажыратуды ұсынады.

Әліпбидегі әріп-таңбалардың санын қысқарту туралы ұсыныстар академик Н.Т.Сауранбаевта да бар (Ә.Құрышжанов. «Н.Т.Сауранбаев». А-ты, 1974 ж., 28 б.). Ол ә-ө-у-ү- әріптерінің орнына я,ю,у,е таңбаларын (сірә – сіря, дән-дян, жүн-жен, күн-кюн), һ әрпінің орнына а және х әріптерін (жаһан-жаан, уһ-ух) қолданып, әліпбидегі 41 әріпті азайтып, 36 әріпке түсіруді ұсынады. Бұл тектес ұсыныс С.Аманжоловтың жаңа әліпби жобасында да орын алған (С.Аманжолов. Орыс графикасын негізделген қазақтың жаңа әліппесі. А-ты. 1940 жыл).

Сонымен қатар, «ист» қосымшасының (коммунист сөзінен басқасы) тек қазақша баламасын алуды ұсынады (мысалы: тракторист емес – тракторшы, машинист емес – машинашы, марксист емес – маркстіл, ленинист емес – лениншіл). Қазіргі емлемізде бұлар әр түрлі қолданылып жүр.

Латын графикасы кезіндегі емле ережелеріне байланысты «Халық мұғалімі» журналының 1940 жылғы №7-8 санында жарияланған С.Аманжоловтың 5-6 кластарға арналған грамматика кітабына берген рецензиясында да «ы», «і» әріптерінің емлесі туралы пікірлері бар. Мұнда ол мұрын, ерін, орын, ауыл, ауыз сияқты сөздердегі «ы», «і» әріптерінің жазылмауына қарсы шығады. «Бұлардың ойын, жайын, ауыл, дауыл сөздерінен еш айырмашылығы жоқ, екі сонор дыбыстың арасындағы қысаң «ы», «і»-лерді жазу немесе жазбауға ол дыбыстардың тәуелдік жалғауда түсіп қалуы негіз болмауы керек, ал бар-жоғы дүдәмәл жауырын, топырақ сияқты сөздердің емле сөздігінде тізімі берілсін» -дейді (Халық мұғалімі. №7-8. 1940ж.). Сонор мен қатаң дыбыстар арасындағы қысаң дауыссыздардың түсіріліп жазылуына қарсы шығады. (мысалы: халық-арық, мүлік-түлік, ерік-берік, т.т).

Сонымен қатар, тәуелдік жалғауы жалғанғанда «ы», «і» әріптері түсіп қалатын сөздер кей қолданыстарда бұл ережеге бағына бермейтінін дұрыс көрсеткен. Мысалдарына назар аударыңыз:

- 1.Халық (бұл жерде кісі аты) – Халығым, балам!
- 2.Түлік десе, түлігін,
Мүлік десе, мүлігін (Жамбыл).

Қазақ тілі орфографиясының 1983 жылғы толықтырылған негізгі ережелеріндегі «Түбір сөздердің жазылуы» деген тараудың 18-параграфында: «Орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады» делінсе, 19-параграфында: «Араб-парсы тілінен енген сөздер өзгеріп, сол қалыптасқан қалпында жазылады,-» деп берілген (Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы.1988 ж.). Шын мәнінде, қай шетел тілінен енген сөз болмасын, тілімізге дыбыстық өзгеріссіз қабылдау мүмкін емес. С.Жиенбаев сөзімен айтсақ, «сөз мағынасы дауыс ырғағына сай құбылатын» қопармалы тілдер мен қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын күштеп сәйкестендіре алмаймыз. Орыс тілінің прогрессивті рөлін мойындасақ та, оған берілген артықшылық - «ұлы халықтың» қас қабағына қараудан, өзіміздің «саяси белсенділігімізден» туған ба деп ойлаймыз.

Еліміз тәуелсіздігін алып, «арқа сүйер» орталықтың құрсауынан құтылғасын, көптеген орыс тілі арқылы енген сөздер қазақ тіліндегі баламасымен жазыла бастады. Мысалы: совет-кеңес, колхоз-ұжшар, совхоз-кеңшар, самолет-ұшақ, зоология-жануартану, председатель-төраға,(төрайым сияқты «женский родты» қолданып жүргендер де баршылық), хирург-оташы, конституция – ата заң, адвокат-қорғаушы, космос-ғарыш, т.б. Кейбір сөздер қазақша транскрипциямен беріліп жүрсе (завод-зауыт), ал кейбіреулері жарыса қолданылып жүр (станция-

станса-бекет). Аталған мәселенің практикалық жағына келсек, орыс тілінен енген сөздерді оқушыларға игерту қиындық келтіріп жатады. Орыс тілі арқылы енген сөздердің қазақшалауға келе бермейтіндері, негізінен, ғылыми терминологияға байланысты, пассив қолданылатын сөздер, бұл салада ғылым тілін ана тілімізде сөйлету үшін жұмыстар атқарылып жатыр. Ал актив лексикадағы шетел сөздердің қазақша баламасын фонетикалық транскрипциясы арқылы қолдану мүмкіншіліктері де жоқ емес.

Түркиядан келген қазақтар біздің «босоножки, шлюпки» деп жүргендерімізді «терлік» деп атайды екен. Осы сияқты ойға қонымды баламаларды неге қолданбасқа. Диалектизмдерді әдеби тілдің қорын толықтыратын көздердің бірі екендігі белгілі. Профессор М.Балақаев та: «Әдеби тілді дамыту мақсатымен онда баламасы жоқ диалектизмдер мен кәсіби сөздерді барынша мол пайдаланып, оны әдеби тілге енгізуге әбден болады. Мысалы: дақыл, жүйек, атыз, собық, сүдігер, оңтүстік аймақтарда қолданылатын кәсіби сөздерді әдеби тілге енгізудің еш сөкеттігі жоқ» (М.Балақаев. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А-ты. 1981 ж.) деген жоғарыда айтылған ойға саятын соны пікір айтады.

Араб графикасынан латын графикасына көшкенде елеулі пікір таласы өріс алса, латыннан орыс графикасына негізделген әліпбиге көшу, негізінен, жарлық пәрменімен жүзеге асырылды. Яғни кириллицаға көшу дұрыс емес еді деген пікірлер жоққа тән (бұл жерде сол кездегі баспасөз материалдарын негізге алып отырмыз – ескерту біздікі).

Бұл кезеңде тілші–ғалымдар алдында бір ғана міндет – қазақ жазуына орыс әріптерін қалай пайдаланған тиімді болады, оның жолдары қандай деген мәселе тұрды. Бүкілодақтық жаңа әліпби комитеті орыс әліпбиін түгелімен алуды міндеттейді. Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуының жаңа жобасын С.Аманжолов жасады.

Осы жоба жөніндегі С.Жиенбаев пікірі – көңіл аударарлық. Пікір алысу ретінде жарияланған «Социалды Қазақстан» газеті 1940 жылғы 25 тамызындағы «Проектінің кейбір мәселелері жөнінде» атты мақаласында ол бұрын қолданыста болмаған диффуз (қосарлы) ч, ц, щ, я, ю дыбыстар, орыстардағы «ы» әрпі, жіңішкелік (ь), айырым (ъ) белгілері және й (шолақ й) туралы көзқарастарын білдіреді:

1. Орыс тілінен енген қосарлы дыбыстар туралы айта келе, олардың ғылыми тілде диффуз дыбыстар (ажыратылмаған), дауыстылары-дифтонг, дауыссыздары-африкаттар деп аталатынын айта келіп, олардың табиғатын түсіндіреді.

Ғылым тарихында яфетедология деп аталатын академик Марр салған ғылыми ағым болғандығы мәлім. Тілдердің дамуындағы стадиялық (сатылылық) принципке сай түсіндіру тіл білімінің сол кезеңдегі методологиялық негізі болатын.

Енді жоғарыдағы мақалаға келейік. Яфетедология ілім бойынша, қосарлы дыбыстар – табиғи даму сатысының көрінісі. Тілдің дамуы барысында бұлардың ара жігі ажырап, жеке дыбыстарға айналады. Орыс тіліндегі қосарлы дыбыстарды қабылдау яфетедологияға жат, яғни кері процеске жол ашады деп, ол әріптердің тілімізге енгізілуіне қарсы болады. Ал Жетісу қазақтарының тіліндегі африкат дыбыстар тек жергілікті ерекшелік қана, жалпылық сипаты жоқ дейді.

2. «Я» әрпі туралы. Орыс тіліндегі «я» әрпі «й» мен «а» дыбысының жіңішке түрі ретінде қолданылатынын айтып, оған С.Г.Бархадуров грамматикасындағы ережені келтіреді: «Гласные звуки а,о,у,э в начале слова, после гласных и после твердых согласных обозначаются буквами а, о, у, э. После мягких согласных звуков (кроме о, ч, ц) то же гласные обозначаются буквами я, ю,е,е. Например: мал-мял, лук-люк, нос-нес, беда-бэда, т.д

Примечание:

1. В начале слова , после гласного звука, а так же после букв «ь», «ъ» буквы я,е,ю,е обозначают два звука: я-йа, е – йе, е – йо. Яма, юг, ель, моя, твою, уехал, мое, объединение, съезд, дью, житье».

Осы мысал негізінде «я» әрпі – орыс тіліне ғана тән табиғи құбылыс, орыс тілінде дауысты дыбыстың жіңішке түрін көрсететін әріп. Мысалы, «а»-ның жіңішкесі жоқ. Соныдықтан қазақ тілінде Күлян, Күляш деп «ә»-нің орнына «я»-ны қолданудың қажеті жоқ дейді.

«Я» әрпінің орыс тілінен енген сөздерде жазылуына да сын көзбен қарайды. Түсініктірек болу үшін таблицаға түсіріп көрейік:

Мысалдар	Қосымшалы түрі	Еуропаша жазылуы
Азия	азиатский	Азия
Армения	-----	Армения
Валенсия	-----	Валенсиа
Олимпия	олимпиада	Олимпиада

Осыған сәйкес, жаңа әліппеге көшкенде де премиа, терреториа, Азия, алдиар, Мухамедиар, пиала, Дүриа, миа, Разиа ыңғайында жазуды ұсынады.

Көсемшенің –а жұрнағы жалғанған сөздерді оқытуда көп қиындық келтіретінін, той-а, жой-а, сой-а түрінде жазған дұрыс деп есептейді.

Осындай ерекшеліктерді есепке алып, ол «я» әрпін қазақ тіліне енгізудің көп қажеттігі жоқ, енгізе қалған жағдайда мынандай ережелерді ұстануды ұсынады:

1. «Я» әрпі қазақтың байырғы сөздерінде жазылмайды;
2. «Я» әрпі орысшасында бірде «ия», бірде «йа» болып келетін жерлерде жазылмайды. Мысалы: Азия-азиалық, Азиада ; индустрия-индустриялық, индустриалы;

3. Орыс сөздерінде «я» әрпі жіңішке «а» дыбысының таңбасының есебінде жұмсалатын жерлерде ғана жазылады (ондай сөздердің тізімі емле сөздігінде берілсін)(Көрсетілген мақала)
4. «Ю» әрпі туралы пікірі де осындай. Мәселен, «ю» әрпінің орыс тілінде қосынды «э+у» дыбыстарының және жіңішке «у» дыбысының белгілері ретінде қолданылады. Тұйық етістіктің –у жұрнағы бар-у, ал-у, біл-у деген сөздерде жеке форма ретінде көрінсе, енді бірде ою, (ой-у), тою (той-у), сою (сой-у) деген сөздерде жеке форма ретінде көрінбейді. Соған сәйкес:
 1. «Ю» әрпі қазақ сөзінде жазылмайды;
 2. Терминдерде де, негізінен осы күнгі (латын графикасы кезіндегі – Б.Б) емле бойынша жазамыз (блуминг, бюджет, сужет);
 3. Кейбір терминдерде й+у арқылы, немесе «у» арқылы көрсетуге келмеген жерлерде жазылады. Ондай сөздердің тізімі емле сөздігінде көрсетіледі(Бұл да сонда)
 4. «И» әрпі. Орыстың «ы» дыбысын қазақтың «ы» дыбысымен теңестірем деушілік қазақ тілінің дыбыс системасын жоққа шығару болып табылады. Сонымен қатар, орыстың «ы» дыбысын да бұзып айтуға жол ашады(Көрсетілген еңбек) – деп , екі дыбыстың ара жігін ашуды ұсынады.
 5. Жіңішкелік белгісі (ь) туралы. Қазіргі қазақ тілінде жуанды-жіңішкелі жұптардың бар болуына байланысты , бұл белгіні тілімізде қолданудың керегі жоқ дейді. Қазіргі кезде орыс тілінен енген сөздерде қолданып жүрміз.
 6. «Й» (шолак) туралы. «Горький» сияқты сөздердің соңындағы «й» - ді жазудың керегі жоқ. Орыс тіліндегі «кий» деген сөздің (биллиардтың таяғы) қазақ тіліндегі «ки» (киін, киім) етістігінен еш айырмашылығы жоқ, тек емлені қиындатады(Бұл да сонда).

Міне, жоғарыдағы С.Жиенбаевтың ц,ч,я,ю,ы,ь,ь,й әріптері туралы пікірлерінің маңыздылығы латын әрпіне негізделген жазу кезіндегі емледе, сол кезеңдегі тіліміздің әуезділігін, дыбысталу тазалығын, өзіндік қолтумалылығын (своеобразность языка) орыс тіліне негізделген жаңа әліпбиге көшкенде де сақтап қалуға ұмтылуында деп білеміз. Жоғарыда сөз болған әріптердің тілімізде кеңінен қолданылуы орыс тілі мен қазақ тілдерінің өзіндік дыбысталу ерекшеліктерінің арасындағы шекті әлсіретті. Жеткіншектеріміздің сөйлеу тілінде бұл ақаудың орын алып жүргені де рас.

Біріккен сөздердің емлесі жайлы. Сөздердің бірге не бөлек жазылуы – емлеміздегі шешімін толық таппай келе жатқан мәселелерінің бірі. «Орфографиядағы өзге қиындық бір басқа да, құрама сөздердің жазылуындағы қиындық бір басқа деуге болады.» (Н.Уәлиев,....Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. А., 1988 ж. 55 б.). «Емле ережесін қанша қамтыдық десек те, таразының басы қайда ауса, сол ережеге айналып, жазу нормасы болған тұстары

да жоқ емес.» (М.Балақаев. Қазақ әдеби тілі мен оның нормалары . 1984 . 157 б.). Шындығында да «жазуда қиындық туғызып келе жатқан жай ереженің өзі емес, сол ережеге бағынатын біріккен сөз категориясын ажыратуда болып келе жатыр» (Р.Сыздықова. Емле және тыныс белгілері. А-ты. 1996 ж. 15 б.)

Жоғарыда айтып өткеніміздей, емле ережелерінің негізін қалау 30-жылдар үлесіне тиді. Профессор Қ.Жұбанов 1935 жылы жазған бір мақаласында біріккен сөздердің жазылуында қате көп кететінін, бұл мәселеде таластың көп екендігін сөз еткен болатын (Х.Жубанов. Исследование по казахскому языку. А-ты. 1996 г., стр. 165)

Аталмыш проблемаға байланысты С.Жиенбаевтың да «Тағы да біріккен сөздер емлесі жайлы» (Халық мұғалімі.1940 ж.7-8) атты мақаласында біраз сындарлы пікірлер баршылық. Тіліміздің құрылымдық жүйесінде, методологиялық негіздерінде «аға тіл» әсерінің немесе өзіміздің сол тілге көп әсіреленуіміздің нәтижесі жоқ деп айта алмаймыз. Бұған, әрине, грамматикамыздың орыс тіл білімі негізінде жасалғандығы, орыс тілі грамматикасының бірден-бір баламасыз үлгі алар көз болғандығы себеп болса керек. Ал, тіліміздің ішкі заңдылықтарын туыстас тілдермен, тіл тарихымен салыстыра зерттеу – 50-жылдардың жемісі.

Сөзжасамның өнімді түрлерінің бірі – біріккен сөздердің емлесі мәселесінде де орыс тілі емле ережелерін таза калькалаудың үлгісі ретінде 30-жылдар оқулықтарындағы мына ережені алуға болады: «Екі сөз қосылғанда (біріккенде) бір мағына беретін болса, сондай сөздер біріккен деп есептелсін де, бірге жазылсын» (Көрсетілген мақала.1940) С.Жиенбаев «бір сөзбен айтуды бір мағына берудің негізгі белгісі етіп қолдану» тілімізге сай келе бермейтінін, орыс тілінде сөздер дәнекер арқылы тұлғасын өзгертіп біріксе, қазақ тіліндегі сөздер біріккенде тұлғалық не сапалық өзгеріске, негізінен, түспейтінін дұрыс көрсеткен. Мәселен, орыс тіліндегі сельское хозяйство – сельскохозяйственный, красное знамя – краснознаменный, единая кровь – единокровный, весь союз – всесоюзный деп біріккен сөздерге сәйкес ауыл шаруашылығы, қызыл тулы деген сөздердің қосылып жазылуына келіспейді. Дәлел ретінде мынау тектес сөздер тізбегін береді:

1. Ауыл шаруашылығы – мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, орман шаруашылығы, т.т.;
2. Қызыл тулы – қызыл орамалды, қос орденді, т.т.;

Ал, бүкіл союздық (бүкілодақтық – Б.Б) деген сөзді бірге жазатын болсақ, бүкіл қалалық, жалпы қалалық сияқты бөлек жазылып жүрген сөздерге де осындай принципті ұстауды ұсынады. Бүкілодақтық, жалпыхалықтық тектес сөздер 1957 жылғы ереже бойынша бөлек жазылып келсе, соңғы ережелерде бірге жазылуы дәстүрге айналған сөздер ретінде қабылданып отыр.

Біріккен сөздерге қатысты соңғы сөздікте де емле ережесіне қайшы келетін даулы жерлер жоқ емес. Бұнда бозторғай, қараторғай бірге, ал осы сияқты суық

торғай, қара қарға, ала қарға деген сөздер бөлек жазылған. С.Жиенбаев осындай олқылықтарды жою үшін бұл сөздерді бөлек жазуды ұсынған. «Себебі – дейді ол – мұндағы анықтауыш болатын сөздер: боз, қара, ала, суық - бәрі де анықтауыштық қызметінен айрылған сөздер емес» (Көрсетілген мақала. 1940 ж.) Қазіргі кезеңде бұл сөздерді бірге немесе бөлек жазу жөнінде қарама-қарсы екі көзқарас бар. Біріншісі – бозторғай, қараторғай, т.б. сөздерді қосып жазайық, оның себебі, біріккеннен соң олар (біріккен компоненттер) бастапқы синтаксистік қатынасын жойып, жаңа лексикалық мағынаға ие болады, яғни бұрынғы мағыналық дербестігін, лексика-грамматикалық мағыналарын, бұрынғы синтаксистік қатынасын да, байланысын да жояды, жаңа сапалы сөзге айналады дейді (Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасам жүйесі. А., 1983 ж. 206-207 б.). Сонымен қатар, бұл жаңа сөздердің көпшілігі бастапқы ұғым-қатынастарын мүлде жойып жібермейді, әр қайсысының бастапқы мағыналарын (жігін ажыратқанда) айқын ұғуға болады, біріккен құрамда ол мағыналары, әсіресе, грамматикалық мағыналары күңгірттенеді де, жаңа ұғым, жаңа мағына пайда болады деген дүдәмалдау қорытынды жасап, сол ыңғайда біріккен сөздерді – семантикалық байланысын үзбей жасалған біріккен сөздер (баспасөз, келіссөз, бозторғай, қараторғай, т.т.), мағыналық байланысы күңгірттенген, немесе мүлдем жойылған біріккен сөздер (бізтұмсық, қырықаяқ, т.т.) деп екіге бөледі (Көрсетілген еңбек. 210 б.). Бұрынғы дау тудыратын сөздер - бірінші тобындағылар. Бұларға қарсы пікірді қолдаушылар құрамындағы әр сөздің лексикалық мағыналары, тіпті, лексика-грамматикалық мағыналары да айқын дейді. Ұстанатын дәлелдері де С.Жиенбаев пікірлерімен үндес. Бұл жерде осы екі пікірдің қайсысы дұрыс деп төрелік беру емес, солардың жазу тәжірибемізде қалай қалыптасқанының, әлі де болса, объективті, субъективті себептерін зерттеу керек сияқты.

Жоғарыда аталған мақалада С.Жиенбаевтың әр, еш, бір түбірлері арқылы жасалатын біріккен сөздерге бұйыланысты көтерген мәселелері қазіргі емле ережелерімізде ара жігі ашылып, шешімін тапты.

Ойын қорытындылай келе, ол біріккен сөздерге мынадай ережелер ұсынады:

1. Кісі аттары қосылып жазылады.
2. Ауыл, жер-су аттары қосылып жазылады;
3. Жеке айтылмайтын, тек қосылып айтқанда ғана мағына беретін сөздер немесе жеке-жеке айтқанда басқа мағына беретін сөздер қосылып жазылады.

Бұл ережелердің алғашқы екеуі толықтырылып бекіді де, соңғысы қазіргі құрама сөздер деп аталып жүрген сөздерге ортақ қасиет ретінде қалыптасқан.

Ақтөбе, Ақтау, Ащысай, Алатау сөздерінің жазылуы мен айтылуы бірдей. Ал Сарыөзек, Қандыағаш, Қараөзек сияқты сөздердің айтылуы мен жазылуындағы алшақтықты жою үшін сөздердің тұлғасын өзгертпей біріктіру принципін қайта

қарауды ұсынады. Қараңыз: «Сөз бірікпеу керек. Біріксе, оның жігі жоғалып, онан әрі кіруге жол ашылуы керек.». Соған сәйкес кісі аттарын айтылуына сай Амангелді, Балгүміс, Меңдіғара, Ерғазы деп кіріктіріп жазуды ұсынады. Кіріккен сөз жөнінде де М. Балақаев: «... екі сөздің бірігуі нәтижесінде іштей морфемалық, дыбыстық өзгерістерге ұшырап, әбден жымдасып, тұтасып кеткен күрделі (біріккен) сөздің бір түрі» - дейді. Сонымен қатар, «біріккен сөздердің бірігуі арқылы тіпті дара тұлғаға айналуы тілімізге тән құбылыстардың бірі» (М.Балақаев. Көрсетілген еңбек). Олай болатын болса, қатаң морфологиялық-таңбалық принцип жоғарыдағы айтылған тілімізге тән біріккен сөздердің кірігу процесіне кедергі жасап, емле ережесіндегі қиындықтарды көбейтуге себепші болып отыр деп ойлаймыз.

Қазіргі қазақ тіл білімінде еліміздің тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет болып орныға бастауына байланысты жазуды орхон, латын әліпбилеріне көшіру жөнінде ғалымдар пікірлері өрістеп келеді. Олармен қатар жазудың қазіргі кириллица әліпбиі негізінде қала беруін қолдайтын пікірлер де жоқ емес. 30-жылдары латын әліпбиі арқылы жазылған әдебиеттерді оқи отырып, осы әліпби негізінде қазақ әліпбиіндегі әріп таңбаларының санын елеулі түрде азайтуға болатынын, сонымен қатар осы графиканы қолдану арқылы батыс өркениетінің жетістіктеріне жеңілірек қол жеткізуге болатынына көз жеткізген сияқтымыз. Осы ыңғайда 30-жылдардағы емле ерекшеліктеріне қайта үңілудің өзектілігі байқалады.

Ал, емле мәселелері бұл тақырыпта қалам тартып жүрген жекелеген ғалымдардың (Р.Сыздықова, Н.Уәлиев, т.б.) еңбектерінде болмаса, жалпылық, бұқаралық сипаттан қалып барады.

ПУНКТУАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ тілінің пунктуациялық жүйесі мен негіздері орыс тілінің пунктуациялық үлгілерін басшылыққа алу арқылы қалыптасып келгені белгілі. «Пунктуация» деген терминнің мағынасы кең ауқымды. «Ол – тіл туралы ілімнің бір тарауы, тыныс белгілерінің қолданылуы туралы ережелердің жиынтығы және де сол белгілердің жүйесі, олардың графикалық бейнеленуі туралы ілім . Пунктуация тіл туралы ғылымның бір тарауы ретінде ережелер жүйесін, тыныс белгілерінің құрамы мен қызметтерін зерттейді» (В.В. Бабайцева. Русский язык. Синтаксис и пунктуация. Стр.253)

Тыныс белгілерінің қолданылуы халқымыздың тарихының ерте қойнауларынан орын алады. Мәселен, көне және ескі жазба ескерткіштерінде бір сөзді екінші сөзден айыру үшін қызмет атқарған тыныс белгілерінің элементтері кездеседі. Өткен ғасырдың аяғынан бастап сөйлемдердің ара жігін айыруға арақидік сызықша (--), әр түрлі жұлдызшалар (*) сияқты шартты таңбалар қазақ баспасөзі беттерінен орын ала бастайды. Тыныс белгілерінің қазақша текстерден орын ала бастауын ХІХ ғасырдың орыс миссионерлерінің еңбектерінен кездестіруге болады. А.Қазембектің «Түрік–татар тілі грамматикасында » бірді–екілі сызықша, жұлдызшалар кездесе, В.Радловтың «Образцы народной литературы тюрских наречий» атты еңбегінде тыныс белгілерінің бірқатар түрлері кездеседі (үтір, нүкте, тырнақша, сұрау белгісі, қос нүкте, сызықша). Бірақ, П.М.Мелиоранский, В.Катаринский еңбектерінде (В. Катеринский.Мелиоранский Грамматика киргизского языка. 1897 г. Краткая грамматика казах –киргизского языка, 1897.)

тыныс белгілері қолданылғанымен, пунктуациялық жүйе сақталынбаған. 1915жылы шыққан «Жазу қағидалары» деген кітапшада тыныс белгілерінің жеті түрі аталып көрсетілген. Бұларда да пунктуациялық жүйе сақталынбағанымен, пунктуациялық сараптаудың алғашқы нышандары көріне бастады.

Тыныс белгілеріне байланысты 30-жылдары баспасөз беттерінде мақалалар жиі жарық көре бастады. Олардың ішінде Ш.Х.Сарыбаевтың мақалалар циклін атауға болады («Ауыл мұғалімі». 1938 ж. N 7-8.«Қазақстан пионері» мамыр, 1947 ж.). Ол өзінің бірінші мақаласында тыныс белгілерін оқыту процесіндегі бірізділікті сақтаудың қажеттілігін айтса, екінші мақаласында тұрлаулы мүшелердің арасына қойылатын сызықша туралы ережелер ұсынған. Ал үшінші мақаласында қаратпа сөздердің тыныс белгілері туралы бірден-бір дұрыс ережелер берген. Қазақ тіл білімі ақсақалдарының бірі Х.Басымов «Сөйлемнің тыныс белгілерін дұрыс жаза білейік» (Х. Басымов. «Ауыл мұғалімі». 1939 ж. №1-2.) деген мақаласында көп нүкте, сұрау, леп белгілерінің қойылатын орындары және олардың қажеттілігі туралы түсінік беруді мақсат тұтқан.

Сонымен қатар, С. Жиенбаевтың аталған мәселеге қатысты екі мақаласы қатарласа жарық көрді. «Тыныс белгілері» деп аталатын бұл мақалаларының алғашқысында («Ауыл мұғалімі». 1938 ж. №7-8.) үтірдің қойылу ерекшеліктерін сөз етеді. Мұнда ол тыныс белгілері толық зерттелінбей келе жатқан салалардың бірі екендігіне, тыныс белгілерінің мағынаны ажыратудағы алатын орнына, тыныс белгілерінің синтаксистік категория екендігіне назар аударады. Біздіңше, мақаладағы басты жаңалық бірыңғай мүшелердің бір тектес

мүшелер ретінде танылуы. «Аудандық атқару комитеті» деген тіркестегі асты сызылған анықтауыш сөздердің «комитеті» сөзін бірі көлемі, екіншісі қызметі жағынан анықтап тұр, яғни олардың қызметтері бір текті, сондықтан олар үтір арқылы ажыратылмайды дейді. Бұлайша қатар келген сөйлем мүшелерін бір текті, әр текті деп атау тілімізде қалыптасқан жоқ. Ал бірыңғай мүшелердің жоғарыда аталған әр тектес мүшелерден айырмашылығы дұрыс көрсетілмеген. Бірыңғай мүшелердің арасында шылаулардың қолданылуындағы тыныс белгілеріне қатысты ерекшеліктерді белгілі бір дәрежеде атап көрсетеді. Сонымен қатар, үтірдің салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерде, қаратпа сөздерде, одағайларда, қыстырма сөздер мен айқындауыш сөздерде қолданылуына анықтамалар береді. Салаластардың қатарында қазір үлестес аталып жүрген сабақтас құрмаластың түрі де қарастырылған, сабақтас құрамаластардың үтір арқылы ғана айырылатыны атап көрсеткен. Ғалымның тыныс белгілеріне арналған екінші мақаласында («Халық мұғалімі». №17-18, 78-94 беттер. 1939 жыл.) үтірдің қолданылуымен қатар, оған қосымша сызықшаның қолданылу ерекшеліктеріне анықтамалар берілген. Бұл мақаласында ғылым тыныс белгілерінің маңызына, тыныс белгілерінің синтаксистік категория екендігіне баса назар аударған. Үтірдің қолданысына байланысты алдыңғы мақалада айтып өткен бірыңғай мүшелердің арасына үтірдің қойылатын тұстарына, салалас құрмалас сөйлемдердің, айқындауыш мүшелердің, қаратпа сөз, қыстырма сөз бен қыстырма сөйлемдердің ішінде келетін үтірлердің қолданысына тағы да тоқталып өтеді. «Найманның асыранды бұлбұл құсы – Сараның айттырармын барлық сырын» дегендегі асты сызылған сөзді сызықша арқылы айыру керек дейді. Бұл тұста анықтауыш пен айқындауыш мүшелердің ара жігі анықталмаған, үтірдің қойылуы қате. Сондықтан болар, үтірге байланысты айтқан пікірлеріне өз көзқарастарын білдіріп отырады, өз пікірлерін солармен салыстыра дәделдейді. Бұл ыңғайда баспасөз беттеріне жазылған пікірлер мен ұсыныстарға, мәселен, айтқандарына, әр түрлі бағдарламадағы берілген ережелерге сын көзбен қарайды.

Сызықшаның, бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылуын жақтық көрсеткішті айқындау үшін қажеттілігін дұрыс көрсеткен. Мысалы:

1. Мен пионермін
Сен пионерсің
Ол - пионер
2. Алай елі –тауда жүрген, жай жатқан, анқау ел (Асқар)
3. Бұл келе жатқан отрядтың командирі – Болат дейтін жігіт.
4. Ана келе жатқан – біздің колхоздың малы.

Ш.Х. Сарыбаевтың : «Ол –зергер Сәлімді көрді.

Ол зергер - Сәлімді көрді.

Ол – мұғалім Әлімге келді.

Ол мұғалім - Әлімге келді.»

деген мысалдарындағы (Ш.Х. Сарыбаев. «Ауыл мұғалімі». №7-8. 1938 ж.) екінші сөйлем мен төртінші сөйлемнің еш айырмашылығы жоқтығын, яғни екіншісіне қойылған сызықшаның төртінші мысалда қойылмағаны негізсіз, айырмашылықтарының жоқтығын ескерте отырып, бұл жерлердегі сызықшалардың қойылуы тиянақсыз, бастауыштың мағынасын контекстік мағынадан айыруға болатынын айтады. Сызықшаның бұл тұрғыда жұмсалуды әр

түрлі қолданылып жүр. Пунктуацияға арналған еңбектерде осы мәселе көп жағдайда қағыс қалып келеді.

Төл сөздегі сызықшаның қолданысына байланысты ғалымның айтқандары қазіргі пунктуациялық ережелерімізде елеулі өзгерістермен қолданылып жүр. Халық әбедиеті туындыларында, тарихи жазба ескерткіш нұсқаларында, тіпті XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы 30 –жылдарға дейінгі баспасөз материалдарының тілдерінде төл сөзбен төлеу сөздерді бір –бірінен айырудың қиыншылық тудыратынын атап кетеді. Төл сөз бен бөгде сөздің ара жігін айырудың қиындықтары: олардың төл сөз бен бөгде сөздің – ара жіктерінің бір – бірімен қабысып кетуінде, төл сөзді сөйлем мен жай құрылымды (төлеу сөзге айналған) сөйлемдердің бір –бірінен мағыналық айырмашылықтарының әлсіздігінде деп көрсетеді. Сонымен қатар , төл сөздің тыныс белгілерінің орыс тілінен айырмашылықтарын атап көрсеткен. Шын мәнінде, қазіргі қазақ тілі мен орыс тіліндегі төл сөздің орналасу тәртібі мен тыныс белгілерінің айырмашылығы шамалы. Осыған сай, оның төл сөзге байланысты ұсынған ережелерінің қолданыстан шығуы да заңды.

«Сызықша бірыңғай мүшелердің жалпылауыш түрі жай түрлерінің арасына қойылады. Жалпылауыш сөз қалған бірыңғай мүшелердің алдына келгенде , екі араға сызықша қоймай, қос ноқат қойса да қате болмайды» (С.Жиенбаев. Көрсетілген мақала) деген ереже ұсынады. Бұл – қазіргі пунктуациялық еңбектерімізде қалыптасқан қағида. Ал:

«Мұхит, дария суларың,
Бұлқынған бұлттай буларың,
Нажағай атқан оқтарың,
Электлі тоқтарың.-

Бағынып тоқсан толғанды (Тайыр, Күн тіл қатты)»(Көрсетілген мақала) – деген мысалдағы сызықшаның қойылуын бұл жерде жалпылауыш сөз (бәрі де) болуға тиісті екендігі айқын көрініп тұр деп түсіндіруі – ойналарлық жайт.

Осы тақырыпта Ә.Хасеновтің (Ә.Хасенов . Тыныс белгілері. А-ты.1951ж.) , Р.Сыздықованың (Р.Сыздықова. Емле және тыныс белгілері.1996ж.), Ф.Мұсабекованың (Ф.Мұсабекова. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. 1959ж. Ф.Мұсабекова. Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы. А-ты. 1977ж.) , Ш.Әуелбаевтың (Ш.Әуелбаев. Пунктуацияның қиын мәселелері. А-ты 1977ж.) еңбектері «жазу мен оқудың негізгі қаруы» боп саналатын, «оқырманға жазу тілін түсінуді жеңілдетуді мақсат ететін» (В.В.Бабайцева. Көрсетілген еңбек. 253б.) тыныс белгілерінің қыр-сырын ұғынуға көмекші ретінде үлкен қызмет атқарды, атқарып та келеді. «тілдің лексикасы мен грамматикалық құрылысында және фонетикалық жүйесінде әр түрлі өзгерістер жасалып, бүтіндей тіл даму күйінде болады. ... Әдетте, тілінің грамматикалық құрылысы өте тұрақты , оның дамуы, онда болатын өзгерістер өте баяу болады. Баяу болса да, тілдің грамматикасының морфология саласында да, синтаксис саласында да өзгерістер болып, тілдің дамуы барысында оның , грамматикалық ережелеріміздің құрылысы жетіліп отырады» (Қ.Аханов. тіл біліміне кіріспе. А-ты 1965ж., 552-553 б.). Олай болатын болса, пунктуациялық ережелеріміз де әрі қарай жетілдіре түсуді, жыл өткен сайын қайта қарап отыруды қажет етеді. Пунктуацияның даму тарихында да тәжірибеден шығып қалған ережелер, ескірген пікірлер бар. Дегенмен, олардың ішінде де, әр түрлі сөз тудырушы формалардың бірде

көрініп, қолданыстан шығып қалатындарымен қатар, жаңарып, қазіргі кезеңде активтеніп, өнімді қызмет атқара бастағаны сияқты, сол кезеңде қолданылған тыныс белгілік ережелердің қайтадан актуальді болуы ғажап емес. Өткенді ой таразысынан өткізіп, қазіргі кезеңдегі пунктуация негіздерін одан әрі жетілдіре түсуге пайдаланған жөн бе деп ойлаймыз. Осы ретте 30-40 жылдардағы тыныс белгілеріне байланысты тілшілеріміздің, оның ішінде С.Жиенбаевтың пікірлерінен мынауы дұрыс, мына жері дұрыс емес деген сияқты сыңар жақты қарамай, ол ұсынған ілімнің қажетімізге жаратуға болатынын екшеп алуды мақсат тұттық.

Қазақ тілінің пунктуациясына арнап жазылған оқулықтардың тырнақалдысы – С.Жиенбаевтың 1940 жылы жарық көрген «Сөйлемнің тыныс белгілері» (А-ты. 1940ж.) атты кітабы . Бұл еңбек - 1951 жылы А.Ысқақов және Ә.Хасенов авторлықтарымен шыққан «Тыныс белгілері» атты кітабына дейін оқулық қызметін атқарған бірден-бір дүние. С.Жиенбаевтың аталған кітабында жоғарыда сөз болған екі мақаласы жинақталып берілген, сонымен қатар екінші бөлімі оңашаланған мүшелерге арналған. Алдыңғы мақалаларындағы тыныс белгілеріне қатысты материалдардан ерекшелігі: біріншіден, тыныс белгілеріне қатысты алынған мысалдары толықтырылған болса, екіншіден, пунктуация негіздері туралы арнайы сөз болады. «Текстің негізі элементі - сөйлем» (С.Жиенбаев. Көрсетілген еңбек. 3 б.) –деп, тыныс белгілерін сол сөйлем аясында қарастырады, сөйлемнен тыс тыныс белгілерінің қарастырылуы мүмкін емес деген байламға келеді. Пунктуациялық білім тілдің синтаксисін жете білумен тікелей байланысты ғана меңгерілетініне баса назар аударады.

Еңбектің негізгі тұжырымы интонация басты амалдардың бірі екендігіне тоқталып , «Дауыс ырғағы – сөздің сөйлемде тұрғандағы мәнісіне байланысты, сөйлемдегі сөздердің өзара байланысынан туатын мәселе. Әсіресе, сөйлем болмаған жерде жеке сөзді ақырын, қатты айтудың ешбір мәнісі, ешбір қажеттілігі жоқ»(Көрсетілген еңбек 3 б.) - дейді. Алайда, интонацияны тыныс белгілерін тудырушы негізгі фактор ретінде қарамайды, тыныс белгілері туралы мынандай тоқтамға келеді: «Сөйлемдегі сөздердің арасында түрліше кідіріс болады – бірде аз, бірде көп. Олардың бәрі бірдей тыныс белгісі арқылы белгілене бермейді. Тыныс белгісі негізінде сөздердің синтаксистік байланысына сәйкес қойылады . Басқа жерлердегі тыныс (пауза) сөздің мағынасынан байқалады. Тыныстың ешбір жазба белгімен көрсетілмеген жерлері толып жатыр» (Көрсетілген еңбек. 3б.) . Жалпы айтқанда , С.Жиенбаев тыныс белгілерінің қойылуын сөздердің синтаксистік байланысына қатысты шешеді. Оның пікірінше, «Тыныс белгісі, негізінен, сөздердің синтаксистік байланысына сәйкес қойылады»(Көрсетілген еңбек. 3 б.).

Автор бұл еңбегінде өзіне дейінгі оқулықтарда қалыс қалған немесе өзі келіспейтін пунктуациялық ережелерге көбірек назар аударып, бұрынғыларды қайталамауды мақсат етеді .

Аталмыш кітаптың екінші бөлігі «Сөйлемнің оңашаланған мүшелері туралы» (Көрсетілген еңбек. 21-27 б.) деп аталады. Осы аттас мақаласы «Халық мұғалімі» журналының 1939 жылы 14-нөмірінде жарық көрген-ді, кітапқа, негізінен, сол мақала қайталанып басылған. Бұнда алдыңғы мақаладан гөрі сөз алды айқындауыш мүшелері туралы ойларын толықтырып, олардың тыныс белгілік ерекшеліктерін талдап көрсетеді. Қазіргі кезеңде дейін арнайы зерттеу

нысаны болмай келген оңшаланған айқындауыштардың бұл түрі туралы ғалымның синтаксиске қатысты мұраларын әңгіме еткенде толығырақ тоқталатын боламыз.

ҒАЛЫМНЫҢ ЛЕКСИКОЛОГИЯҒА ҚАТЫСЫ

Лексикология саласындағы ғалым еңбектері онша көп те емес. Солай бола тұрса да, 1945 жылы 8 мамырда «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған қазанамаларда (оған ірі-ірі мемлекет, ғылым және өнер қайраткерлері қол қойған) С.С.Жиенбаевты қазақ тіл біліміндегі, оның ішінде лексикология саласындағы көшбасшы ғалым ретінде ерекше атап көрсеткен («Соц.Қаз.», «Каз. правда» газеттері. 1945ж. 8мамыр.). Қазақ тіл білімінің бұл саласына қатыстылығын ғалымның 1944 жылы 1 қыркүйекте жазған өмірбаянындағы мынандай жолдар айғақтайды: «Припомяная периоды в моей трудовой деятельности, я бы хотел отметить нашу работу над академическим словарем. Работа была начата еще 1935 году и в процессе своего зигзагообразного движения способствовало (и требовало) усилению внимания вопросам казахской лексики (его прошлому, настоящему и всему ходу исторического развития). И именно работа над академическим словарем больше всего обусловила избрание мной вопроса, как вопрос лексики казахского литературного языка» (ҚР ҒМ-ҒА архиві. С.С.Жиенбаевтың жеке іс-қағаздары.).

Қазақ тілі білімінде лексикологияға байланысты ғылыми еңбектер 30-жылдардың екінші жартысынан бастап оқулықтар көлемінде, жекелеген мақалаларда жариялана бастады. Олардың қатарында Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, І.Кеңесбаевтардың есімдері аталып жүр. Ал, лексикологияның қазақ тіл білімінде жете зерттеле бастауы – 50-жылдардан кейінгі кезең жемісі. Бұл ыңғайда Ғ.Мұсабаев, І.Кеңесбаев, К.Аханов, Ә.Болғанбаев, Ә.Әбдірақманов, С.Омарбеков және т.б. білімпаздарымыздың есімдері аталады.

Қолда бар архивтік материалдарға жүгінсек, С.С. Жиенбаев өмірінің соңғы жылдары лексикология саласында да зерттеу жүргізген. Ғылым докторы атағын алу үшін дайындаған «Қазіргі қазақ әдеби тілінің лексикалық құрамы» атты диссертациялық жұмысы мынадай бөлімдерден тұрған:

1. Тілдің сөздік құрамы және оның өзгеру жолдары, тіл туралы жаңа ілім аясындағы тілдің лексикалық даму заңдылықтары (Кіріспе бөлім).
2. Қазіргі қазақ әдеби тілі, оның жалпы сипаттамасы. Қазақтың халық ауыз әдебиеті жаңа әдеби тіліміздің қайнар көзі екендігі.
3. Қазақ тіліндегі лексикалық топтар (кәсіби лексика, өндірістік-техникалық лексика, қоғамдық лексика және т.б.), олардың дамуы. Ішкі және сыртқы әсерлер.
4. Қазақ тіліндегі кірме сөздер. Шығыс тілдерінен және орыс тілінен енген сөздер. Қазақ тіліндегі ғылыми және техникалық жаңа терминология.
5. Орыс тілінен аударма. Аудармалардың грамматикалық және лексика-стилистикалық формалардың дамуына әсері. Қазақ тіліндегі советизмдер, олардың мінездемелері мен таралу аймақтары.
6. Кірме (кері енген және еуропалық) сөздер мен жаңа сөздердің фонетикалық және морфологиялық мінездемелері.
7. Кейбір қазақ сөздерінің этимологиясына арналған материалдар (қосымша ретінде)(Көрсетілген архив материалдары).

Диссертациялық жұмысы мазмұнындағы жекелеген мәселелерге ғалым әр жылдардағы еңбектерінде қалам тартты. 1931 жылы шыққан «Қазақ тілі»

оқулығында лексиканың тараулары жөнінде, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері жөнінде мәлімет берсе (Педтехникумдарды сырттан оқушыларға арналған «Қазақ тілі», 1931 ж.), «Оқытушы, оқушыларымыз сөз сөйлей білсін» атты мақаласында тіл мәдениеті мәселелері жөнінде пікірлерін ортаға салған («Ауыл мұғалімі».1931 ж.,№7, 30-32 б.)

Диссертациясының бір тарауын аударма мәселелеріне арнауы да негізсіз емес. С.Жиенбаевтың аударма ісінің шебері ретінде де қолтаңбасы бар. Ғалым аудармасымен 5 кітап жарық көрген (Аудармалары: Дикштейн. Әркім өз еңбегімен тұра ма? Орынбор. 1924 ж., Бухановский. Американы тану. Қызылорда. 1936 ж., Н.К.Крупская. Бірінші басқыш мектепке қандай әліпби керек. 1930 ж.). Қазақ тілін үйренушілерге, орыс мектептеріне арналған қазақ тілі оқулықтарының қазіргі уақытқа дейін көріп келе жатқаны оның екі тіл табиғатын жете меңгергендігі болар (Казахский язык. 1996 жыл. «Санат»)

Аударма мәселелеріне арналған «Аударманың тілі туралы» (ҚазССР ҒА Хабаршысы 1946 ж., №4 30-36 бб.) мақаласында саяси, ғылыми, публицистикалық және көркем әдебиет аудармаларындағы сөзбе-сөз аударушылықты мысалдар арқылы сынап, олардағы кемшіліктердің мәнін, себептерін ашып көрсетеді. Атап айтқанда, аударманың дәлдігі туралы: «Бір тілден екінші тілге аударғанда, сол түпкі оригиналда айтылғандар өзгертілмей, дұрыс берілуі керек. Бірақ осы дәлдік деген ұғымды түрлі түсінушілік бар. Автордың айтқан сөзінің ешқайсысын қалдырып кетпей, бәріне де эквивалент тауып, тіпті оригиналдың сөз байланысына дейін сақтау, сөйлемнің сөйлемше (бір сөйлемді бір сөйлем етіп, екі сөйлемді екі сөйлем етіп) аудару – біздегі қазақшаға аудару тәжірибесінде ереже етіп ұсталып жүргендер – осылар, ... эквиваленті табылып тұрғаннан кейін біздің аудармашыларымыз көбінесе сол әзір сөздерді әкеліп, орны-орнына қоя салады. Бұл өзі аударушыға да қолайлы нәрсе, уақытты да көп алмайды. Ал кейбір редакторларымыз басқаша емес, тап осылай беруді керек қылады, құйттай еркіндеу кетсең, оны ауа жайылу деп санайды. Міне осыдан келіп орысшаны қазақшалауға сөзіміз жетіп тұрса да, оп-оңай аударып шықсақ та, аударманың не сөзі ауыр, немесе мүлдем қате болып шығады. Бұлай болатын себебі – сөз де, сөйлем де өлі бұйым емес, бұлар қай уақытта болса да, қандай жағдай болса да, өлшемді жеріне әкеліп қоя беретін кірпіш емес, я машинаның дөңгелегі емес» (Көрсетілген еңбек. 32-б.) - деп, реті келгенде тіліміздің сөз байлығын сарқа пайдалануды, тіліміздің лексикалық, грамматикалық және стильдік ерекшеліктеріне сүйену керектігін айтады. «Дәлме-дәл аудару дегенді сөзбе-сөз аудару деп түсінбеу керек. Аударма дәл, дұрыс болу үшін оригиналдағы сөздің саны, басқа грамматикалық тұлғалары әр уақытта сол қалпынша екінші тілге көшіріле салынбай, жеке сөйлемде айтылған ойды аудару үшін кейде керек болатын өзгеше грамматикалық тұлға мен лексикалық элементтер оригиналдағы сөздің, грамматикалық тұлғаның орнына толық жүре алатын болсын» («Жаңа мектеп». 1930 ж.№12 С.Көбеевтің кітабына сын) - деп аударманың негізгі принциптерін саралап көрсетіп, ондағы орын алған кемшіліктердің мәнін ашқан.

С.Жиенбаевтың сөз өнерінің білгірі екендігіне оның балалар әдебиеті туралы рецензиясы (Оқу кітабы. II жыл үшін. 1937 ж., Оқу кітабы 1935 ж. III жыл үшін), бастауыш мектептерге арналған оқу кітаптары М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, С.Жиенбаев. XIX ғ. мен XX ғ. басындағы қазақ әдебиеті. 7-жыл

үшін 1933 жыл), сонымен қатар Д.Сембаев пен С.Мұқановқа балалар әдебиеті туралы жазған хаттары қуә болса керек-ті. Өкінішке орай, жоғарыда аты аталған диссертациялық жұмысының картотекалық материалдарынан басқа қолжазбалары сақталмаған.

Сөздіктер жасау ісі

Тіліміздің зерттелу тарихына көз салсақ, зерттеушілер, негізінен, оның лексикалық құрамына, сөздердің мән-мағынасына зер салды. Яғни, тіліміз туралы алғашқы еңбектер де сөздіктер болды. Тілімізді зерттеушілердің алғашқы легі Х-ХУ ғасырлар арасындағы тілді зерттеушілер қаламынан туған шығармалардың ішінде Махмұт Қашқаридың «Дивани лұғат ит-түрік» (Түркі тілдерінің жинағы 1052-1070), авторы белгісіз Ідіғұт тізбесі (ҮІІІ-ІХ ғ.), Әбілқасым әз-Земахшаридің «Мухаддимат әл-әдеб» (Әдебиетке кіріспе ХІІ ғ.), Жамал-ад-диннің «Кітаб тәржиман фарси уа турки уа моғоли» (Парсыша, түркіше және моғолша аударылған кітап ХІІІ ғ.), авторы белгісіз «Тәржиман түрки уа араби» («Түркіше-арабша сөздік» 1245 ж), Андалузскийдің «Кітаб бұлғар ал-мұштақ фи лұғат ат-түрік ва-қыпшақ» («Түрік пен қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренушілер үшін жазылған кітап» ХІҮ ғ.), авторы белгісіз «Кітаб – ат-Туһфа аз закия фи-лұғат ат-түркия» («Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық» ХІҮ ғ.), авторы белгісіз «Ал-каванин ал-куллия ли-дабт ал-лұғат ат-түркия» («Түркі тілдерін зерттеу үшін жазылған толық құрал» ХІҮ-ХҮ ғ.), авторы белгісіз «Кітаб ад-дурра ал-мудия фил-лұғат ат-түркия ат-тамам бал-камал» («Түркі тілі туралы жан-жақты және толық аяқталған інжу-маржан кітабы» ХІҮ-ХҮ ғ.) («Ескі түркі жазба ескерткіштері» (ХІ-ХҮ ғ) курсының программасы. Құрастырған Ә.Құрышжанов. 1986 ж 13-26 бб.) және ХҮІ ғасырларда жазылған ескерткіштер ішінде – «Муһадмат ал-лұғатайн» («Екі тілдің айтысы»), «Бадам л-лұғат» (Шағатайша-парсыша сөздік), «Лұғати түрки» (Түркі сөздігі), «Мантахаб ал-лұғат» («Таңдамалы сөздер жинағы»), «Мабан –ил лұғат» (Шағатайша-парсыша сөздік), Фатх Алихан Қаджаридің сөздігі (шағатайша- парсыша сөздік), т.б осы бағыттағы сөздіктер (Көрсетілген еңбек. Қарағанды. 1986 ж . 28 б.), Вильяминов-Зернов 1868 жылы бастырып шығарған белгісіз «Шағатай тілі сөздігі», жоғарыда аталған еңбектер негізінде ХІХ-ХХ ғасырларда жасалған А.З.Будаговтың «Сравнительный словарь турецко-татарских наречий» (1869-1871 жылдар), В.В.Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» (1888-1911 жылдар) атты туындылары да, жалпы ҮІІІ-ХІІІ ғасырлардағы көне жазба ескерткіштерінің тіліне негізделіп 1969 жылы баспадан шыққан «Древнетюрксий словарь» атты күрделі еңбек те түркі тілдеріне ортақ дүниелер, яғни тіліміздің тарихи көздері іспетті.

Қазақ тіліне қатысты кеңес үкіметіне дейінгі жарық көрген сөздіктер, мәселен Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргизского (казахского – Б.Б) языка» атты еңбегінде берілген сөздік, сонымен қатар Ы.Алтынсарин мен Ж.Көшербаев жасаған сөздіктер (Т.Қордабаев. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. 82 б.) қазақ тілін оқып-үйренушілерге арналып жасалған алғашқы бастама болды.

Жалпы лексикография дегенміз – тілдің сөздік қорын түсіндіруші ілім. Лексикография теориясының түп қазығы: сөз туралы ілім, сөз жүйесі туралы ілім, сөздің атқаратын қызметі туралы және мағынасы туралы кең ауқымды зерттеуді қажет ететін ілім екендігінде, сонымен қатар оның практикалық

қажеттілігінде (П.Н.Денисов. Лексика русского языка и принципы его описания. М., 1980, стр. 205)

Лексикография теориясының басты мәселелерінің бірі – типология (сөздіктердің типологиясы). П.Н.Денисов бұл жайында: «Основным вопросом теории лексикографии является типология словарей, которые понимаются в ней абстрактно, как модели, образцы (инварианты) Четыре основные координаты определяют типологию словарей: 1) лингвистическая, 2) психологическая, 3) семиотическая, 4) социологическая. Каждая из этих координат имеет две области приложения: 1) применительно в данному типу словаря, 2) применительно к любому типу словаря» (П.Н.Денисов. Көрсетілген еңбек. 206 б.) – деп түйіндейді. Сөздіктерді жіктеудің лингвистикалық жағының негізгі принципі тілдің лексикалық жүйесін, сөз топтарын және қатарларын, сонымен қатар оларды біріктіретін формальді белгілері мен семантикалық категорияларын әр түрлі аспектіде анализ жасау арқылы айқындау болып табылады. Психологиялық жағының мәні оның (сөздіктің), біріншіден, тілдің иелеріне, екіншіден үйренушілерге және үшіншіден, ЭЕМ-ге тиімділігіне, болмаса ол сөздіктің қажеттілігіне байланысты айқындалады. Семиотикалық жағы сөздіктің барлық таңба проблемаларын, мәліметтерді белгілі бір ретпен жеткізу проблемаларын шешу бағытында айқындалады (П.Н.Денисов. Көрсетілген еңбек. 207 б.).

Ал енді сөздік дегеніміз не? Олар қалай жасалады, оны жасаудың қандай жолдары бар, ол қандай принциптер арқылы жүзеге асады? Бұл сұрақтарға қазақ тіл білімінде лексикологияның білгірі ретінде қалам тартқандардың бірі С.С.Жиенбаев болатын. Тіл, әдебиет және тарих институтының тіл секторы бөлімі алдында алғаш құрылған жылдары тұрған міндет те негізінен сөздіктер жасау ісі, атап айтқанда, аударма, түсіндірме және диалектологиялық сөздіктер жасау істері тұрды. С.Жиенбаевтың авторлығымен 1942 жылы бастауыш мектепке арналған орысша-қазақша сөздік шықса (С.Жиенбаев. Орысша-қазақша сөздік. 1946ж.), осындай орта мектепке арналған 1945 жылы баспадан шыққан орысша-қазақша сөздіктің (С.Жиенбаев, Қоқымбаев. Орысша-қазақша сөздік. 1946ж.) авторларының бірі болды. Сонымен қатар, 1946 жылы бірінші томы жарық көрген екі томдық академиялық орысша-қазақша сөздікке тікелей басшылық етті. 1951 жылы теріліп дайын болған «Қазіргі қазақ тілінің сөздігінің» авторларының бірі болатын. Қазақ тіліндегі лексикографиялық жұмыстың басында тұруы – С.Жиенбаевтың осы салада басшы мамандардың бірі екендігінің дәлелі.

Сөздіктердің ішіндегі негізгісі тілдік түсіндірме сөздік болып табылады. Өзге сөздіктер әр түрлі ерекшеліктеріне қарай (мазмұнына, сөздердің сұрыпталуына қарай, сөздерді сұрыптау тәсіліне, сөз тұлғаларының өңделу көлеміне, материалдардың орналасуына, уақыт талабына, қызметіне, сөздік қамтитын тілдердің мөлшеріне қарай) түсіндірме сөздікке қатысты айырылады. Сөздіктердің ішіндегі негізгісі болғанымен, түсіндірмелі сөздік (бір тілді) өзге сөздіктерден кеш пайда болады (И.С.Козырев. Современный русский язык. 1977.стр.39.) . Яғни түсіндірме сөздік – тілдің, белгілі бір ұлт тілінің әдеби тілі қалыптасып, дамығандығының көрсеткіші және сол тілді иеленуші қоғамның белгілі бір дәрежеде дамығандығының белгісі (Актуальные проблемы учебной лексикографии).

Лексикографияның қызметін 4 топқа бөлуге болады:

- 1) Тіл аралық қарым-қатынасқа байланысты.
- 2) Белгілі бір тілді оқытуға, түсініксіз сөздерді ұғындыруға байланысты
- 3) Ана тілін түсіндіру және нормалауға байланысты.
- 4) Тілді ғылыми сараптауға байланысты. Соған сәйкес лексикография тарихын сөздікке дейінгі кезең, ерте сөздік кезеңі, дамыған сөздік кезеңі деп бөлу кездеседі (Көрсетілген еңбек. М., 1977. стр.14.).

Осы ыңғайда қазақ лексикографиясының тарихи кезеңдерге бөлсек, тікелей қазақ тіліне байланысты қазан төңкерісіне дейінгі орыс миссионерлері дайындаған сөздіктерді бірінші кезеңге, қазан төңкерісінен бастап, 1945 жылдарға дейінгі уақытта екінші кезеңге, яғни ертерек сөздік кезеңіне, одан бергі уақыт аралығын дамыған сөздік кезеңіне жатқызуға болады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау ісі 1935 жылы Қазақтың Ұлт мәдениеті институтында қолға алына бастаса, оның жүйелі түрде іске асырыла бастауы 1942 жылы ҚСРО ҒА Қазақ филиалында Тіл, әдебиет және тарих институты құрылуымен байланысты. Осы институттың тіл секторын басқару ісі де С.Жиенбаевқа жүктелген еді. Тіл секторының кезек күттірмейтін жұмыстарының бірі сөздіктер жасау, оның ішінде қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау болды. Қай тілдің болмасын, түсіндірме сөздіктерін жазғанда, оны жасауға бағыт беретін жобасы, бағыттаушы, нұсқау құжаттары болады. Сөздіктің мақсатын және жасалу принциптерін айқындайтын, бағыт-бағдар беретін бұндай нұсқауды жазу ісі, негізінен, лексикография саласының білгіріне. Осы саладағы жетекші маманға жүктелетіні дау тудырмас.

Қазақ тіліндегі түсіндірме сөздіктің жасалуына бағыт беретін осындай құжатты жасау да қазақ тіл білімінің, сөздік жасау ісінің шеберлерінің бірі – С.Жиенбаевқа жүктелуі жайдан-жай нәрсе емес. Ғалымның «Сөздіктің мақсаты мен жасалу принциптері» (ҚазССР ҒА Хабарлары. Филологиялық серия. 1945 ж.) атты еңбегі бастауын 1942 жылдан алған түсіндірме сөздік жасау жұмысына тірек етер еңбек болды. Жұмыс «Кіріспе», «Сөздіктің лексикалық составы», «Реестрге алынатын сөздер», «Сөздіктің мағыналық және грамматикалық мінездемесі» және «Жазу техникасы» деген бөлімдерден тұрады.

«Кіріспе» бөлімінде академиялық сөздіктің (түсіндірме сөздіктің бұлай аталуы да қалыптасқан. Л.Щерба. Опыт общей теории лексикографии. стр.4) маңызы, сөздіктің түрлері туралы жалпы мағлұмат, академиялық сөздіктің сипаттамасы, олардың шығарылу тарихы, оны жасаудың жалпы принциптері, т.б. мәселелер қамтылған. Академиялық сөздіктің маңызы туралы француз ойшылы Вольнейдің: «Халықтың ең бірінші кітабы - сөздігі» деген қанатты сөзін келтіріп, сөздіктің маңыздылығы – оның халқымыздың ірі мәдени мұраларының біріне айналуы тиістілігінде екендігін баса айтады.

Сөздіктің түрлері туралы: екі тілді, көп тілді сөздіктер, терминология сөздігі, энциклопедиялық сөздік, т.б. деп бөледі. Оның типологиясындағы бірізділіктің болмауы сөздік туралы жалпы мағлұмат беруді мақсат тұтуында болса керек. Осы ретте орысша-қазақша сөздіктің қазақ тілін үйренушілерге, қазақша-орысша сөздіктің орыс тілін үйренушілерге, терминология сөздігі терминдердің мағынасын түсіндіруге арналатынын, ал энциклопедиялық сөздіктің атаулар жайында мәлімет беру мақсатын көздейтінін айтады. Академиялық сөздікті бірінші орынға қояды. Л.В.Щерба да академиялық

сөздікті немесе нормативті-жүйелі сөздікті бірінші орынға қояды (П.Н.Денисов. Очерки по русской лексикографии. Москва. 1974, стр.61).

Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігін жасауда орыс тілінің жасалып жатқан түсіндірме сөздігінің жасалу принциптерін негізге алу керектігін мақұлдағанымен, «Ана тілінің толық сөздігі деген ұшан-теңіз материал және мұндай сөздіктердің жалпыға танылған стандарты да жоқ. Сондықтан негізгі ұстайтын принциптеріміз – сөздігіміздің құрылысын да, мазмұнын да, алдымен, өз тіліміздің ерекшелігіне, соның қасиеттеріне бағындыру болды. Лайығы жоқ жерде басқа сөздіктердің принцибіне ере беруді өзімізге міндет деп санағанымыз жоқ» деп ана тілімізде жарық көргелі отырған түсіндірме сөздіктің негізгі бағыттарын көрсетіп берген.

«Сөздіктің лексикалық составы» атты бөлімде мынандай ерекшеліктерді көрсетіп берген:

- 1) Сөздікке жазба әдебиет материалдарымен қатар ауыз әдебиеті материалдары да түгел енеді;
- 2) Сөздікте диалектілерге де орын бар; бірақ тым шағын аумақты ғана қамтитын, көпшілікке түсініксіз сөздер енбейді;
- 3) Кірме сөздер қолданысының жалпылығына қарай сөздікке енеді, бірақ тілімізде орын тебе алмай, кездейсоқ қолданылған сөздер (жесім, таузағ, тәмсіл, тақдым, т.б.) сөздікке енбейді;
- 4) Терминдерге қатысты, оларға жалпы және арнаулы деп бөліп, олардың жалпыларын сөздікке енгізуді ұсынады;
- 5) Діни атаулардың жалпыға ортақтарын алуды ұсынады (хазірет, имақм, молда, садақа, ораза, т.б.);
- 6) Сөздіктің нормалаушы қызметін негізге алып, кездейсоқ тізбектер, мәселен, простой, конкретный, объективный, корабль, судно, комната, литература, т.б. сөздер жабайы, конкретті, объектив, кеме, т.б. қазақша баламаларымен жазылуы керек дейді;
- 7) Жер-су аттары. Қазақ еліне тарихи мәні бар атаулар ғана сөздікке енуі тиіс;
- 8) Ру аттарына байланысты. Ірі ру аттары, олардың ұрандары, таңбалары, қоныстану аумақтарына сөздікте орын беріледі;
- 9) Кісі аттарына қатысты. Қазақ еліне белгілі атағы бар кісі аттары алынады;
- 10) Мекеме аттарын, жаргон сөздерді алуға болмайды.

Париж университетінің профессоры Ж.Дюбуаның пікіріне сүйенсек, «сөздік тек хабар (информация) емес, орындалуға тиіс бұйрық. Егер сөздік қателессе, оны қабылдаған қоғам мүшелеріне де қателесуге мүмкіндік береді... кейбір құрылымдардың, түсініктердің қалыптасуына жол ашады, кейбір сөздердің қолданысқа түсуіне жолдама береді, оларға заң күшін береді. Сөздіктің материалы – қарым-қатынас құралының тарихи және ұжым ішінде қалыптасқан нәрсе» (Көрсетілген еңбек. Москва, 40-44 б.). Сөздіктің лексикалық құрамына мән берілген бұл бөлімде осы аталғандар ішінара қамтылған. Мәселен сөздік материалының тарихи және қазіргі кезең ескерткіштерінен алынуға тиістігі, сөздік материалының заң күшілік әсері, тілдік ерекшелік, т.б.

3-бөлімде сөздердің реестрге алыну тәртібі (алфавиттік жүйе, мағыналық қатар), реестрге жеке сөздер мен сөзтізбектерінің алыну ерекшеліктері, реестр тәртібінің сақталмайтын тұстары туралы айтылған. Түбірлес сөздердің бір

реестр ұясына кірістіру (жаз, жаз-ыл, жаз-ғыз, т.б.). Мұндай принцип мынандай жағдайларға байланысты дейді:

- 1.) Түбірлес сөздерді бір жерге беру арқылы қазақ тілінің негізгі құрылысы айқынырақ көрінетін болады да, онымен бірге, семантикалық ерекшеліктері де осы тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты екендігі білінеді (жалғамалы тіл);
- 2.) Түбірлес сөздерді бас-басына реестр етіп ала берсек, анықтамалардың көбінде мағыналық байланыс болмай, ылғи қайталауға айналады... «Бірақ түбірлес сөздердің мағыналары жақындығы күштілері ғана бірлестіріледі, басқалары жеке-жеке өз орындарына қойылады. Түбірлес сөздердің мағыналық алыс-жақындығы, біріншіден, жұрнақтың түріне байланысты, екіншіден, сол туынды сөздің мазмұнына байланысты,» - деп, оларды мысалдар арқылы дәлелдеген. Немесе идиомалық тіркестердің реестрге алыну ерекшеліктері туралы: «Ондайлар реестрге алдыңғы сөзінің алфавитімен, я болмаса соңғы сөздерінің алфавитімен беріледі. Бұл жөнінде тізбектегі сөздердің ішінде негізгісі қайсысы екендігі есепке алынады. Мысалы: көз салу, құлақ салу, т.б. немесе бой жеткен, бой билету, т.б.» - деп көрсеткен.

4- бөлімі «Сөздің мағыналық және грамматикалық мінездемесі» деп аталып, онда сөздік мақаласының жазылу жолдары жан-жақты талданып көрсетілген. Мысалдарын қараңыз: Бас.1.Бірдемені үстінен басу, қысу, жаншу; 2. Бірдемені бірдемеге тигізіп алу (мөр басу, таңба басу, т.б); 3. Кітап, газет бастырып шығару; 4. Бірдемені тоқтату, тыю (көңілін басу, желігін басу, мал басу). Қазір-қазірді қараңыз. Қосынды. 1. Қосылғаннан құралған нәрсе (негізгі мағына), қосарлардың жамғысы (математика термині).

«Сөздік картотекасына цитат теру жайындағы инструкция» атты бөлімде сөздік картотекасының анықтамасы, картотекаға цитаттар теру тәртібі, картотеканың мазмұны, картотекаға жазушының мамандануы, цитата алынатын көздер, сөздіктердің материал ретінде қолданылуы, сөздердің қолданылу жиілігіне қарамай алынатындығы, термин сөздердің терілуі, жаңа сөздердің тілімізге ену кезеңі, сөздердің мағыналық таралымына қарай іріктелуі, цитата алынатын әдебиеттерді екшеу мәселесі, сөздің мағынасын айқындаудағы контекстің алатын орны, цитаттың көлемі, цитаттың алыну жолдары, цитаттың қолданылу аясы, сөздің мағынасын айқындаудағы цитаттың маңызы, цитаттың объективтілігі, цитатқа алынатын сөйлемнің таралымды болу шарттылығы, цитатқа алынатын сөйлемнің тым шұбалаңқы болмауы, сөздікке алынған сөздің цитат ішінде орналасуы, цитаттың сапалылығы, цитаттың көлемі, цитатқа енетін сөздердің нормалану дәрежесі, архаизмдердің алынуы, цитатқа енгізілетін сөйлемнің өзгеріссіз алынуы, цитаттың көлемін ықшамдау жолдары, т.б. мәселелер қамтылған.

«Жазу техникасы» бөлімінде карточкалардың сапасы, стандарттары, қара сөз, өлең сөз текстерінің картотекаға толтырылу ерекшеліктері, цитаттың орфографиялық және пунктуациялық ерекшеліктері, таңба (семиотика мәселелері), драмалық шығармалардың картотекаға терілу ерекшеліктері, картотеканың толтырылу тәртібі, жұмысты бастау, оны жоспарлау, т.б. ерекшеліктері сөз болған. Осында ғалым: «Цитат карточкалар жалғыз академиялық сөздікке ғана емес, онан кейінгі де талай мәселе жөнінде іске

жаратылатын деректі документ болып табылады»- деп, көрегендік пікір білдіреді.

Н.И.Фельдман барлық шағын сөздіктерде кездесетін ортақ 20 000 сөз бар деп көрсетсе (Н.И.Фельдман. О специфике небольших двуязычных словарей. Вопросы языкознания. 1952, 2, с.69.), Р.М.Фрумкина жиі қолданылатын 1000 сөз қолданыстарының 60-70 пайыздайында кездеседі (Р.М.Фрумкина. Вероятность элементов текста и речевое поведение. Москва. «Наука». 1971г.) деген пікір білдірген. Ал С.Жиенбаевтың академиялық сөздіктің картотекалық қорына біраздаған материалдардың қалдырғаны белгілі. Олай болса, олар әлі қолданыста деуге болады.

Жалпы алғанда, С.С.Жиенбаевтың «Сөздіктің мақсаты мен жасалу принциптері» атты еңбегі сөздіктің оқырманға немесе пайдаланушыға қажеттілігі мен пайдалылығын, кейбір мағыналардың жан-жақты айқындалуын, бұған дейінгі тәжірибелерді есепке алу жағын, белгілі бір стандартқа сәйкестігін, ой шашыраңқылығын болдырмау, яғни үнемділік жағын, сөздіктің қарапайым тілмен берілуін, тіліміздің сөздік қорын мейлінше толық қамту мәселесін, оның тиімділігін және мағыналық толымдылығын көрсететін қазақ лексикографиясының алғашқы әліпбиі, жолашары болды.

Әрине, жиырмасыншы жылдар мен отызыншы жылдарда жарық көрген кітаптардың, газеттердің, журналдардың, т.б. басылымдардың саны мен сапасында, қарқынында қандай өзгешелік болса, қазіргі кездегілердің де сондай үлкен айырмашылықтары болады. Дей тұрғанмен де, отызыншы, қыркыншы жылдары С.Жиенбаев араласқан академикалық сөздік жасау ісі кейінгі 1959 және 1974 жылы жарық көрген 10 томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігіне» негіз болды. 1988 жылы Мемлекеттік сыйлық алғандармен қатар С.С.Жиенбаевтың да еңбегі бар. Бұл туралы профессор Мәулен Балақаев өзінің «Зерде баспалдақтары» атты естелік еңбегінде айтып кеткенін жоғарыда ескерттік.

Ғалым лексикология саласының ірі маманы деп кезінде аталғанымен, өкінішке орай, оның бұл салада жазған еңбектерін табу әзірге мүмкін болмады. Сонда да болса, жоғарыда біз тоқталып өткен ғалымның лексиканың бірқатар мәселелеріне арнаған еңбектерінің өзі сол кездегі осы саланың зерттелу деңгейіне сай маңызы болды. Демек, лексикология саласында да С.С.Жиенбаевтың белгілі дәрежеде орны болды деу қажет сияқты.

II ТАРАУ. С.С.ЖИЕНБАВТЫҢ ГРАММАТИКА САЛАСЫ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Грамматика саласы бойынша С.С.Жиенбаевтың еңбектерін саралауда оның синтаксис жөніндегі еңбектері баса айтылады да, морфология бойынша пікірлері, тұжырым-толғамдары ұмыт қалып келеді. Синтаксис мәселелері жөніндегі, мәселен үйірлі мүше турасындағы еңбектеріне осы саладағы зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдарымыз бағалы пікір ретінде қайта оралып отырады.

Енді осы екі сала бойынша ғалым еңбектеріне жеке-жеке тоқталайық:

С.С.ЖИЕНБАЕВТЫҢ МОРФОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Қазақ тілі морфологиясының зерттелуіне шолу жасау барысында оларды үш кезеңге бөлушілік барын байқадық. Сол ыңғайда жіктесек:

1) Кеңес дәуіріне дейінгі кезең. Бұл кезең қазақ оқушыларын сауаттандыру мақсатында емес, негізінен, миссионерлік бағытта, яғни қазақ халқын отарлау үшін тілін меңгеру бағытында жұмыс істелді. Сол ыңғайда тіліміздің өзіне тән морфологиялық заңдылықтар орыс тілінің заңдылықтарына, яғни орыс тілі ережелеріне үйлестіріле баяндалған. Сонымен қатар бұл еңбектер қазақтар үшін емес, орыстың қазақ тілін үйренбекші болған отарлаушылар үшін, орыс оқушылары үшін жазылған оқулықтар болды. Онда жеке-жеке сөз таптарының неліктен дербес сөз табы болып табылатыны, олардың лексика-грамматикалық сипаттары назардан тыс қалып отырды да, оларды жазушылардың ең басты көңіл бөлген мәселелері сөздердің өзіндік құрамдары мен олардың қандай жұрнақтар арқылы жасалатыны, әр түрлі жалғаулардың сөзді түрлендіруге қатысы болды. Демек, авторлардың негізгі мақсаты сөздердің түрленуі мен сөздердің жасалу (онда да тек аффикстер арқылы) амалын түсіндіру бағытында құрылды. Қазан төңкерісінен кейін шықса да (1927 жыл), Г.В. Архангельскийдің еңбегі туралы пікіріміз осыған саяды.

2) Практикалық кезең. Бұл кезеңге 1920 -1930 жылдар мен 1930-1940 жылдар аралығы жатқызылып жүр. 1920-1930 жылдар аралығындағы негізгі міндет елді жаңа қалыпта сауаттандыру болды. Солай бола тұра да, қазақ тіл білімінің көш басшысы А. Байтұрсынұлы еңбектері қазақ тілін зерттеуге арналған алғашқы сұрлеу болып саналды. Ал 1930-1940 жылдар аралығы жеті және он жылдық мектептерге арналған оқулықтар басылып шыға басталуымен және лингвистикалық жинақтар, әр түрлі журналдар беттеріне ғылыми мақалалар жариялана басталуымен байланысты морфология мәселелері елеулі зерттеу объектісіне айналып, олардың анықтамалары мен сипаттамалары ғылыми түрде талдану сатысына жете бастады. Әрине, мұның көш басында алдымен А. Байтұрсынұлы есімін атаймыз.

3) 1940 жылдан кейінгі кезең. Қазіргі кезге дейінгі дәуірді қамтитын бұл кезең жекелеген категорияларды диссертациялық дәрежеде зерттеуден басталады. Алғашқылардың бірі болып кандидаттық диссертациясын С. Жиенбаев та қорғағанды.

С. Жиенбаевтың морфологияға қатысты жекелеген категориялар жайында арнайы жазылған еңбектері болмаса да, өзінің «Грамматикалық категориялар туралы» (Грамматикалық категориялар туралы / Ауыл мұғалімі. 196 ж. №5-6) атты мақаласында оған дейінгі әдебиеттерде сөз болып көрмеген грамматика және грамматикалық байланысты жалпы лингвистикалық мәселелерді көтеруі, қазақ тіліндегі сөздерді тапқа бөлуді сол тұрғыдан қарап шешуді ұсынуы ғылымдағы жаңашылдықтарының бірі болды.

Грамматиканы қатесіз жазу деген жалаң түсінікті сынай отырып, оның (грамматиканың) тіліміздің конструкциясын (құрылысын) тану үшін керектігіне, тіл құрылысымыздың теориясын, тілдің құбылыстарын зерттеу ойдың жетілуіне де (дамуына да) әсері болатындағына назар аударды.

«Тілдің негізі элементі –сөз», «сөз –негізгі категория» деген ұғымды негізге алып, сөздің мағыналық, формалық жағы болатынын, сөз мағынасы екі мәннің негізгісі екендігін айтады. Мысал ретінде зат есім мен етістікке тән «қараған» сөзінің тұлғалық ерекшелігінен емес, мағыналық жағынан айырылатынын айтады.

Мағыналық және формалық ерекшеліктеріне категориялар өз ішінде де ұсақ категорияларға бөлінеді дейді. Қараңыз: үй, мәшине, ағаш, темір, зауыт –жансыз заттар; адам, ат, бала –жанды заттар;-ды – жұрнақ; -м –жалғау т.б.

Грамматикалық категорияларды айырудағы инстинкт тәсілі (текстегі белгілі бір категорияларға тән формаларды курсивпен беру арқылы сол категория жөніндегі ұғымды қалыптастыру әдістемелерімізде кеңінен қолданылып жүр) кейбір категориялар жөніндегі ұғымды кеңінен қамтымайды. Мысалы: «күректе» етістігінің «күрек» зат есімінен, ал ол «күрек» зат есімінің «күре» етістігінен туындағанын соқыр сезім (инстинкт) арқылы таба қою қиын екендігін ескертеді.

С.Жиенбаев тіліміздегі сөздерді таптастыруда сөздің мынадай үш түрлі белгісін негізгі ал шарт дейді:

- 1) Семантикалық белгілер
- 2) Синтаксистік белгілер
- 3) Морфологиялық белгілер

Қазақ тіліндегі сөздерді сөз таптарына бөлу тарихына көз салсақ, төңкеріске дейінгі әдебиеттерде сөз таптарының атын атап, мысалдар келтіруден, әр сөз табына тән кейбір формаларды атаудан аса алмаған және сөздерді тапқа бөлуде қандай принциптерге сүйенуге болатынын атап өрсете алмағандығы көрінеді (П.М.Мелиоранский. Краткая грамматика киргизского языка.).

Ал 20-жылдардағы еңбектерде, атап айтқанда, А.Байтұрсынұлының «Тіл-құралында» (А.Байтұрсынұлы. Тіл-құрал. Ташкент . 1924ж.) сөздерді үш топқа бөліп (атауыш, шылау, одағай) , оларды өз ішінде ірілі-уақты бөлімдерге жіктеп , сөз таптарының санын тоғызға жеткізеді (зат есім, сын есім, сан есім, етістік, устеу, демеу, жалғаулық, еліктеуіш, лептеуіш).

Архангельскийдің 1927 жылы Ташкент баспасынан шыққан «Грамматика казахского языка» (Г.Архангельский. Грамматика казахского языка. Ташкент.1927.) деген еңбегінде (бұл еңбек А.Байтұрсынұлының тікелей қолдауымен шыққан) сөздерді тапқа бөлуде сөздердің тұлғалық (формалық) ерекшеліктерін негізге алуды ұсынды.

Профессор Қ.Жұбановтың «Жанғазыға хатында» (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 1966ж.), оқулықтар мен оқу бағдарламаларында білдірген бірді-екілі ұсыныстары болмаса, арнайы зерттеу еңбектері жоқ. Солай бола тұрса да, оның сөз таптастыру принциптеріне байланысты пікірлерін байқауға болады. Қ.Жұбановтың

тұлғалық, лексика-грамматикалық белгілеріне қарай талдауы А.Байтұрсынұлы мен П.М.Мелиоранскийдің классификацияларына ұқсас, кейбір айырмашылықтары да бар (теңдес септеу, -дай, -дей, меңзес септеуше –ша,- ше дегендері қазіргі қалыпқа келмейді).

Академик Н.Т.Сауранбаев та Қ.Жұбанов классификацияларына ұқсас жіктеуді ұсынған болатын. Ерекшелігі - Қ.Жұбановша 8-ге бөлмей, 6-ға бөледі (есімдер, етістіктер, есімдіктер, устеулер, көмекшілер, одағайлар). Бірақ та, есімдерді өз ішінде үшке бөліп (зат есім, сын есім, сан есім), сөз таптарының санын 8-ге жеткізеді.

С.Жиенбаевтың бұл мәселедегі жаңашылдығы, өзінен бұрынғылардан ерекшелігі – сөздерді сөз таптарына жіктеудің алғы шарттарын (сөздерді таптастыру принциптерін) көрсетіп беруінде немесе қазақ тіліндегі сөздерді таптастырудың алғы шарттарын көрсетіп беруінде.

Жоғарыдағы С.Жиенбаев ұсынған сөздерді таптастырудың үш негізі туралы пікірлері қазіргі қазақ тіл білімінде қалыптасып, өз орнын тапты (А. Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. 1990 ж. 130 –б.; Қазіргі қазақ әдеби тілі. 1991 ж. 17 б.; С. Исаев,.. Сопоставительная грамматика казахского и русского языков. 1995, стр. 91).

Ғалым жоғарыда өзі ұсынған үш түрлі принципті мысалдар арқылы талдай келе, сөздерді таптастыруда олардың мағыналық жағына шешуші мән беріп, дұрыс қорытынды шығарған.

Сөздің синтаксистік белгілерінің маңыздылығына байланысты осы еңбегінде: «Семантикалық белгілер мен синтаксистік белгілер тығыз байланысты. Семантикалық белгіміз –сөздің сөйлемдегі мәні болатын болса, синтаксистік белгіміз –сөздің сөйлем ішіндегі функциясына байланысты белгісі. Сөз мәнінің өзі сөйлем ішінде тұрғанда ғана айқын байқалады ғой. Бұл жағдай, әсіресе, қазақ тілі сияқты сөздің мазмұны тұрған орнына да байланысты тілдерде көп ескеруіміз керек» -десе, «Қазақ тілінің методикасында»: «Осы күнгі қолданып жүрген сөз таптастыру принциптеріміз, шынында, қазақ тілінің, әр түркі тілдерінің өзгешелік қасиеттеріне негізделген деуге болмайды. Сөзінің грамматикалық формалары көп флекциялы (қопармалы) тілдерде үстеуді алдымен формасынан айырады. Оларда үстеу категориясы – негізінен өзгермейтін сөздер. Сөздердің өзгеруі, я өзгермеуі – оның негізгі айырмашылығы. Сондықтан, орыс тілінде вдалеке, вдали сияқты өзгермейтін сөздердің үстеу (наречие) екенін айырудың еш қиындығы жоқ» -деп (С. Жиенбаев. Қазақ тілінің методикасы. А –ты. 1946), жоғарыда айтқан ойларын дәлелдей түседі, сонымен қатар, орыс тілінен негізсіз калькалай беруден сақтандырады.

Сөздердің морфологиялық белгілеріне ғалым сөз өзгеру белгілерін жатқызады, «... сөздердің (сөз таптарының) формалық ерекшеліктеріне (мәселен, есімдерге) ортақ қасиет –септелетіндігі, ал етістіктердің жіктелетіндігі, шақ категориясының етістікке ғана тән категория екендігі болады» -деп жазады. Қазіргі қазақ тілінде сөз өзгерім (словоизменение) категориясын жеке тарау етіп алып, оның ішінде сөз түрлендіруші жұрнақтарды осы топта қарастырып жүр (Е. Мергенбаев. Словоизменение в тюркских языках. А –ты., 1995 г.).

. Бұл жөнінде С. Жиенбаевтың сөздердің өзгеруі (түрленуі) тек жалғаулармен ғана емес, жұрнақтардың кей түрлерімен де (сөз түрлендіруші) іске асатынын айтқан. Мысалы: жаз, жаз–дыр, жаз –ғыз, жаз –ыл формаларының етістіктің ішкі категорияларын, бұл жерде етіс категориясын танытатындығын көрсеткен.

Сөздерді тастастыру жөніндегі ойларын жинақтай келе, «сөз таптарын, олардың түрлерін, былайша айтқанда, грамматикалық категориясын айырғанда, олардың түрлі белгілерін алып, түрлі жағынан тексеру керек» -деп, бірден –бір дұрыс қорытындыға

келеді. Ғалымның осы тұжырымдамасы қазіргі қазақ тілінде орнықты. Мәселен, морфологияны зерттеген ірі ғалымдарымыздың бірі А. Ысқақов: «... сөздердің бәрінен бірдей осы үш белгі теп-тегіс табыла бермейді, ендеше кейбір сөз таптары үшін белгілі бір принципті негізгі етіп алып, өзгелерін я қосшы (көмекші) етіп алып, я болмаса тіпті қолданбай –ақ қоюға да әбден болады» (А.Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. 1991, 131 б.) десе, «Қазақ тілінің грамматикасында:» тілдегі сөздерді лексика –грамматикалық сипаттарына қарай топтастыру –грамматиканың теориялық та, практикалық та маңызы зор, әрі негізгі, әрі түйінді мәселесі. Бұл мәселе грамматиканың жай өзегі ғана емес, оны лексикамен де байланыстыратын негізгі мәселе. Олай болатын болса, сөздерді лексика –грамматикалық жағынан таптастырып, олардың сыр –сипаттарын айқындау грамматиканың ең негізгі мәселесі болмақшы»– деп С. Жиенбаев ойларын даралай түседі (Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім, 1967 жыл, 42б.).

Жоғарыда сөз болған «Қазақ тілінің методикасында» ғалым тек әдістемелік бағытта ғана емес, теориялық тың ойларын да ортаға салған. Әдістемелік және теориялық мағлұматтарды қатар беру сол кезеңнің мүддесінен, қажеттілігінен тудырған болу керек. Мұндай ерекшелік онымен замандас ғалымдар еңбектерінен орын алған. Бұл кітабында автор – тіл білімінің жалпы мәселелеріне, сөздің тұлғалық ерекшеліктеріне, кейбір морфологиялық категориялардың лексика-грамматикалық өрістеріне байланысты өз талдамаларын ұсынады. Мысалы, тілдің ішкі және сыртқы белгілері – формасы мен мағыналары жөніндегі талдамалары: «Форма мен мағына бірлігі – диалектиканың жалпы заңы» -деп, осы философиялық категориялардың тілдегі сипаттарын қарапайым мысалдар арқылы түсіндіреді. Мұнда зат есімнің мағынасы – нәрсенің аты, формасы – септелуі, тәуелденуі және т.б. ерекшеліктері екендігін, етістік категориясының мағынасы заттың қимылын көрсететіндігі, формалық белгісі – шақпен өзгертіндігі, болымсыздық, етіс жұрнақтарының жалғанатындығын негізгі белгілері деп, ал жанама немесе аралық категорияларға мысал ретінде жіктік категориясын, зат есім мен етістіктің мысал ретінде жіктік категориясын, зат есім мен етістіктің (төрт көмекші етістікті қоспағанда) жіктелу ерекшеліктерін көрсетеді (Көрсетілген еңбек. 10-11 бб). С.Жиенбаев сөздерді мынадай төрт қасиеті арқылы тану керек деген тұжырымды ұсынады.

1. Сөздің дыбыс құрылысы
2. Тұлға құрылысы;
3. Жай мағынасы;
4. Сөз табылық мағынасы (Көрсетілген еңбек. 19 б)

Аталуларындағы өзгешеліктері болмаса, қазіргі қолданылып жүрген грамматикалық форма, лексикалық мағына, грамматикалық мағына сияқты терминдер баламасы деп ойлаймыз.

Емленің тіліміздің тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес құрылатын, қазақ тілінің басқа да түрік тілдер сияқты агглюнативті (жалғамалы) тілдер тобына жататынын, түбірге қосымша жалғанғанда есімдіктер мен жекелеген формалардан басқасы тұлғалық өзгеріске түспейтінін дұрыс атап көрсетті(Көрсетілген еңбек. 29-30 бб).

Осы еңбегінде сол сөздерді тұлғаларына қарай алты топқа бөледі:

- 1.) Түбір сөз;
- 2.) Қосымша, жұрнақ, жалғау;
- 3.) Туынды сөз;
- 4.) Біріккен сөз;
- 5.) Қос сөз;
- 6.) Қысқарған сөз

Қосымшаларды сөз тұлғаларының бірі ретінде қарастыру Н. Сауранбаев еңбектерінде де бар (Н.Т.Сауранбаев. Қазақ тілінің грамматикасы.1948 жыл, 31 б.).

С. Жиенбаев қос сөздерге тұлғалық және фонетикалық талдау жасап, оларды классификациялауда семантикалық мазмұндарына ерекше мән береді. Қос сөздерді:

1) Екі жағы толық мәнді қос сөздер;

2) Бір сыңары мәнді қос сөздер;

3) Жеке –жеке алғанда екі сыңыры да кем мәнді қос сөздер деп саралайды. Бұлай жіктеу кезінде осы түрінде қолданылса (Көрсетілген еңбек 1948 жыл), кейінгі кездері ерекшеліктері түрінде қолданылып жүр (М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Алматы,1991жыл).

Сонымен, С. Жиенбаевтың грамматикалық категориялар, оның ішінде қазақ тіліндегі сөздерді таптастыру принциптері жөніндегі ой-пікірлерін өзінен бұрынғы және кейінгі еңбектерінде айтылған пікірлермен салыстыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады;

1) С. Жиенбаев – өзіне дейінгі әдебиеттерде сөз болмаған грамматика және грамматикалық категорияларға қатысты жалпы лингвистикалық мәселелерді қазақ тілі білімінде тұңғыш көтерушілердің бірі болды.

2) Қазақ тіліндегі сөздерді сөз таптарына жіктеудің алғышарттарын (сөздерді таптастыру принциптерін) немесе сөздерді таптастырудың теориялық негіздерін көрсетіп, іргетасын қалап берді.

3) Қазақ тіліндегі сөздерді таптастыруда тіліміздің өзіндік ішкі ерекшеліктеріне баса назар аударды.

4) Айтқан ой-пікірлері, ұсыныс-толғамдары өзінің тереңдігі арқасында қазір де маңыздылығын жойған жоқ.

С. ЖИЕНБАЕВТЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН СӨЗ ТАПТАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ПІКІРЛЕРІ

Сөз таптастыру туралы ой-пікірлерімен қатар, ғалымның жекелеген сөз таптары жөніндегі айтқан ұсыныстары, арнайы мақалалары кең көлемді болмаса да, кезіне қарай маңызы зор болды.

«Халық мұғалімі» журналындағы «Сын есімнің методикасы» атты мақаласында әдістеме мәселелерімен қатар, сын есімнің табиғатын дұрыс ашып берген (Халық мұғалімі.№5, 1940 ж.).

Ол қандай ерекшеліктер? Біріншіден, сын есімнің зат есіммен тығыз байланыстылығы, сын есімнің заттық мағыналы сөздердің сындық, сапалық, қасиеттерін көрсетіп, соны анықтауыш қызметінде тұрғанда ғана мағынасын, көп жағдайда, ажырата алуға болатынын, ал бастауыштық, баяндауыштық, толықтауыштық қызметтері қосымша, екінші дәрежелі қолданылуы екенін атайды. Шын мәнінде, сөз таптарының ішінде, әсіресе, зат есім мен сын есімдердің тығыз байланыстылығы, сын есімдердің өзі заттар мен құбылыстардың әр түрлі сапа, белгінің де болуы да мүмкін еместігі қазіргі кезеңде белгілі нәрсе болып табылады (К.Аханов. тіл біліміне кіріспе. 1965 ж., 461 б.).

Екіншіден сын есімді өзге сөз таптарынан айырудың қиындығы сын есімнің өзге сөз таптарының орнына (субстантивтену, адвервиальдану арқылы) қолданылуынан туындайтынын дұрыс көрсеткен.

Үшіншіден, сын есімдерді мағынасына қарай айырғанда, оның тұлғалық белгісін негізге алудың қате екендігін ескертеді.

Төртіншіден, сын есім тудырушы жұрнақтардың актив және пассив қолданысына назар аударғаны осы жұрнақтардың екінші тобындағылардың тарихилығына мегзейді.

С. Аманжоловтың 5-6 сыныптарға арналған грамматика оқулығына берген рецензиясында «еш» есімдігін болымсыздық есімдігінің қатарына қосуды ұсынуы дұрыс қабылданса, «әркім», «әрбір» есімдіктерін жалпылау есімдіктерінің қатарына қосу жөніндегі ұсынысы жөнге келмейді (Халық мұғалімі.№7-8, 1940 ж.б 77-80 бб.).

С. Аманжоловтың: «... септік жалғауын керек қылатын етістік сабақты етістік делініп, ешбір септік жалғауын керек қылмайтын етістік салт етістік болады» -деген ережесіне келіспей, «лингвистикада сабақты етістік категориясы (қай тілде болмасын) әдетте тура объектіге, былайша айтқанда, табыс жалғауға байланыстырылады. Бізде де солай болу керек, өйткені, бұл өзі негізіненде барлық тілде бірдей дерлік логикалық категория. Етістік табыс жалғауымен қосыла айтыла алатын болса, сабақты етістік болады» -деп дұрыс бағыт берген.

Сонымен қатар, оның қазақ тіліндегі жекелеген морфологиялық категориялар жөнінде, мәселен етістіктің шартты рай формаларының сөйлемдегі қызметтері жөнінде: «шартты рай формалары түрлі мағына берсе, екінші жағынан, шарттық мағынаның да бірнеше формамен берілетіндегін көреміз» -деуі, қазақ тілінің жалғамалы тілдер тобына жататындығы, агглюнитация бүкіл түрік тілдері жүйесіндегі негізгі заң екендігін айтуы С. Жиенбаевтың морфология саласындағы айтқан пікірлерінің құндылығына қосатын дәлелдеріміздің бірі болмақ.

Қазақ тілі білімінің морфология саласындағы жетістіктері, ондағы жекелеген ғалымдарымыздың алатын орны, жаңашылдықтары туралы азды-көпті айтылып та

жүр. Бірақ, бұл саладағы, көп ішіндегі аты аталғаны болмаса, лайықты бағасы берілген жоқ.

СИНТАКСИС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ тіл білімінде С.Жиенбаевтың өнімді еңбек еткен саласы – синтаксис. Бұл салада зерттеу жүргізіп жүрген ғалымдарымыздың қай-қайсысы болмасын, ғалым еңбектеріне соқпай кетпейді. Бұл ғалым еңбектерінің, оның ішінде синтаксис саласындағы еңбектерінің әлі де болса маңыздылығының жойылмағандығының белгісі болып табылады.

Ғалымның синтаксиске қатысты еңбектерін саралағанда, оның құрмалас сөйлемдерге арналған еңбектерімен қатар жай сөйлемге қатысты құнды пікірлерінің де барлығына көз жеткіздік. Атап айтатын болсақ, сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы, оңашаланған мүшелер туралы, сөйлем мүшелеріне талдау мәселелері, сөздердің байланысу түрлері, т.б. жайттар ғалымның назарынан тыс қалмаған.

Енді С.Жиенбаевтың синтаксис саласындағы ғылыми ой-тұжырымдарына жеке-жеке тоқталып өтейік және де бұл саладағы ғалым еңбектеріне беріліп жүрген бағалардың да өз ретінде таразыға салып отыруды парыз санадық.

ҮЙІРЛІ МҮШЕЛЕР ТУРАЛЫ

Үйірлі мүшелері бар сөйлем типтері түркітануда төңкеріске дейін де ғалымдар назарын аударған-ды. Орыс түркітанушылары М.А.Казембек пен В.А.Гордиелевский өз еңбектерінде үйірлі мүшелі сөйлемдерді қысқарған бағыныңқы сөйлемдер деп қарастырған (Х.М.Есенов. Синтаксис осложненного предложения в казахском языке. А-ты, 1992 ж.15 б.). Қазіргі кезеңде де үйірлі мүшелі сөйлем түрлерін А.Н.Баскаков заттанған және анықтауыштық қатынастағы сөйлемдер деп қарастырады (Көрсетілген еңбек.1992 ж.15 б.) . Қазіргі өзбек тілінде сөйлемнің құрылымдық түрлерін – жай сөйлем, күрделенген сөйлем деп, үйірлі мүшелі жай сөйлемдерді осындағы екінші топта қарастырып жүр (Көрсетілген еңбек.1992 ж.15 б.).

Бұндай сөйлем типтерін Қ.Жұбанов тек құрмалас сөйлем (ол құрмалас сөйлемді күрделі деп атауды ұсынған болатын) ретінде ғана таниды. Мәселен ол: «Ал, жұрт мақтайтын жырау - осы» десек, күрделі сөйлем болады, күрделінің сабақтасы болады. Неге десек, мұнда анықтауыш емес, өзі бір сөйлем, «жұрт мақтайтын» солайымен тұрып бір-ақ анықтауыш. Бірақ ішін жарып қарасаң, өзара бір сөйлем, «жұрт» - бастауыш, «мақтайтын» - баяндауыш, екеуі қосылып барып «жыраудың» анықтауышы болады. Өйткені, «мақтайтының» тек өзі бұл арада анықтауыш емес, «мақтайтын жырау» десек, мағынасы өзгеріп өзін өзгелер мақтайтын емес, өзін-өзі мақтайтын Науаи сияқты құдай ұрған болып шығады» -деп үйірлі мүшелерді құрмалас сөйлемнің компонентті ретінде қарастырған(Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 1966ж., 230 б.).

Жоғарыдағы «Жұрт мақтайтын» типтес өз ішінде бастауышы бар үйірлі мүшелі сөйлемдерді Н.К.Дмитриев көшпелі типті бағыныңқы сөйлем деп, мұндай үйірлі мұндай үйірлі мүшелерді сөйлем тектес (предложениеподобные) мүшелер деп атайды (Русско-чувашский словарь. М.,1951 г., 895).

Н.К.Дмитриевтің бұл тұжырымын қазақ тіл білімінде Қ.Жұбановтан басқа – ғалымдарымыз С.Жиенбаев пен Н.Т.Сауранбаевтардың қолдағаны ғылымда мәлім нәрсе (Ә.Құрышжанов. Н.Т.Сауранбаев. А-ты. 1974 ж.,86 б.). 60-жылдары өзбек

ғалымы Г.А.Абдурахманов та үйірлі мүшелерді бағыныңқы компонент ретінде қарастырған. Мәселен, ол «Карим таниган»-ды «Салим» бастауышты анықтайтын бағыныңқы компонент дейді (Г.А.Абдурахманов. Основы синтаксиса сложного предложения современного узбекского литературного языка. АДД, Ташкент. 1960 г. стр 81.). Бұнысы, әрине, Н.Т.Сауранбаев еңбектерімен сабақтас.

Үйірлі мүшелі сөйлем түрлеріне қазақ тіл білімінде алғаш зерттеу нысаны етіп алып зерттеген, «үйірлі мүше» деген терминді қазақ тіл білімінде алғаш енгізген (Ауыл мұғалімі. 1935 ж.. N7-8), осы жұмысымызға негіз болған – С.Жиенбаевтың бұл туралы пікірлеріне кейінірек тоқталамыз. Және де, мақсатымыз етіп, осы ағымның (Н.К.Дмитриев, Қ.Жұбанов, Н.Т.Сауранбаев), оның ішінде С.Жиенбаевтың аталған құрылымдар туралы ойларының мәнін ашуды алдық.

Ал, енді жоғарыда аталған топқа, яғни үйірлі мүшені «сөйлем мүше» (С.Жиенбаев бағыныңқы компонентті осылай атаған) (С.Жиенбаев.Синтаксис мәселелері.1941 ж. 36 б.) деп танушыларға қарама-қарсы бағытты ұстанушыларға түркітанушылар Н.А.Баскаков, Б.А.Серебренников, Г.Д.Санжеев, Т.А.Бертагаев, М.Ш.Ширалиевтермен қатар қазақ тіл танушылары С.Аманжолов, М.Балақаев, Т.Қордабаев, Қ.Шәукеновтер жатады.

Үйірлі мүшелі сөйлем - жай сөйлем деген принципті ұстанатын бұл топтың қағидалары, жалпы, қазіргі түркі тілдерінде қалыптасқан. Ал оладың негізгі ойларын Н.А.Баскаковтың мына сөздерінен ұғыну қиын емес: «... все предложения с развернутыми членами не выходят из состава простых предложений. Они, как и простые предложения, имеют в своей структуре только одно грамматическое подлежащее и одно грамматическое сказуемое, выраженные личной формы глагола, хотя каждый из развернутых членов предложения и может логически соответствовать придаточному-сложного предложения (придаточному-подлежащему, придаточному-дополнению, придаточному обстоятельству и придаточном определению) (Исследование по сравнительной грамматике тюрских языков. III Синтаксис. М.,1961 г.,стр.121).

Бұл екі ағым арасында әр тектес топтамы тұжырым болса, «оралымды конструкциялар жайындағы дифференциальды ілім» деп аталатын түркітанудағы жаңа бағыт қазір кең өріс алып келеді. Ол бағыттың түркітанудағы басты өкілдері – К.К.Сартбаев. Г.А.Абдурахманов, К.М.Есенов, Маданов т.б. Мәселен, Қ.М.Есенов үйірлі мүшелі құрылымдарды жай сөйлем құрамындағы күрделенген (осложненные) сөйлемдердің оралымды түрі, оның ішінде қабыспалы оралым ретінде қарастырады (Көрсетілген еңбек.1992 ж.64 б.). Түркітануда, оның ішінде қазақ тілінде де қазір көптің назарын аударған, жалғасын тауып отырған бұл бағыттың ерекшелігі күрделенген сөйлемдерді жеке зерттеу объектісіне айналдыруында емес, сабақтас құрмалас мен жай сөйлемдердің (күрделенген сөйлемдердің) ара жігін айқынырақ ажыратуға ұмтылуында деп білеміз. Қ.Есенов «Баласының қолынан етікті жұлып алып, есікке қарай лақтырды» сияқты сөйлемдерді жай сөйлем ретінде таниды (Қ.Есенов. Құрмалас сөйлем синтаксисі.1995 ж.4 б.). Бір субъектінің (бастауыштың) әр түрлі іс-әрекеті (кейде мазмұны) бір ғана предикативтілік қатынас көрсеткіші деуі қазір қолдау тауып жүр. Біз қарастырып отырған үйірлі мүше бұнда оралымның бір түрі ретінде ғана орын алған.

Енді С.Жиенбаевтың үйірлі мүшелер туралы пікірлеріне келейік. ҮМ (Үйірлі мүшелер бұдан әрі ҮМ түрінде қысқартылып беріледі) туралы мәселенің зерттелу тарихына келгенде, ғалымдарымыз С.Жиенбаевтың «үйірлі мүше» деген

терминді алғаш енгізуші, ҮМ туралы ұғымның сыр-сипатына алғашқы ғылыми анықтама беруші ретінде танығанымен, оның ҮМ жөніндегі зерттеулеріне атүсті баға беретін сияқты. Олай дейтін себебіміз, бұл жөнінде С.Жиенбаевқа тоқталғандардың бәрінде де ғалымның «Синтаксис мәселелері» атты кітабындағы: «Біздің үйірлі мүшеміз – бәз-баяғы бағыныңқы сөйлем» (Көрсетілген еңбек. 1947 ж., 176.) дегені негізге алынып, ғалымның ҮМ туралы айтқандары, негізінен, осы пікір көлеңкесінде қалады. Сөзіміз дәлелді болу үшін ғалымның ҮМ-ге байланысты еңбектеріне сын айтқан жекелеген ғалымдар пікірлеріне тоқтала кетейік.

Профессор Т.Қордабаев «Мен барған сайын, Сәлім кітап оқып отырады», «Октябрь тойы болғанда, біз Алматыда едік» деген мезгіл бағыныңқылы сабақтарды үйірлі пысықтауышқа жатқызғанын дұрыс сынаған. Ал, «Қаланы Асқардың күйдіртпегенін Итбай жақсы біледі», «Сол даудан Кошкин алты қасқыр, жүз сом, бір алтын жүзік алғанын Амантай жақсы білетін еді» деген сөйлемдердегі асты сызылған ҮМ-ді (Үйірлі толықтауыштарды) бастауышсыз келуіне қарай (екеуі де жақсыз сөйлем) ҮМ емес, күрделі толықтауыштар деуіне (Көрсетілген еңбек. Т. Қордабаев. 150-157 б.) әрине келісуге болмайды. Жақсыз тұлғадағы (безличная форма) ҮМ-ді күрделі мүше ретінде қарау Н.А.Баскаковта да бар (Көрсетілген еңбек. 1961 ж., М., 121 б.).

Мәселен, қарақалпақ тіліндегі «Жаңағы үлкен айалдың баласын арқалап қашқан көк қошқар» деген тіркестегі асты сызылған сөзді ҮМ емес, күрделі анықтауыш деп таниды.

Ал Санжеев болса, ҮМ құрамында бастауыштың болу – болмауы міндетті емес деп табады (Вопросы узбекского языкознания. Ташкент. 1954г., стр. 56).

Сонымен қатар Т. Қордабаевтың «Үйірлі мүшелі сөйлем мен сабақтас сөйлем арасында мағыналық жағынан да, интонация жағынан да елеулі ерекшеліктері бар» деуіне толықтырулар енгізген дұрыс сияқты. Үйірлі пысықтауыштардың кейбір формаларының сабақтастармен интонациялық ұқсастықтары барын С. Жиенбаев дұрыс ескерткен болатын (Ауыл мұғалімі. 1935 ж., №7-8, 8 б.). Мысал ретінде ҮМ туралы арнайы еңбек жазған филология ғылымдарының кандидаты Қ. Шәукеновтің үйірлі пысықтауышқа келтірілген мына сөйлемін алып қарайық: «Майбасар үп-үлкен басымен балаша қылжақтап отырғанына Абай қызығып күле бастады» (Қ. Шәукенов. Үйірлі мүшелер, оларды оқыту методикасы. 1991 ж., 83 б.). Осындағы асты сызылған үйірлі пысықтауыш интонациясы жөнінен ҮМ-нен ерекшеленеді. ҮМ-дер интонациясы жағынан жігі білінбейді, ал келтірілген мысалдағы ҮМ-нің интонациялық жігі сабақтастардағыдай. Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмаластармен үйірлі себеп пысықтауыштардың шатастырылып жүргенінің мәні де осыдан деп ойлаймыз.

С. Жиенбаевтың үйірлі мүшелі сөйлемдерді бағыныңқы сөйлемдер қатарында танығаны жөнінде жоғарыда ғалымдар пікірлерінен келтірдік. Сонда да солса, жалпы ҮМ туралы сөз өткенде, ешкім де С. Жиенбаевқа соқпай кете алмайды. Неліктен, не себепті? Оның қателіктерінен басқа жаңалықтары болды ма? Болса қандай? Міне, ендігі сөзді осы сұрақтар төңірегінде өрбітейік. С.Жиенбаевтың алғашқы «Сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы» атты мақаласы 1935 жылы екі рет жарық көрді де (Ауыл мұғалімі. 1935 ж., №7-8, 6б., Қазақ әдебиеті. 31.12.1935 ж.), солардағы ойларын толықтырып, сол атпен 1936 жылы қайта жариялады (Труды КазНИИ нацкультуры. №7. Лингвистический сборник. Вып. 2-ой. 1935 г.). ҮМ мәселелеріне кандидаттық диссертацияның негізінде жазылған монографиясында да

(С. Жиенбаев. Синтаксис мәселелері. 1941 ж.) кеңінен тоқталады. Осы ыңғайда ҮМ туралы С. Жиенбаев ойларының дамуын екі сатыға бөлуге болады. Біріншісі – алғашқы жазылған мақалаларындағы үйірлі мүшелі сөйлемдерді құрмаластардың үшінші – ерекше түріне жатқызуы да, екінші сатысы «Синтаксис мәселелеріндегі» аталмыш құрылымдарды сабақтас құрмалас сөйлемдер деп тануы. Солай бола тұрса да, ҮМ-нің түркі тілдері, оның ішінде қазақ тіліндегі ерекшелігін дөп басуын орыс тіліндегі «развернутые члены предложения» деген терминді тіліміздің ерекшеліктеріне сәйкес «сөйлемнің үйірлі мүшелері» деп ұтымды аударынан-ақ байқауға болады. Түркітануда ҮМ жөнінде С. Жиенбаевқа дейінгі пікір айтқандар көбіне-көп анықтауыш қызметіне келетін ҮМ формаларына тоқталады да, қалған сөйлем мүшелерінің қызметіндегі ҮМ, көп жағдайда, ескерілмейді десе де болады. Шын мәнінде, ҮМ-нің ішінде көп қолданылатына да үйірлі анықтауыштар болып табылады. С. Жиенбаев та өз еңбектерінде осындай құрылымдарды бірінші кезекте талдайды, үйірліліктің пайда болуын, негізінен, осыларға сүйеніп айқындайды.

Алғашқы мақалалар тобында анықтауыштың негізгі екі қасиеті бар дейді: «бірі – септелмейтіндігі мен жіктелмейтіндігі, екіншісі – ылғи бір орында, анықтап тұрған сөзінің алдында ғана келетіндігі» (Ауыл мұғалімі. 1935 ж., 6 б.). Мәселен: «Қара құс – қаракұс, бел бау – белбау, қол қап – қолғап, т.б. Бұндай ерекшеліктерді тереңірек зерттеп, ғылыми қорытынды жасау керектігін осы еңбегінде дұрыс ескерткен. Ғалымның бұл пікірінің дұрыстығына дәлел ретінде мынадай мысал келтіруге болады: «Бәйгекұм деген жер атын (Қызылорда облысы) халықтық этимология Досбол бидің асында бәйге өткен құм, бәйге өткен құм, Бәйгекұм ыңғайында түсіндіреді.

Үйірлі анықтауыштарға мынадай мысалдар келтіреді:

1.) Төкен ауылының қой аузынан шөп алмайды деген момыны – Сақарбай еді (Б.М.).

2.) Он екі қазанның қақпағындай қалпағы бар қарт қытай аяғынан шарығын сілкіп шешіп тастап, сәкіге отыра кетті (С.С.).

3.) Өзен бойында отырған қалың елге келіп қондық.

4.) Бұрын боранда ұлыған бөріден басқа тірлігі жоқ боз дала – бүгін еңбек ойнағы (Ғ.М.).

Осы мысалдар негізінде ҮМ былай құрылады:

1.) Идиомалы сөздерден құрылады (қой аузынан шөп алмайтын).

2.) Жеке сөйлем болып тұрғанда сөз тізбегінде баяндауыш есімшеге айналса, сол сөйлем үйірлі анықтауыш болып кетеді: «ауыл өзен бойында отыр» - «өзен бойында отырған ауыл.» Бірінші тізбекте «отыр» - баяндауыш, екіншіде «отырған» жанындағы «өзен бойындағыны» қосып алып, анықтауыш болып кетеді. Осы ретпен басқа да ҮМ шығуы мүмкін.

3.) Енді бір жолы мынау болуы керек: анықтауыш болып тұрған сөз орнынан ауысып, өзінен соң келетін бастауыш пен баяндауыштан кейін барып тұрғанда, сол арқылы бастауышқа айналып кетеді, ал екі сөз түрлі анықтауыш болып қалады: «Қытайдың қалпағы бар» - «қалпағы бар қытай», «колхоздың малы көп» – «малы көп колхоз», т.б. (Көрсетілген еңбек. № 7-8, 7 б.).

Бұндағы ҮМ-нің жасалуы жөніндегі С.Жиенбаев пікірлерінің ерекшелігі мынада: Аталмыш құрылымдардың жасалу жөніндегі қазақ тілі мамандарының пікірлерінде (Көрсетілген еңбек. Т.Қордабаев, Қ.Шәукенов.) олардың формалық жақтарына көп тоқталады да, құрылымдық ерекшеліктері елеусіз қалатын сияқты.

С.Жиенбаев көрсеткен бірінші жол түсінікті болар. Екінші мен үшінші жолдары М.Балақаевтың: «Үйірлі анықтауыштар сөздердің кері тәртіппен орналасқан күрделі анықтауыштың стилистикалық варианты»-деген пікіріне қарағанда өзгешелеу(М.Балақаев. Современный казахский язык. 1959 г., стр. 180). С.Жиенбаев мұнда сөздердің тек орын тәртіптерінің өзгеруі ыңғайында ғана емес, құрамындағы сөздердің трансформациялануы (тұлғалық өзгеріске түсуі) ыңғайында ҮМ-нің құрылымдық табиғатын ашуға тырысқан. ҮМ-нің бұл жолмен пайда болатынын Н.А.Баскаков та негізгі факторлардың бірі ретінде атайды: «Сөйлем анықтауыштық қатынасқа көшкенде, сөйлем мүшелері тұлғалық өзгеріске ұшырайды» (Көрсетілген еңбек. 1961 ж., 121 б.).

Сонымен С.Жиенбаев ҮМ-нің пайда болуын «сөйлем мүшелерінің орнынан ауысуына, екінші жағынан, етістік баяндауыштың есімшеге айналуына байланыстыра» (Көрсетілген еңбек. 1936 ж., 17 б.) қарайды.

ҮМ-нің негізгі белгілеріне мыналарды жатқызады:

1) ҮМ-дің тобымен жүріп, бір ғана сұрауға жауап беруі;

2) Жай сөйлем мүшелерінен ҮМ-нің интонациялық ерекшеліктерінің болмауы (Көрсетілген еңбек. 1935 ж., № 7-8).

Бұл ерекшеліктер ҮМ-нің сабақтастардан ара жігін ажырататын негізгі белгілері деп, сол ыңғайда оларды құрмалас сөйлемдердің үшінші түріне жатқызады (Көрсетілген еңбек. 31.12.1935 ж.).

1935 жылы жарияланған мақалаларынан 1936 жылғы жарияланған мақаласының мынандай ерекшеліктерін байқадық: екеуіндегі пікірлер бір түйінді болғанымен, кейбір үйірлі пысықтауыштардың интонациялық ерекшеліктерін соңғы мақалада байқағанға ұқсайды. Сондықтан болар, «үйірлі пысықтауыштары бар сөйлемдерді сонда (келесі еңбегімізде дегені – Б.Б.) әңгімелейік» - дейді.

ҮМ-ді «Синтаксис мәселелерінде» сабақтас құрмалас сөйлемдер құрамында қарастырғанын жоғарыда айттық. Ал оларда сабақтастарға, сабақтастардың бағыныңқы компоненттерінің қатарына жатқызу себептеріне құрмалас сөйлемдерге талдау жасағанда тоқталатын боламыз. Өйткені, С.Жиенбаев ҮМ-ді бағыныңқы сөйлемдердің ерекше бір түрі ретінде жеке қарастырады.

Ол ҮМ баяндауыштарының негізгі формалары: 1). Есімше, 2) көсемше, 3) есім сөздер екендіктерін дұрыс көрсеткен.

«Есімше мен есім баяндауыштар атау формасында да, тәуелдеулі, септеулі түрде де және шылау сөз ертіп те келе алады. Көсемшелер өздерінің негізгі сипатына лайық ешбір жалғау да, шылау да ертпейді» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 22 б.) – дегенінің бірінші бөлігіне Т.Қордабаев «автор ҮМ баяндауышының формасы болып қолданылмайтын формаларды да талғаусыз ҮМ-ге әкеп қосады» (Көрсетілген еңбек. 1960 ж. 160 б.) – деп біршама дұрыс сын айтқан. Бұның мәнін С.Жиенбаевтың формаларға байланысты келтірген мысалдарын талдау барысында көрсетеміз.

Есімше баяндауышты ҮМ:

Райхан әйелдер оқып жатқан курсқа кірді. (Сәбит).

Ботакөз ... май тауып әкелді де, ақтық жалыны әлсіз ғана лапылдап тұрған пілтеге майды тамызды. (Сәбит).

Бұлардағы асты сызылғандар есімше формасын қабылдап, бағыныңқыға (ҮМ-ге - Б.Б) айналған дейді. ҮМ құрамына қарай күрделі сөйлемдерден де болатынына мынандай мысалдар келтіребді: «Бұл – сансыз елді өзіне

бағындырып, айбатынан ай жасырынған Темір (Ғабит)». «-ған формалы есімшеден болған анықтауыштардың бәрін ҮМ деп тануға болмайды», «түрік системалы тілдерде жеке есімше жалаң мүше (жалаң анықтауыш) бола береді» деген пікірлерін дұрыс деп танысақ, мысалдағы «сансыз елді өзіне бағындырған деген сөйлемде сөйлем составы жоқ» деуімен келісуге болмайды.

Есім баяндауышты ҮМ (есімнің атау түрі).

Қарайтын кісісі жоқ инвалидтерге страхкасса үй салдырып берді (Дмитриев мысалы).

«Өрнек» колхозы – мыңдаған малы бар , үлгілі фермалары бар бай колхоз.

1. Баяндауышы шылаулы, жұрнақты және жалғаулы есімшелерге біткен ҮМ. Мысалдары: сен айтқанның, сен айтқанды, сен айтқанға, сен айтқаннан, сен айтқан соң/ сен айтқансын, сен айтқасын/, т.б. Бұл айтылған формалар арқылы жасалатын ҮМ-ді Т.Қордабаевтан да, Қ.Шәукеңовтен де көптеп кездестіруге болады (Көрсетілген еңбектері).

2. Баяндауышы көсемшеге біткен ҮМ.

Көсемше тұлғалы ҮМ-ге ешбір қосымша да, шылау да (сен келіп, сен келмей, сен келе, сен келгелі) қосылмайды. Көсемше арқылы жасалатын ҮМ-ді Н.Т.Сауранбаев «Екі қолдарына екі-екі үлкен жасаулы табақты алып, Бурахан, Төлепберді, Жұмағұл, Қарабастар да келеді екен» деген сөйлемдегі ортақ бастауыштарын алдыңғы сыңарға көшіру арқылы ҮМ жасалады дейді. Мысалы: «Бурахан, Төлепберді, Жұмағұл, Қарабастар да екі қолдарына екі-екіден жасаулы табақты алып келеді екен» (Көрсетілген еңбек. Н.Т.Сауранбаев . 85 б.). Яғни, С.Жиенбаевтың көсемше формасы ҮМ жасайтын формалардың бірі деуі негізсіз емес.

ҮМ мағыналары жағынан «сөйлем мүшелерінің қай-қайсысында да ұшырайтынын» (Көрсетілген еңбек. 31.12.1935 ж.) айтып, алдыңғы мақалаларында бұлардың анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш түрлерін ғана талдап көрсетсе (Көрсетілген еңбек. 31.12.1935 ж.), «Синтаксис мәселелерінде» бастауыш, баяндауыш түрлерінің жасалу жолдарына тоқталып өткен (Көрсетілген еңбек. 1941 ж. 23-25 бб).

Енді ғалымның ҮМ-нің мағыналарына, сөйлем мүшелік қызметіне қарай келтірген мысалдарына қарап көрейік.

1) Үйірлі анықтауыштар: Үрлеген желден бетіне ирек түскен, даланы жапқан тұтас қар ол күні жерді бауырына басып жатқан аққудың қанатына ұқсайтын (Сәбит). Боран мен аяз кезектесіп, бірінің артынан бірі басатын Сібірдің қаһарлы қысында «майтоңғысыз» атанатын кейбір күндер болады (Сәбит). Бақытты өмір кезінде Бар әлемде теңі жоқ Бақытты бала туады. (Жамбыл). Амантай қабырғаласып соғысып барады деген хабар шықты.

Бұндағы ҮМ-нің есімше (жап-қан, баса-тын), сын есім (кең), есім (жоқ) және есімше тұлғалы көмекші етістіктерден (деген) жасалғанын көрсеткен.

2) Үйірлі толықтауыштар: Бағанағы майыр да, енді тіпті Алшынбай да, Құнанбай, Бөжей тартысының түбі бас араздық екенін тұспалдады (Мұқтар). Құйрық тістесе қыс келетінін, Есрафил сорын үрерін, алай-түлей боран боларын, қабағын түйсе қар төккен ақпан мен қаңтар барын айтпай кеткен (Ғабит).

Бұларда жоғарыдағы анықтауыштар жасайтын формаларға (есімшеге) табыс септігі жалғануын ғана көрсеткен.

3) Үйірлі пысықтауыштар. ҮМ-ді сабақтастың құрамында қарау ыңғайында себеп бағыныңқыны (Қоңырау соғылған соң, біз класқа кірдік), мезгіл бағыныңқыны (Мен барған сайын, Сәлім кітап оқып отырады. Поезд келген бойда, пассажирлер перронға шықты. Октябрь тойы болғанда, біз Алматыда едік.) үйірлі пысықтауыштар деп қате қарастырған. Қ.Шәукеновтің осындағы «Поезд келген бойға» дегенді үйірлі пысықтауышқа жатқызуын (Көрсетілген еңбек. Қ.Шәукенов. 82 б.) біз қате деп түсінеміз. Біріншіден, «Поезд келген бойға» сол кезеңге тән грамматикалық форма болса, оның мағынасы қазіргі қолданыс бойынша «Поезд келген кезде», «келгенде» немесе белгілерінің бірі субъект – предикаттылық қатынас немесе бастауыш-баяндауыштық қатынас болса, онда мұндағы компоненттердің жеке-жеке бастауыштары мен баяндауыштары бар (бастауыштары – поезд, пассажирлер; баяндауыштары - келген бойға, шықты). С.Жиенбаевтың жоғарыдағыша қарастыруы, әрине, тіл білімі тарихында болған функциональді принциптің (бағыныңқының сөйлемдегі қызметін басшылыққа алу) негізінде пысықтауыштық қатынастағы бағыныңқыларды үйірлі пысықтауыштармен шатастыруға әкеліп соқтырған. Қ.М.Есенов «Қазақ тіліндегі бағыныңқы сөйлемдердің дені қарым-қатынасына орай (өз басыңқыларымен) пысықтауыштық ыңғайда жұмсалады» (Көрсетілген еңбек. Қ.Есенов. 73 б.) - деген пікірі бағыныңқы мен үйірлі мүшелердің арасына шек қоймау сырын ұғындыратын сияқты.

Мысал ретінде келтірілген мына сөйлемдердегі асты сызылған пысықтауыштар сабақтастың бағыныңқы сыңарлары болып табылады: Көзіңді көзіне беттетпейтін күннің өткір сәулесі аппақ қарға шағылысқанда, күртіктің бетіндегі ұлпа, жұмсақ қардың әр түрлі жұлдыздары көпірте шашқан күмістің шаңындай жылт-жылт, жарқ-жүрқ етеді (Сәбит).

Заманнан заман өткенде, жас жетпіске жеткенде, Лениңдей ер көрдім (Жамбыл).

Тұяқбай Итбай аулына көшкелі, Амантай хабарласқан жоқ (Сәбит).

Көсе қой айдап келе жатса, бір адам пар өгізбен жер жыртып жүр екен.

Ойы ұнамды шыққан соң, Ботакөз қуанып кетті. (Сәбит).

Күн кешкіріп қалғандықтан, командир қарсы болған хоқ (Сәбит).

Тағы да солай тістей ме деп, Ботагөз ұмтылған қаздан қаша жөнелді (Сәбит).

Осылардағы «Күн жоқта күлімсірер жұлдыз бен ай», «Андрейдің өз үйінің іші тамағын ымырт жабылмай ішті» - деген сөйлемдердегі «күн жоқта», «ымырт жабылмай» тіркестері – бағыныңқы емес, үйірлі пысықтауыштар. Өйткені, бұл тіркестер сөйлемдік қасиеттерін жойып, интонациялық тәуелсіздігінен айрылған, бұнда іс-әрекеттің қашан, қай мезгілде болып тұрғанын көрсетіп тұр. Сонымен қатар, «Қоңырау соғылған соң, класқа кірдік» дегендегі басыңқының бастауышын (біз) бағыныңқының алдына қойсақ (Біз қоңырау соғылған соң класқа кірдік), онда «қоңырау соғылған соң» үйірлі пысықтауышқа айналады.

«Синтаксис мәселелеріндегі» «Үйірлі мүшелердің кейбір формалары туралы» деген бөлімінде айтқан мына ойлары қазіргі кезеңде де маңызын жойған жоқ: «Сабақтастың составында екі жай сөйлем болып, олар өзара сабақтасу процесінде бағыныңқының баяндауышы тәуелдік формасына түссе, оның

баяндауыштық функциясы жойылады деп есептемеу керек. Ол баяндауыштың бастауышы атауда тұра ма, ілік жалғауда тұра ма, бәрі бір. Мұндай мүше үйірлі мүше болып, былайша айтқанда, бағыныңқы сөйлем болып табылады. «Қаланы Асқардың күйдіртпегенін Итбай жақсы білетін» деген сөйлемдегі жай сөйлемге есептеп, күйдіртпегенін деген тәуелдік сөзді жалаң анықтауыш деп талдамау керек, бүкіл сөйлем сабақтас деп есептейміз, «Итбай жақсы білетін» деген бөлім басыңқы деп есептелу керек те, «қаланы Асқардың күйдіртпегенін» деген бөлім бағыныңқы толықтауыш деп ықшамдап айтқанда, үйірлі толықтауыш деп есептелу керек» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 27 б.). Изафеттік құрылыс арқылы берілген сөйлемдердің (жақсыз сөйлем) жақты вариантын жасау мүмкіндіктерінің болатынын (Қазір менің Ванядан айырылғым келмейді –Қазір мен Ванядан айырылғым келмейді) филология ғылымының докторы Ж. Сәдуақасұлы еңбектерінен (Ж.Сәдуақасұлы. Етістіктің жақ категориясы. 1994 ж., 111 б.) көруге болатын болса, «менің барғым келеді, сенің баруың керек, оның кеткісі келді» сияқты сөйлемдерді А. Әбілқаев еңбектерінде жақсыз сөйлемдер деп көрсетіп (А.Әбілқаев. Қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері. 1963 ж., 25 б.), М.Балақаев пен Ғ.Мадина мұндай сөйлемдерді жақты сөйлемдер қатарына қосады (Балақаев ... Қазіргі қазақ тілі. 1966 ж., 27 б., Мадина. Қазіргі қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер. 1959 ж., 78 б.). Бұдан шығатын қорытынды, С.Жиенбаев сөзімен айтқанда, «есім баяндауышты үйірлі мүшелерде осындай құбылыстар көп. Ондайда бастауыш кейде ілік септеуде тұра береді, бірақ олардың субъектілік мәні жойылмайды. Мысалы: «Мен оның Ленин екенін білмей қалдым» дегендегі толықтауыш – жалаң толықтауыш емес, сөйлемді толықтауыш. Оның бастауышы – ол, баяндауышы – Ленин, дәнекер сөз –екенін» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 29 б.). С. Жиенбаев субъектіні логикалық тұрғыдан танып, изафеттік құрылыстағы жақсыз сөйлемнің ҮМ ретіндегі қолданысын сол ыңғайда талдайды.

С. Жиенбаев үйірлі бастауыш пен үйірлі баяндауыш туралы: «Сабақтастың әдепкі құрылысында ... басыңқыға бағынатын ҮМ тек тұрлаусыз мүше бола алады», «онымен қатар, үйірлі бастауыштар мен үйірлі баяндауыштар да болады. Бұл – өзгешелеу структура. Мұнда ... тұтас сабақтас сөйлемнің екі бас мүшесінің бірі жай мүше түрінде айтылады да, екіншісі ҮМ түрінде айтылады. Сөйтіп, мұнда басыңқы сөйлем мен ҮМ-нің шегі болмайды, екеуі тұтасып кетеді» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 29 б.) – деп, ҮМ-ді бағыныңқы сөйлем деп тануға болмайтындай пікір айтса да, үйірлі бастауышты, үйірлі баяндауышты сөйлемдерді де апарып сабақтастарға қосады (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 29 б.).

Сонымен, С.С. Жиенбаевтың үйірлі мүшелер туралы айтқан пікірлерінен мынадай қорытындылар шығаруға болады:

1) Үйірлі мүшелерді сабақтастың бағыныңқысы (үйірлісі) деп танығанымен, оларды айырудың негізгі критерийлерін біршама дұрыс көрсеткен, осы категорияны тануға негіз салған.

2) Үйірлі мүшелер жөнінде соны пікірлер айтқан және де ол пікірлері сын көзбен қараған кісіге қазір де маңызын жойған жоқ. Мәселен, сөйлем мүшелерінің тұлғалық өзгеріске түсіп, сөйлем мүшелік қызметінің ауысуы арқылы, сөйлем мүшелерінің орын тәртібінің ауысуы арқылы үйірлі мүшелердің жасалуы, т.б.

3) Үйірлі мүшелердің мағыналарын, кей ғалымдар атап көрсеткендей, сөйлем мүшелерінің үш түріне ғана емес, барлық сөйлем мүшелеріне қатысты қарап, олардың тұлғалық, мағыналық ерекшеліктерін және синтаксистік қызметтерін айқындаған.

АЙҚЫНДАУЫШ МҮШЕЛЕР /приложение/

«Сөйлемнің оңашаланған мүшелері» (Халық мұғалімі. 1939 ж., №14., 36-39 б.) деген мақаласында С. Жиенбаев қазақ тіліндегі айқындауыш мүшелерінің құрылымдық, мағыналық, функционалдық табиғаттарын ашуға із салды десек те болады.

«Сөйлемнің оңашаланған мүшелері де (айқындауыш мүше –Б.Б.) көбінесе – дағдылы орнынан тыс тұрған сөздер. Ондай оқшауланған сөздердің қызметі – бір затты, я бір істі әдейілеп айту арқылы анықтау. Сөйлемде анықтау қызметін атқаратын сөздер – анықтауыштар. Олай болса, оңашаланған сөздердің функциясы да анықтауыштардың функциясымен бірдей. Бірақ, оларды жай анықтауыштармен салыстырғанда тұрған орны жағынан болсын, айтылу интонациясы немесе анықтап тұрған сөзімен байланысы жағынан болсын, өзгешелігі көп. Бұлардың оңашаланған мүше болып атану себебі де осындай ерекшелігі барлығынан»(Көрсетілген еңбек. 1939 ж., 35-36 б.) –деген тұжырымымен бұл құрылымды онан соң сөз еткен ғалымдарымыз да келіседі. Мәселен, М. Балақаев: «Айқындауышты анықтауыштың ерекше бір түрі дап қараймыз. Бірақ .. анықтауыш өзі анықтайтын сөзінен бұрын тұрса, айқындауыш онан кейін, соң тұрады. Айқындауыш өзі анықтайтын, түсіндіретін сөзінің мағынасын дәлелдейді, нақтылап, ерекшелей көрсетеді» (Қазақ тілінің грамматикасы. Ш бөлім. 80 б.) –десе, бұл тақырыпты арнай сөз еткен О.Күлкенова да бұл пікірмен келіседі (О Күлкенова. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз арты айқындауыштар. 4б.).

С.Жиенбаевтың аталған құрылымдары жіктеудегі ерекшелігі оларды орын тәртібіне сай, яғни анықталатын сөз бен айқындауыштың орналасуына сай екіге бөлуі. Біріншісі, оның өз сөзімен айтсақ, «дағдылы түрі – анықтайтын сөзінен кейін келетін айқындауыш» (Көрсетілген еңбек. 1939 ж., 36 б.). Мысалы: «Біздер, 19 мектеп оқушылары, балалар газеттерін үзбей оқып тұрамыз».

Ғалым анықталатын сөз түрленгенде, сол ыңғайда айқындауыш та өзгереді дейді (біздерге, 19 мектеп оқушыларына...). Ал анықтауыш мұндай өзгеріске түспейді, бұл олардың ерекшеліктерінің бірі дейді (үлкен кісі –үлкен кісіге). «Тұлға жағынан өзінің алдыңғы анықталатын сөзімен түрлес болуын» (Көрсетілген еңбек. 4.б.) айқындауыштарға тән жалпы ерекшелік ретінде қазір қалыптасқан.

Айқындауыштың екінші түрі деп – «анықтайтын сөздің алдында тұрып оқшауланатындарды» (Көрсетілген еңбек. 36 б.) атайды. Мысалы:

Одағымның бір гүлі
Кұс дауысты бұлбұлы -
Күләш сынды қызым бар (Жамбыл).

Бұлардың ерекшелігі ретінде айқындауышы бір сөз болғанымен (гүл, бұлбұл), олардың жанына анықтауыш сөздер (одағымның, құс дауысты) ере жүретінін ескерткен. Соған сәйкес бұлар анықтауыштарға айналуға бейім,

анықтайтын сөзінің алдында келетін жалаң айқындауыштар дағдылы анықтауышқа айналды дейді.

«Колхозшы Мергенбай келді, пионер Жәнібек модель жасады» дегендердегі асты сызылғандарды дағдылы анықтауышқа айналғандар дейді. О.Күлкенова зерттеу еңбегін «Қазіргі қазақ тіліндегі сөз арты айқындауыштар» -деп алса, қалған әдебиеттерде (М.Балақаев. Современный казахский язык. 1953 г., стр. 182 б.). С.Жиенбаев көрсеткен екінші түрін тек қосарлы айқындауыштарға қатысты қарастырады да, оңашаланған айқындауыштарға қатысты мұндай құрылымдар сөз етілмейді.

Егер «бұлар анықтауыштар сияқты тек синтаксистік емес, стилистика-синтаксистік амал болатын» (Көрсетілген еңбек. О. Күлкенова. 4 б) болса, онда, жоғарыдағы мысалға қарағанда, оңашаланған айқындауыштардың өзі анықтайтын сөзінің алдында келетіні, біріншіден, факт, екіншіден, олай болса, мұндай құрылымдарды стильдік қолданыстар ретінде тану керек сияқты.

С. Жиенбаевтың аталмыш мақаласы 1941 жылы шыққан «Сөйлемнің тыныс белгілері» атты кітабында жарияланды (С.Жиенбаевтың. Сөйлемнің тыныс белгілері. 1941 ж., 21-27 б.).

Ғалымның ғылымдағы бұл жаңашылдығын Ш.Әуелбаев ерекше атайды: «Қазақ тіліндегі алғы позицияларды атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар туралы кезінде дарынды ғалым С. Жиенбаевтың сөз қозғағаны белгілі. Бірақ бұл соны пікір ілгері дамытылмай, ескерусіз қалды. Қазіргі қазақ тілі оқулықтарымен пунктуациялық әдебиеттерде тек соңғы позициялы тұлғалас оңашаланған айқындауыштар ғана танылып, алғы позициялы атау тұлғалы оңашаланған айқындауыштар мен бірыңғай мүшелерден жасалған алғы және соңғы позициялы оңашаланған айқындауыштар туралы сөз болмайды»(Ш.Әуелбаев. Пунктуацияның қиын мәселері. 1977 ж., 66 б.).

Шындығында да, бұл тақырыпта әңгіме еткендердің барлығы да «Айқындауыш айқындалатын сөзден кейін тұрады» (Ф.Мұсабекова. Қаз.қазақ тіліндегі жай сөйлем пунктуациясының негіздері. 1959 ж., 69 б.), «Сөйлемде өзінен бұрын тұрған бір мүшенің мағынасын басқа бір сөз тіркесі арқылы айқындап, дәлдеп түсіндіретін айқындауыштың түрін оңашаланған айқындауыш дейміз» (Н.Оралбаева,..Қазақ тілі.1964 ж.,203б.), «Айқындауыштар өзінен бұрынғы сөзді екінші бір сөзбен айтып түсіндіреді» (Ғ.Әбуханов.Қазақ тілі.1967ж.,235б.) , «Дара сөз немесе сөз тіркесі өзінен бұрынғы сөздің мағынасын дәлелдеңкіреп, анықтай түсіп тұрса, оңашаланған айқындауыш болады» (Р.Сыздықова,..Қазақ пунктуациясының ережелері.1961ж.,46б.) деген анықтамалар ұсынып, сөз алды айқындауышы туралы еш сөз қозғамайды.

Оңашаланған айқындауыштардың ерекше түрлері ретінде мынадай мысалдарды келтіреді:

1) Мен Семейге, өзімнің үйренген жеріме келдім.

Мен өзімнің үйренген жеріме, Семейге келдім.

Мен өзімнің үйренген жерім - Семейге келдім.

Бұл үш сөйлемнің екеуіндегі асты сызылғандар айқындауыш мүше екендіктерінде дау жоқ. Мұндағы бір ескертетін жайт анықталатын сөз бен айқындауыш мүше стильдік қолданысқа сай қызметтерін ауыстырып қолдана алатындығы. Үшінші сөйлемдегі «өзімнің туған жерім деген» сөз тіркесі бұнда анықтауыш сұрағына жауап бермейді, яғни оңашаланған

айқындауыш дейді. Сол сияқты «Еңбекшіқазақ ауданының орталығы Ыссық плоселкесіне бардық» деген сөйлемдегі асты сызылғандарды да оңашаланған айқындауыштар қатарына қосады. Шындығында да, бұларды атау тұлғасындағы сөздерге барыс жалғауын қоссақ (жерім-е, орталығын-а), оңашаланған айқындауышқа айналған болар еді, бірақ мұнда айқындауыштық мән алдыңғы сыңарға емес, кейін тұрған сыңарға келеді.

2.) Бұл үйде Сара бар ма келсін бері.

(Мен) Іздеген келіп тұрмын Біржан Сері.

Екінші сөйлемдегі «Іздеген Біржан сері» тіркесін айқындауыш мүше деп көрсетеді. Мысалы: «Іздеген Біржан сері – мен келіп тұрмын», «мен, іздеген Біржан сері келіп тұрмын».

3.) «Мен өзім өлеңшімін. Сен өзің суретші екенсің ғой» дегендердегі жіктеу және өздік есімдіктер бір мүше ретінде танылып, ал олардың интонациялық және тұлғалық ерекшелеу арқылы оңашаланған айқындауыш ретінде қолдануға болатынын дұрыс көрсеткен. Мәселен: Менің өзіме бер - маған, өзіме, бер.

Жалпы, оңашаланған (айқындауыш-Б.Б.) мүшелердің мынадай негізгі белгілері болу керек дейді:

1.) Оңаша (термин-С.Жиенбаевтікі) сөйлемнің басқа бір мүшесін ерекше түрде айқындау үшін айтылады.

2.) Оңаша мүше сөйлем мүшесінің дағдылы орнында тұрмайды және бөлекше паузамен айтылады.

3.) Оңаша мүшенің тағы бір белгісі – сөйлем мүшесімен қиындасу (тіркесу), меңгеру, меңгерулі жөніндегі өзгешелігі.

4.) Оңаша айқындауыш кейде айқындауыштың дағдылы орнында да тұрады (анықтайтын сөзінің алдында). Бірақ, онда жай анықтауыштың сұрағына жауап бермей, оқшауланып тұрады, біраз паузамен айтылады.

5.) Оңаша сөздердің өздері анықтауыш сөздер ертіп жүре алады.

6.) Оңаша мүшелер сызықшамен, үтірмен бөлінеді, кейбіреулеріне ешбір тыныс белгісі қойылмайды.

Айқындауыш мүшелер туралы арнайы диссертациялық жұмыс та орындалды (Көрсетілген еңбек. О.Құлкенова), бір-бірінен ерекшеленетін пікірлер де айтылды (М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. 1995 жыл.), аталмыш құрылымдарды күрделенген сөйлемдер тобында өзгеше көзқараспен қарастыру да кейінгі кезеңдерде орын алып келеді (Х.М.Есенов. Синтаксис осложненного предложения в казахском языке. 1992 год.). Осыларды саралай отырып, айқындауыш мүшелерді синтаксистік категория екенін айқындауышы ретінде, оның негізгі белгілерін алғаш көрсетуші ретінде ғалымның аталмыш саладағы еңбектері құнды дүниелер болып қала береді деп ойлаймыз.

ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМ СИНТАКСИСІ.

Жалпы, қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдерді зерттеу тарихына көз салсақ, 30-жылдардың екінші жартысынан бастап қана ғылыми-зерттеу нысаны етіп алына бастады. Қазан төңкерісіне дейінгі жарық көрген қазақ тілі грамматикаларында құрмалас сөйлем арнайы сөз болған емес. Ал «күрделі сөйлем», «бағыныңқы сөйлем» деген мысалдар тіліміздің фактілеріне қарап емес, орыс тіліне аударылған мағыналарына сай шешілген. Сонымен қатар, оларды құрмалас сөйлем деп арнайы қарастырмай, етістіктің есімше, көсемше және рай түрлерінің синтаксистік қызметтерін айқындау мақсатында ғана қарастырған. Мысалы: «Бір кішкене құла тай үстіне тер қарып тұр екен. Кемпірдің мойны үзіліп өлді» (Краткая грамматика киргизского языка.1897.стр.37). Ол әкесінің артынан тұра жүгірді.» (В.Катаринский.Грамматика киргизского языка.1905.с.158-159).

Құрмалас сөйлем жөнінде тіліміздің табиғатына сай алғаш ғылыми пікір айтушы, құрмаласқа қатысты терминдерді алғаш ұсынушы ретінде қазақ тіл білімінің көшбасшысы А.Байтұрсынұлын атау керек. Өзінің «Тіл-құралында» (Көрсетілген еңбек.1925жыл.) сөйлемдер арасында екі түрлі жақындық: біріншісі - ішкі мағына желісі жөніндегі жақындық та, екіншісі - сыртқы қисын жақындығы барын айтқан. Тек мағына желісі бойынша жақындасатындарды «іргелес сөйлем», әрі сыртқы қисын жақындықтары барларын «құрмалас сөйлем» деп атаған. Құрмаластарды «сиыса құрмаласу», «қиыса құрмаласу» деп бөлген. Бұндағы «сыйыса құрмаласу» деп отырғаны – «Қарабай мен Сарыбай аңға шықты» тәрізді бірыңғай мүшелі жай сөйлемдер. Қиыса байланысқан құрмалас сөйлемдерді өзара тең дәрежеде байланысса, салалас түрі деп, тең болмай, кем дәрежеде (бағына дегені – Б.Б.) байланысса, сабақтас түрі деп қараған. Салаластарды жиылыңқы, қайырыңқы, айырыңқы, сұйылыңқы және қойылыңқы деп бес түрге бөлген. Мысалы: Үлкен бастар, кіші қостар. Мен бардым, сен үйде болмадың. Не сен тұрасың, не мен тұрамын. Сабыр түбі сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа. Не өгіз өлер, не арба сынар – екенің бірі болар, т.б. Термин ретінде жоғарыдағы атаулары қалыптасқан жоқ.

Ал сабақтастарды сөйлем мүшелерінің атымен атап, бастауыш бағыныңқы, анықтауыш бағыныңқы, пысықтауыш бағыныңқылар деп берген.

Құрмалас сөйлемдердің жасалуы жолдарына «Колхоз жастары, фабрик – завод мектептерінің оқу жоспары мен бағдарламасында» (Аталған бағдарлама. I –бөлекше. Қазақша, орысша. Тіл, әдебиет. Қазақ тілін құрастырғандар –С.Аманжолұлы) біршама көңіл бөлінген.

Профессор Қ.Жұбановтың құрмалас сөйлем жөніндегі пікірлерін жоғарыдағы үйірлі мүшелерге қатысты бөлімде қарастырғанбыз. Үйірлі мүшелі жай сөйлемдер қазақ тіл білімінде 50-жылдарға дейін құрмаластың сабақтасы ретінде қарастырылып келсе, осы тәріздес құрылымдар (Жұрт мақтайтын жырау – осы) күні бүгінге дейін түркі тілдерінде сабақтас құрмалас сөйлем деп танылуда (Қ.Есенов. Құрмалас сөйлем синтаксисі. 1995 жыл., 119 б.).

Қ.Жұбанов құрмалас сөйлемге қатысты «Қазақ тілінің програмында» (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. 1966 ж., 308+310 б.) тоқталып, құрмаластардың кей түрлеріне ішінара түсініктемелер беріп отырған. Аталған бағдарламада салаластың құрамындағы бірінші сөйлем баяндауыштары «еді» көмекші етістігі; шартты рай тұлғасы; көсемшенің –п форманты; да, және, тағы, сосын дәнекерлері; сол себепті, сондықтан, сүйтіп, бірақ, сонда да, сөйтсе де, я, әйтпесе, не болмаса, үйткені, неге десең, т.б. жалғаулықтар; осы, сол, бұл, есімдіктері арқылы жасалатынын атап көрсеткен. Бұдан байқалатындай, Қ.Жұбанов салаластарды айыруға мағыналық (логикалық) принципті басшылыққа алып, сол ыңғайда бағыныңқыларының баяндауыштары шартты рай мен көсемше тұлғалары арқылы жасалған сабақтастарды салаластарға жатқызған. Салаластарды логикалық тұрғыдан танитын көзқарастар С.Жиенбаевта да, Н.Т.Сауранбаевта да өріс алды.

Қ.Жұбанов салаластарды ыңғайлас, ереуіл, талғама, себеп-салдар, шарт-жағдай деп бөлген. Осындағы соңғы аталған түрін қазіргі қазақ тілі синтаксисінде 1960 жылдан бері ғана қолданып жүр (М.Балақаев, Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі.1961 ж.). Қ.Жұбановтағыдай емес, бұларда тұлғалық тиянақтылық негіз болған.

Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдерді С. Аманжолов пен Н.Т.Сауранбаевтың «Қазақ тілінің грамматикасында» (С.Аманжолов. ... Қазақ тілінің грамматикасы. 1939 ж.) біршама тәуір сипаттаған. Бұнда құрмалас сөйлемдер салалас, сабақтас және аралас деп үш топқа бөлінген. Салалас құрмалас сөйлемдерді қазақ тіл білімінде жалғаулықты, жалғаулықсыз деп бөлу тарихы да осы оқулықтан басталған. Бұрын сөз болып көрмеген көп бағыныңқылы сабақтас, оның сатылы, жарыспалы түрлері де осы оқулықтан бастап атала бастады.

Профессор С. Аманжолов 1940 жылы шыққан «Қазақ тілінің қысқаша курсында» (С.Аманжолов. ... Қазақ тілінің қысқаша курсы. 1940 ж.) салалас сөйлемдерді 20 түрге, сабақтас сөйлемдерді 18 түрге бөлген. Бұл көзқарастар С.Жиенбаевтың «Синтаксис мәселерінде» (Көрсетілген еңбек. 39-43 б.) арнайы сөз болған. Ол туралы кейінірек тоқталамыз.

Құрмалас сөйлемдерді арнайы зерттеп, докторлық диссертация қорғаған Н.Т.Сауранбаевтың еңбектері қазір де маңыздылығын жойған жоқ. Жалпы құрмалас сөйлемдер жөніндегі Сауранбаев көзқарастарын «Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі» (Н.Т.Сауранбаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. 1948 ж.) деген еңбегінен байқауға болады. Құрмалас сөйлемдерді ол іргелес, салалас және сабақтас құрмаластар деп үш топқа бөлген. Бұндағы іргелес құрмалас дегендері – салалас құрмаластардың жалғаулықсыз түрлері. Жалғаулықсыз салаластарды іргелес құрмалас деп жеке бөліп көрсету себептерін «іргелес құрмаласта салаластың да, сабақтастың да белгісі бар. Салаласқа тән белгісі – ондағы жай сөйлемдердің грамматикалық жағынан бір-бірімен тең дәрежеде құрмаласатындығында және сөйлемнің баяндауышы тиянақты қалыпта болатындығы. Бұл екі қасиет іргелес құрмаластарды салалас құрмаластармен жақындастырады. Ал іргелестерді сабақтастармен жақындастыратын белгі – іргелестегі жай сөйлемдер ішкі мағына жағынан

бір-бірін сипаттап, бір-біріне тәуелді болып байланысады» (Көрсетілген еңбек. 1948 ж., 27-28 б.), «Қазіргі қазақ тіліндегі орын тепкен салаластар, сабақтастар тарихы осы іргелестердің ингредиенті (осыдан бөлінген –Б.Б.) екендігі айқындалады. Ал іргелестегі жай сөйлемдер ішкі мағына жағынан сабақтасып байланысады да, сыртқы құрмаласу формасы жағынан салалас болып келеді» (Көрсетілген еңбек. 1948 ж., 28 б.) –деп түсіндіреді. Яғни, құрмаластың жалғаулықсыз салалас түрі тарихи тұрғыдан бірінші пайда болып, жалғаулықты салалас пен сабақтастар содан өрбіген түрлері, демек, бұлар бір-бірінен ажыратылып, үш бөлек ат алуы керек дейді. Осылай жүйелеу арқылы құрмалас сөйлемдерді жіктеудегі ала-құлалықты жоюға әрекет жасаған сияқты.

Сабақтастарды жіктеуде бағыныңқы қызметін «логика-грамматикалық жақтан бағыныңқылар басыңқы сөйлемдегі бір мүшенің қызметін атқарады, соның орнына жүреді» -деп түсіндіреді, сабақтастарды, негізінен сөйлем мүшелерінің атымен былайша жіктейді: 1) анықтауыш бағыныңқылы сабақтас; 2) пысықтауыш бағыныңқылы сабақтас; оның ішінде: мезгіл пысықтауыш бағыныңқылы, себеп пысықтауыш бағыныңқылы, амал пысықтауыш бағыныңқылы, мақсат пысықтауыш бағыныңқылы сабақтастар; 3) толықтауыш бағыныңқылы сабақтас; 4) шартты бағыныңқылы сабақтас; 5) қарсылықты бағыныңқылы сабақтас; салыстырма бағыныңқылы сабақтастар (Көрсетілген еңбек. 1948 ж., 62 б.).

Үйірлі мүшелі сөйлемдерді, егер үйірлі мүшеде бастауышы болмаса, үйірлі мүшелі жай сөйлем деп, бастауыштары болса, анықтауыш бағыныңқылы сабақтас деп түсіндіреді. Соңғы еңбегінде үйірлі мүшелі құрмалас деп құрмаластардың салалас, сабақтас және араластардан кейінгі төртінші түріне жатқызады (Н.Т.Сауранбаев, ... Қазіргі қазақ тілі. 1954 ж.).

Құрмаластарды жіктеудегі қарама-қайшылықтар қазақ филологтары арасында 50-жылдардың аяғына шейін болып келді. Ол қарама-қайшылықтардың мәні жалпы құрмаластардың классификациялануында, оның ішінде оларды жіктеудегі бірде таза логикалық, бірде логика-грамматикалық тәсілдер қолданып, соңғы кезде таза грамматикалық (құрылымдық) ерекшеліктерін негізге алуында ма деп білеміз.

Жалпы алғанда, құрмалас сөйлемнің салаласа байланысқан түрін ажыратқан кезде көп қиындық кездесе қоймайды. Құрмалас сөйлемді жіктеудегі қарама-қайшылықтар қазақ тіл білімінде, негізінен, құрмаластың сабақтас түріне қатысты болып келеді. Түркітанудағы келіспеушіліктер де осы ыңғайда туындап жүр.

Салаластардың жалғаулықсыз түрін құрмалас сөйлемнің жеке бір түрі ретінде қарастырылуы Сауранбаев еңбектерінде орын алғанын жоғарыда атап өттік. Бұлай жіктеу өзбек тіл білімінде Г.А.Абдурахмановта кездеседі (Г.А.Абдрахманов. Основы синтаксиса сложного предложения современного литературного узбекского языка. АДД. Ташкент. 1960). Ол құрмаластарды – жалғаулықсыз құрмалас, салалас құрмалас, сабақтас құрмалас сөйлем деп үшке бөледі, соған сәйкес жасалу жолдарын, мағыналық өрістерін саралап көрсеткен. Оның пікірлері Сауранбаевпен үндес. Қазіргі қазақ тілінде де құрмаластарды, жалпылама жалғаулықсыз және жалғаулықты деп екіге бөлу кездеседі. Олар «сыртқы тұлғасы оның ішкі құрылымымен

байланысты болады. Сондықтан да әрбір сөйлемнің тұлғалық ерекшеліктеріне қарай атқаратын қызметі де бөлек болады. Жалғаулықсыз сөйлемдер жалғаулықтардың жай түсіп қалуы емес, құрмалас сөйлемнің өз алдына бөлек бір түрі деп есептейміз» (Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. Алматы. 1975ж., 207 б.) деген пікірлер білдіреді.

Қазан төңкерісіне дейінгі түркітанушылардың еңбектеріне зер салсақ, олардың негізінен сабақтас сөйлемдерге көбірек тоқталғанын байқаймыз. Оның себебі, үндіеуропа тілдеріндегі сабақтастардың түркі тілдеріндегі сабақтастардан құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері жағынан өзгешеліктері көп. Бірақ, олардың төңкеріске дейінгі, тіпті төңкерістен кейінгі түркітанушылар да өз еңбектерін ғылыми аспектіде емес, практикалық мақсатта зерттеуге бағыттады. Түркітанудағы құрмалас сөйлемнің проблемаларын шешу, теориясын жасау ісі 30-жылдардан кейінгі уақытта қолға алына бастады.

30-жылдар ішінде қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем мәселелері бойынша Қ.Жұбанов, Х.Басымов, С.Аманжолов, Н.Сауранбаев және М.Балақаевтармен қатар, зерттеуіміздің нысаны - С.Жиенбаев та елеулі еңбек атқарады.

С.С.Жиенбаевтың құрмалас сөйлем жөніндегі пікірлері, негізінен, «Синтаксис мәселелері» (Құрмалас сөйлемдерді таптастыру принциптері) атты еңбегінде жинақталған.

Еңбек жалпы алғанда, құрмалас сөйлемдерді таптастыруға арналғанымен, бұнда сонымен қатар сөйлем мәселелері де қоса қамтылған. Олар туралы алдыңғы бөлімде айтып өткенбіз. Бұлайша құрмалас сөйлем мәселелерін жай сөйлеммен бірлікте, байланыстыра қарауын «жай сөйлем мен құрмалас сөйлем арасында белгілі бір байланыс, тетелісілік болу шарт. Сонда ғана синтаксисте система сақталады» (Көрсетілген еңбек. 1941.3 б.) деп түсіндіреді. Сол сияқты, «Құрмалас сөйлем синтаксисінде де сөйлем мүшелерінің қызметі қарастырылады. Бірақ құрмалас сөйлем мүшелері деген жай мүше емес, сөйлем мүше» екенін айтып, құрмалас компоненттерінің байланысы екі жай сөйлемнің жай тіркесі емес, бірін-бірі анықтаушы, толықтырушы ойлар тіркесі, яғни сөйлемдер тіркесі екенін дұрыс ескерткен. Еңбек, жалпы құрмалас сөйлем синтаксисіне арналғанымен, бұнда, негізінен, сабақтас сөйлемдерге көп орын берілген. Бағыныңқылардың қызметтерін сөйлем мүшелерінің қызметімен пара-пар қойып, оның мағыналық негізі ретінде алдымен сөйлем мүшелерінің қызметтерін саралауда оның ішінде тұрлаусыз мүшелерді жіктеудегі қиын мәселелерден бастаған. Қазақ тіліндегі тұрлаусыз мүшелердің жіктелуіне, жалпы түркітанудағы тұрлаусыздарды жіктеудегі көзқарастарға (Дыренкова. Грамматика ойротского языка; Санжеев. Грамматика калмыцкого языка.), орыс тіліндегі тұрлаусыз мүшелер мен қазақ және түркі тілдеріндегі тұрлаусыз мүшелердің тұлғалық, мағыналық ерекшеліктеріне тоқталып, жан-жақты талдау жасаған. Оның ішінде жалпы түркі тілдерінде көп шатастырылатын мекен пысықтауыш пен толықтауыштарды ажыратуға байланысты ұсыныстарының мәні зор болады.

Синтаксис мәселелері жөніндегі зерттеулерге зер салсақ, құрмалас сөйлем, әсіресе, оның сабақтас түріне байланысты еңбектер өте көп

кездеседі. Жалпы, тіл білімінде сабақтастардағыдай қарама-қарсы пікірлер сайысы көп кездесетін сала аз. Ғылымдағы қарама-қарсы ағымдардың түйісетін, ымыраға келетін тұстары да болады. Тілші-түркітанушылар арасында сабақтастарды тануға тұлғалық және мағыналық ерекшеліктерін негізгі алатын екі пікірлер тобын ерекше атауға болады. Олар – тұлғалық және мағыналық (логикалық) бағыттар.

Тұлғалық бағыттар бағыныңқының негізгі белгісі ретінде оның тек баяндауышның тұлғасын алады. Егер баяндауышы бастауышымен қиысса, сөйлем ретінде танып, олай болмаса, оларды тек үйірлі, жайылма, сөйлем тектес мүшелер деп таниды.

Бағыныңқыны мағыналық жағынан танитындар бағыныңқыны танудың негізі (критеріі) ретінде тіркестің беретін мағынасын алады: орыс тіліне аударғанда бағыныңқы болатын болса, оның формасының қандай болғанына қарамастан, бағыныңқы сөйлем деп таниды.

Бұдан шығатын қорытынды: біріншілері бағыныңқылардың көбін бұл топтан шығарып тастаса, екіншілері анықтауыштық және предикативтік қатынастар арасына шек қоймайды, яғни тілдің өзіндік ерекшеліктерін (спецификасын) ескермейді.

Бұның алғашқы түрі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тіл білімінде де орын ала қойған жоқ.

Бағыныңқыны, оның ішінде сабақтастарды тануда қазақ тілшілерінің ішінде екінші бағытты ұстаушылардың қатарында С. Жиенбаев та бар.

Жалпы «кұрмалас сөйлем – компенеттері бір-бірімен органикалық байланыста, берік бірлікте тұратын және бір-біріне бағынышты, өзара шарттас болып келетін мағыналық бір бүтін» (Қазақ тілінің грамматикасы. 2бөлім. Синтаксис. 1967 ж. 148 б.) болады, яғни ондағыдай сөйлемдер бір-біріне мағыналық, тұлғалық немесе интонациялық жағынан байланысты, бағынышты болады. Екі компоненттің алдыңғы сыңары мағыналық болсын, тұлғалық болсын, интонациялық болсын тиянақсыз болып келеді. Кұрмаластарды байланыстыруды олардың алдыңғы сыңарының баяндауышы, сол баяндауыштың формасы негізгі қызметтердің бірін атқарады. Осы ретте баяндауыштардың жалпы тұлғалық ерекшеліктеріне тоқталып өтеді. Есім мен есімше тұлғалы баяндауыштардың қолданыстарын талдай отырып, қазақ тілінде егістіктермен қатар есімдердің де баяндауыш қызметінде көп қолданылатынын атап көрсетеді, сонымен қатар баяндауыштарды жіктік жалғауынан емес, тек мағынасынан айырамыз дейді. Мысалы: Сауытта су бар – Бар су сауытта. «Есімше, көсемшелердің жалпы құрылысы орысшадағыға біраз сәйкес бола тұрса да, олардың синтаксистік қызметі орысшадан көп өзге, онан анағұрлым кең жатыр. Қазақша біз барған ауыл, біз келген ауыл деп бәріне есімшенің бір-ақ формасын жаратамыз және біз келген ауыл дегеніміз біздің келген аулымыз, біздің шыққан аулымыз деген мағынаны да көрсете алады. Орыс тілінің синтаксисі мұндайды білмейді. Мысалы, жоғарыдағы есімшелі сөйлемдерді орыс тіліне аударамыз десек, оған орыстың причастиесі жеткіліксіз, басқа формалар қолдануға тура келеді» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 7 б.) –деп, өзі үйірліні сабақтастың бір түрі деп таныса да есімше формалы сөздерді қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктерінің бірі екендігін дұрыс көрсеткен.

Құрмалас сөйлемдерді таптастыруға баяндауыштың қызметін «құрмалас сөйлем системасындағы формалық критеридің ең негізгісі, біздіңше – бағыныңқы сөйлемнің баяндауыштық формасы. Жалғыз сабақтаста ғана емес, салаласта да осы белгі (салаласқан сөйлемнің алдыңғысының формасы) зор орын алады. Сондықтан, сөйлем таптастыру жөніндегі әңгімемізді, алдымен, баяндауыштың формасына байланыстыра отыруға тура келеді» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 9 б.) –деп, ерекшелік көрсеткен.

Құрмаластағы бағыныңқы сынардың көсемше формасында келген түрін сабақтастарға жатқызамыз ба, салаластар қатарына қосамыз ба деген пікір таластары тек қазақ тіл білімінде ғана емес, жалпы түркітануда да таласты болғаны белгілі. Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлемдерде көсемше пысықтауыштық қызметте көп қолданылатын форманың бірі болса, құрмаластарда мағынасына қарай алдыңғы сынары көсемшеге біткен сөйлемдер бірде тең дәрежеде, бірде екіншісіне бағынышты болып келеді. С. Жиенбаев құрмаластағы көсемше баяндауыштың қызметін логикалық тұрғыдан танып, «көсемшелі құрмаластарымыздағы салалас пен сабақтастарымыздың ара жіктері тым жақын» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 10 б.) –деп есептейді. Мысалы: Қайғыдан халқым айырылып, Бақыт құсын ұстадым (Жамбыл). Әуеде жыршы құстар өлең айтып. Қику салар көлдегі қаз бенен қу (Абай) дегендер – салаластар; Бастықта жұмысым болып, кеңсеге келдім деген – сабақтас. Бұны қазақ тілінің құрмалас сөйлем системасындағы бір ерекшелік деп таниды. Шындығында да, бұндай формалы сөйлемдерді салалас мәнді болсын, сабақтас болсын, оларды тұлғалық тиянақсыздығына сәйкес шартты түрде сабақтасқа жатқызып жүргеніміз рас.

Міне, осы ыңғайда салыластарды топтастырғанда олардың түр-түрінің қалыпты түрлерінен кейін көсемше баяндауыштар деп қарастырған. Бұл типті сөйлемдерді С. Жиенбаевпен қатар, Қ.Жұбанов та (Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, 1966 ж.,359 б.), кейінірек Н.Т. Сауранбаев (Н.Т.Сауранбаев. Қазақ тіл білімінің проблемалары. 193 -194 б.) пен Ғ.Бегалиевтер (Ғ.Бегалиев. Құрмалас сөйлем. 1941 ж., 4 б.) де осы мәнде қарастырған. М. Балақаев мұндай сөйлемдерді екі жақты (Қазақ тілінің грамматикасы. 2 –бөлім. Синтаксис, 1967 ж., 125 б.) деп қарастырып, шартты түрде сабақтастарға жатқызған. А. Ысқақов тұлғалық жағын негізге алып, сабақтастарға жатқызған (Халық мұғалімі. №23-24. 1940 ж.).Ал С. Аманжолов бұларды үлестес сабақтастар деп атайды (С.Аманжолов. Көрсетілген еңбек. 1940 жыл. 132 б.).

С. Жиенбаев салаластарды 1.) ыңғайлас салалас, 2.) қарсылас салалас, 3.) талғаулы салалас және 4.) себеп –салдарлы салалас құрмалас сөйлем деп төрт топқа бөліп қарастырады.

Салаластардың негізгі тұлғалық белгісі етіп алдыңғы сынарларының бастауыш, баяндауыштарының өзара қиысып тұруын алады. Ал көсемшелі құрмаластарды салаластардың ерекше түрі ретінде қарастырады.

Енді осыларды жеке-жеке қарастырып көрейік:

1.) Ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем. «Ыңғайлас салаластардың мағыналары бірыңғай келеді. Олардағы уақиға, фактілер я бір мезгілде, я

біріне-бірі тете келеді, немесе бірін-бірі анықтап, толықтырып тұрады» (Көрсетілген еңбек. 1941. 11 б.) –деп, қазіргі қазақ тілінде мезгілдес, салыстырмалы, кезектес және түсіндірмелі деп жүрген салалас сөйлем түрлерін ыңғайлас құрамында бір жерде қарастырған.

Мысалдарын қараңыз:

1. Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,
Масатыдай құлпырар жердің жүзі (Абай).
2. Көшелерім көк плющ,
Өмір қызық, көңіл шат (Саяділ).
3. Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің лағы ем (Абай).
4. Ел еңсесін көтерген
Шаттық заман кез келді
Өмір берді Сталин,
Бозбаламын мен де енді (Нұрпейіс).
5. Қарабай мен Сарыбай аңға шықты,
Екі дос бірін-бірі сүйді, құшты («Қозы –Көрпеш ...»).
6. Әлібектің оқыған мектебі де – үлгілі мектеп, және де өзі де тырысып оқиды.
7. Колхозда, бір жағынан, шөп те шабылып жатыр, әрі ерте піскен егінге де орақ түсті.
8. Арықтың құйысы телегей-теңіз, айдын көл: бұл күріштің егістігі (Әбділдә).

Бұлардың 1,2,5,7 сөйлемдер қазіргі жіктеу бойынша мезгілдес салалас та, 3-іншісі – салыстырмалы салалас, 4-іншісі – себептес, 8-іншісі – түсіндірмелі салаластар. С.Жиенбаевтың түсіндіруінше, «ыңғайлас салаластардың мағыналары бірыңғай келеді, олардағы уақиға, я фактілер – бір мезгілде, біріне-бірі анықтап, толықтырып тұрады». Сонымен қатар, «салаластың ең дағдылы түрі де – осы ыңғайлас сөйлемдер болу керек». Сондықтан тілімізде мұндай конструкциялар да жиі ұшырасады. Қарсылықты мен себеп-салдарлы сөйлемдер негізінде тек формалық белгілерінен ғана білінеді, ал мағыналық жақтарына келсек, олар сабақтастарға барып ұштасады (мұндай ара қатынас сабақтаста да бар) (Көрсетілген еңбек. 1941. 11 б.) –дейді. Бұлай деулерінің де негіздері жоқ емес. Бұлардағы салаластардың мағыналық түрлерінің көбеюін, олардың мағыналарын нақтылайды, дегенмен де, мектеп бағдарламасында олардың санын азайтып, жинақтаған да артық болмас еді. Жоғарыдағы мысалдардан байқағанымыздай, ыңғайлас құрмалас құрамында мезгілдес салаластармен қатар, салыстырмалы, себептес және түсіндірмелі салаластарды да қамтыған. Себептес сөйлемдердің бір тобын ыңғайластар қатарында қарау себебін бұлардағы себептестік мән өте кең жалпылама мағынадағы себептестік деп түсіндіреді. Ал салыстырмалы және түсіндірмелі салаластарды ыңғайластың құрамында қарастыру себептерін оған берген ережеден-ақ байқауға болады (Көрсетілген еңбек. 1941. 11 б.).

Ыңғайлас салаластардың көсемше баяндауыштыларына мынадай мысалдар келтіреді:

1. Әуеде әнші құстар өлең айтып,

Қиқу салар көлдегі қаз бенен қу (Абай).

2. Аздан соң ас жиылып, тілмаш кетті (Мұхтар).

3. Олар ауылда қалып, біз жүріп кеттік (Көрсетілген еңбек. 1941. 11 б.).

2.) Қарсылықты салалас құрмаластар. «Қарсылықты салаластың бірінде айтылған сөз (ой) екіншісіне қайшы келеді. Бұлардың араларына – бірақ, сонда да дегенмен, сүйтсе де деген сияқты жалғаулықтар, я болмаса жалғаулық мәнді сөздер тұрады. Өлеңді сөздер, әсіресе, ауыз әдебиетінде жалғаулықтардың айтылмайтындары да болады» (Көрсетілген еңбек. 1941. 11-12 б.) –деп анықтама береді. Берілген сөйлем қарсылықты болу үшін оның жалғаулықсыз түріне жалғаулық қою арқылы тексеру керек дейді. Мысалы: «Қылыш жарасы бітер, сөз жарасы бітпес» дегенді «Қылыш жарасы бітер, бірақ сөз жарасы бітпес» деп, өзгертуге болады, яғни оның қарсылықты мәні айқын көрініп тұр. Ал, «Ол әрі кетті, мен бері кеттім» дегенді «Ол әрі кетті, бірақ мен бері кеттім» деп айтуға болмайды, оның қарсылықты мәні әлсіз болғандықтан, ыңғайластың құрамында қарастырылуы керек дейді.

3.) Талғаулы салалас құрмалас сөйлем. «Мағыналары я бірыңғай емес, я біріне-бірі қарсылықты емес, екі жақты болып келген сөйлемдер талғаулы салалас болады. Талғаулы деген термин кең мағынада алынады. Дәл мағынасындағы талғаулы сөйлемдер де, бұрынғы кезектес, бейтарап аталып жүрген сөйлемдер де осы талғаулының тобына қосылады» (Көрсетілген еңбек. 1941. 12 б.) деген анықтама береді.

Автордың талғаулы мен кезектесті ажыратпай, екеуін де бір жерде талғаулы салалас деп қарастырудың мәні – олардың бойындағы жалпылық «екі жақты» мағына ұқсастығын алған. Қазір бұлар ажыратылып, жеке қарастырылып жүр. Басты себеп – олардағы оқиға, іс-әрекеттердің орындалу көрінісінің әр жақты болуына негізделеді: жоғарыда көрсетілгендей, талғаулы салаласта оқиғаның орындалуы көрінісінің әр жақты болуына негізделеді: жоғарыда көрсетілгендей, талғаулы салаласта оқиғаның орындалуы компоненттің біреуінде ғана болса, кезектесте – екеуінде де кезектесіп орындала беретін болады (Қ.Есенов. Құрмалас сөйлемдер синтаксисі. 1995 ж., 43 б.).

4.) Себеп-салдарлы салалас құрмалас сөйлем. «Салаласқан сөйлемдер бір-бірінің себеп нәтижесі болып келесе, себеп-салдарлы болады. Оларды жалғаулығы үйткені, сондықтан, сол себепті және т.б. осы мәндес сөздер»
1. Көрсетілген еңбек. 1941. 12 б. . Салаластың бұл түрінде де кейбір салаластарды себептестік мағыналарының кең, жалпылық сипатта болуына байланысты жоғарыдағы қарсылықты салаластардағыдай ыңғайластардың құрамында қарауды ұсынады. Мәселен, «Қоңырау соғылды да, балалар класқа кірді». «Үйге Әлішер келді де, екеуміз киноға бардық» дегендерді ыңғайлас салаластар деп, «Қоңырау соғылмады да, балалар далада тұра берді». «Үйге Әлішер келді де, киноға бара алмадық» дегендерді себеп-салдарлы салаластар деп ажыратады.

Салаластарды жіктеудегі С.Жиенбаев классификациясының ерекшеліктері: біріншіден, оларды неғұрлым жинақылап, топтауға ұмтылуында; екіншіден ерекшелігі салаластарды логикалық тұрғыдан

танып, көсемше баяндауышты құрмаластарды тұлғасы жағынан – сабақтас, мағыналық жағынан салаласа байланысқан сөйлемдерді ғылыми әдебиеттерде болса да (мектеп оқушыларына қиындық келтірмес үшін жоғарыда аталғандарды шартты түрде сабақтас құрамында қарастыруға болады деген пікірі бар (Көрсетілген еңбек. 1941. 10 б.), салалас құрамында қарауды ұсынуы. Сонымен қатар, ыңғайластарға көп мән беріп, оларды салаластардың нақтылы түрі ретінде тануы, қарсылықты және себеп – салдарлы салаластарды нақтылай түсу үшін жасаған әрекеттері негізсіз емес деп ойлаймыз. Тіліміздің сөздік қоры молаюымен қатар, оның жаңа стильдік қолданыстарына сәйкес жаңа синтаксистік құрылымдар пайда болды. Сол ыңғайда құрмаластардың мағыналық ауқымдары да кеңейді. Қоғамдағы ғылымның, ойдың дамуы формаларды да дамытатыны сияқты, салаластарға байланысты грамматикалық ұғымдардың кеңеюі де заңды нәрсе. Олай болса, салаластарға да байланысты «С. Жиенбаевтың мынадай қателері болды, мына айтқан ойлары дұрыс емес» деген сияқты сыңаржақтылықтан гөрі, олардың, ғалым пікірлерінің маңызды жақтарын жинақтауға тырыстық.

Құрмаластың салаласынан гөрі сабақтастарына байланысты зерттеу еңбектер жалпы тіл білімінде болсын, түркітануда болсын өте көп кездесетінін жоғарыда айттық. Бұндай ерекшелік, сонымен қатар, қазақ тіл біліміне тән. Және аталмыш категорияға қатысты қайшылықты пікірлер қазақ тіл білімінде де болмай қойған жоқ. Ондай қайшылықтардың туындауына ең басты себеп тіліміздің алғашқы грамматикаларын жазушылар, негізінен миссионерлік бағыт ұстады, соған орай тіліміздің ішкі заңдылықтарына жете мән берілмеді, тек ауыз әдебиеті материалдарына сүйеніп, тіліміздің ерекшеліктерін орыс тіліне аударылған мағынасында түсіндірді. Сонымен қатар, «кеңес үкіметі тұсында қазақ әдеби тілінің қарқынды дамып, осындай дәрежеге жетуімен қатар (өсумен қатар – Б.Б.), келешегінің күңгірттеніп, құрылымдық-жүйелік сипатының өзгере бастау тенденциясының болғанын, орыс тілінің әсері мейлінше ұлғайып, тек жекелеген сөздердің, терминдердің аударылмай, сол күйінде, орыс тіліндегідей түрінде ғана емес, сонымен бірге сөйлем құрылысында, сөз саптау ерекшеліктерінде, сөз байланыстарында орыс тілінің танымсыз ықпалы байқалып отырды» (С.Исаев. Қазақ әдеби тілінің тарихы 1996 ж., 294 б.).

Жалпы бағыныңқының, немесе сабақтастардың формалық ерекшеліктері құрмалас сөйлемнің даму тарихына байланысты нәрсе. Құрмаластардың даму тарихы туралы С. Жиенбаев: «Қай тілдің болса да ілгері дәуірлерінде сөйлем структурасы онша күрделі болмайды. О бастағы негізгі конструкциялар жай сөйлем болып отырады да, сол сөйлем туады. Лингвистиканың қорытындылары бойынша, құрмаластың сабақтас, салалас түрлерінің өзі қатар тұмайды. Құрмаластың алғашқы түрі – салалас құрмалас. Салаластың өзі де – тілдің, онымен қатар, ойлау процесінің біраз күрделіге айналғанының белгісі» (Көрсетілген еңбек. 1941. 11 б.)-деп, дұрыс қорытынды жасаған. Профессор П.Ф.Яковлевтің құрмалас сөйлемдердің даму тарихы туралы айтқан пікірлерін келтіре отырып, «тілдердің даму тарихында көп мәселелерле бірыңғайлылық барын ескерте кетпекшіміз. Бұл

жалғыз Яковлевтің ұсынып отырған принцибі емес, лингвистикада жалпыға танылған принцип» дей келе, тілді зерттеудегі тарихи принциптің маңыздылығын көрсетеді.

Жай сөйлем құрамына енген сөздер бір-бірімен грамматикалық қалай тығыз байланыста тұрса, құрмаластар құрамына енген жай сөйлемдерде бір-бірімен сондай тығыз байланыста болады. Тек мағыналық байланыс арқылы жай сөйлемдердің бастары бірігіп, күрделі бір бүтін болады. Бұндағы жай сөйлемдер байланысы бірде теңдік дәрежеде салаласа байланысса, бірде бір-біріне меңгеріле, бағына байланысу арқылы сабақтаса байланысады. Жалпы құрмалас сөйлемдер бір-бірімен әр түрлі дәнекерлер, амал-тәсілдер арқылы байланысады. Құрмаластардағы компоненттерді бір-бірімен байланыстыратын өнімді жолы – бірінші сөйлем баяндауышының тиянақсыз тұлғада келуі. Осы ыңғайда, С.Жиенбаев та: «Құрмалас сөйлем системасындағы формалық критеридің ең негізгісі, біздіңше – бағыныңқы сөйлемнің баяндауышының формасы» (Көрсетілген еңбек. 1941. 11 б.) –деп сабақтастар жөніндегі талдауларын бағыныңқының формасынан бастайды.

Көсемше арқылы байланысқан құрмалас сөйлемдерді салаластарға да, сабақтастарға да мағыналық тиянақтылығына байлынысты жатқызғанын жоғарыда айттық. Өткен шақтық көсемшенің дәнекерлігі арқылы сабақтастардың бірсыпырасында бағыныңқы компонент басыңқы компонентке тек тұлғалық жағынан ғана тәуелді болады да мағынан жағынан тиянақты, басыңқының ешбір мүшесіне меңгерілмей, онымен салаласа байланысады. Бұндай қатынастағы сабақтастар шартты түрде (формалық тиянақсыздығына қарай) танылған деп түсіну керек сияқты. Бұл туралы Қ.Есенов: «Мұндай мақсат – тұлғалық тиянақсыздықтағы бірізлілікті сақтау» (Көрсетілген еңбек.Қ.Есенов . 1995 ж., 17-18 б.) деп ескерткен болатын

Көсемшеден басқа бағыныңқы баяндауыштарының формасына келтірілген бірлі-жарым мысалдары болмаса, жалпы бағыныңқы баяндауыштары «я етістіктен, я есімнен болады» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 11 б.) - деп қана кетеді.

Сабақтар мен салаластар арасында мағыналық параллельдер болатыны белгілі (қарсылықты бағыныңқы – қарсылықты салалас, себеп бағыныңқы – себеп-салдар салалас, т.б.) Бұлардың ерекшелігі ретінде салаластарда – алдыңғы сыңар баяндауышының бастауышымен қиысуын, сабақтастарда бағыныңқы баяндауышының тиянақсыз болып келуін алады.

Орыс тіліндегі «придаточное предложение» мен қазақ тіліндегі «бағыныңқының» мағыналық сәйкестігі бары, балама ретінде жұмсалатыны белгілі. Бірақ бұлардың арасында елеулі айырмашылықтар да бар, С.Жиенбаев осындай айырмашылықтардың бірі ретінде интонациялық ерекшелікті атайды: «Орыс тілінің бағыныңқылары мен басыңқыларының арасында арнаулы пауза болады және дауыс та құбылып тұрады. Бағыныңқылардың барлығы да онда басыңқыға түрлі көмекші сөздер арқылы жалғасады (что, когда, который, т.б.). Ал біздің бағыныңқыларымыздың ішінде баяндауыштары шартты раймен келгендердің және есімшеге –мен қосымшасы жалғанғандарында ғана айрықша интонация болады да, онан басқаларының айтылуы жай мүшенің

айтылуындай, жай мүше сияқты келесі мүшеге жанасып тұрады және араларында жалғаулық дәнекер болмайды» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 14 б.). Мысалы: Поезд келгесін, билет сатыла бастады – Билет поезд келгесін сатыла бастады. Шындығында екінші қолданыста, яғни бағыныңқы басыңқының алдына кіріккенде дауыс кідірісі мүлдем білінбейді. Құрмаластың сабақтас түрлеріндегі бағыныңқы сөйлемдердің басыңқыларынан бұрын орналасуы – түркі тілдерінің табиғатына тән құбылыс. Солай бола тұрса да, бағыныңқы компоненттердің басыңқысының ортасына кірігуі, басыңқысынан кейін келуі сияқты құбылыстар жиі кездесіп отырады. Бұндай құбылыстардың мәні:

1.) Жай сөйлемдерді жанаса байланысқан сөздердің айтылмақ ойдағы мәніне қарай баяндауышна бірде алшақ, бірде –қатар орналасуы сияқты құбылыс (Мен ауылдан кеше келдім –Кеше ауылдан мен келдім.) және де бұлар, көбіне, мезгіл бағыныңқы сабақтасқа тән құбылыс, сонымен қатар, бұнда сабақтастың бағыныңқысы басыңқының ортасына кірігеді;

2.) Бағыныңқының басыңқы сөйлем соңынан орын ауысып келуі, инверциялануы, Қ. Есеновтің айтуы бойынша, бұндай сирек кездесетін құбылыс, көбіне халықтық поэзияда, ішінара прозада, мәселен С. Мұханов шығармаларында, кездесіп отырады және шартты сабақтас құрмаластарда болады (Көрсетілген еңбек. Қ.Есенов. 1995 ж., 111 б.), қазақ тілінде, жалпы түрік тілдерінде де, құрмаластардың құрамындағы жай сөйлемдердің орын тәртібі туралы А.Н.Кононов (Көрсетілген еңбек. Қ.Есенов. 1995 ж., 113 б.), А.Ысқақов (А.Ысқақов. Қазақ тіліндегі сабақтас құрмаластағы бағыныңқы сөйлемнің даму жолы туралы /ҚазССР ҒА Хабаршысы. 1948 ж., №3, 80 б.), Р. Сыздықова назар аударған болатын, бірақ олар бағыныңқының басыңқыдан кейін келу жайын ғана айтқанды. Жалпы, бағыныңқының басыңқыға кірігуі, онан кейін тұруы сияқты тілдік құбылыстар арнайы зерттеуді керек ететін мәселе деп ойлаймыз. С. Жиенбаев бұл сияқты құбылыстарды мысалға келтіргенде олардың мәнін ашу емес, бағыныңқының басыңқыға кірігуі ыңғайында интонациялық жіктің ары қарай әлсізденіп, тіпті білінбей кететінін білдіруді көздеген.

«Таң біліне ауылдан шықтық» , «ауылдан таң біліне шықтық» , «ауылдан күн көтеріе шықтық» дегендердегі асты сызылғандарды тәуір көру, қадір тұту, ауыз ти, таң қалу сияқты тұрақты тіркестермен шатастырып, жай пысықтауыш деп түсінуге болмайды деген пікірімен келісу керек.

«Күн жоқта күлімсірер жұлдыз бен ай» деген мысалдағы пысықтауыш дейміз бе деген сұраққа бағыныңқы сөйлем деп жауап береді де, бұндай сөйлемдерді «шала сөйлем» деп атайды.

Бағыныңқылардың басыңқылардан бірде интонациялық жігі бөлініп, оқшауланып тұрса, біразында интонациялық жік өте әлсіз, білінбейді де. Соған сәйкес олардың алғашқыларын бағыныңқы, соңғыларын үйірлі мүше деп атауды ұсынған. Үйірлі мүшелерді сабақтастарға жатқызу себептерін үйірлі мүшелерге қатысты бөлімде айтып өткенбіз. Интонациялық жіктердің әлсіздігінен мезгіл , себеп бағыныңқылы сөйлемдерді үйірлілер қатарында талдайды, әрине бұларымен келісуге болмайды.

Бағыныңқы сөйлемдердің таптастырылуы туралы : «Бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлемнің бір мүшесі қатарында есептеу керек. Басыңқы сөйлем дегеніміз – жай сөйлем. Олай болса, бағыныңқыларды да жай сөйлемнің мүшелеріне жіктейміз. Жай сөйлемдерде қандай мүшелер болады? Ондағы мүшелер – бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар. Олай болса бағыныңқылар да негізінде сол ізбен анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш бағыныңқы болып, бастауыш, баяндауыш бағыныңқы болып жіктелуге тиіс. Осылай еткенде жай сөйлем мен сабақтас сөйлем арасында белгілі бір тетелестік сақталады, жай сөйлемді талдауды меңгеріп алсақ, сабақтасты да сол принциппен тексереміз» (Көрсетілген еңбек. 1947ж.,17 б.) – деп, сөйлем мүшелері мен бағыныңқылардың қызметін пара-пар қояды да , сабақтастарды сол ыңғайда жіктеуді қолдайды. Бұлай жіктеу 50-жылдарға дейін қазақ тіл білімінде болып келді, кейіннен бағыныңқы компоненттің тиянақсыз формасы негізге алынып, салаластардағыдай мағыналық қарым-қатынасы ыңғайында талдана бастады. Қазіргі үркі тілдерінің бірқатарында бұл принцип әлі де сақталуда» (Исследование по сравнительной грамматике тюрских языков. III Синтаксис. Э.А.Грунина, Н.З.Гаджиева,Н.А.Баскаковтарды қараңыз). Бағыныңқы компоненттің сөйлем мүшелерінің атқаратын қызметтерімен тепе-тең қарастырылуының негізсіз еместігіне Қ.Есеновтың : «Қазақ тіліндегі бағыныңқы сөйлемдердің дені өз басыңқыларымен қарым-қатынасына қарай пысықтауыштық ыңғайда жұмсалады» (Көрсетілген еңбек. Қ.Есенов : 1995ж. 73 б.) деуі дәлел.

Дегенмен, шартты бағыныңқы мен қарсылықты бағыныңқы сөйлемдерді бұлайша талдауға болмайтынын айтып , оларды сабақтастың нақтылы түрі деп берген. Сөйтіп, сабақтастарды нақтылы және үйірлі мүше деп екіге бөледі.

Осы ыңғайда нақтылы бағыныңқы сөйлемдердің баяндауыштарының формасы екі-ақ түрден – шартты рай мен есімшеге -мен қосымшасы алғанған түрінен болатынын көрсеткен. Оған үйірлі мүшелер қатарында қате қарастырған үйірлі пысықтауышты жасаушы есімшенің –ған формасынан кейін жалғанатын соң, сайын, бойға (бойда) , т.б. деген сөздердің тіркесуі арқылы жасалатын формаларды, есімшенің жатыс септікті түрі, есімшеден соң –дықтан құрама қосымшаның, -ба қосымшасының жалғанылуын, көсемшенің –п, -қалы, -а жұрнақтарының жалғанылуынан жасалған формаларын қосуға болады. Қазіргі қазақ тілінде , мәселен Т.Қордабаев еңбектерінде, бағыныңқы компонент баяндауыш қызметін атқарып, оны басыңқымен сабақтаса құрмаластыратын етістік түрлеріне төмендегілер жатады делінеді : 1) көсемше формалы етістіктер, 2)есімше формалы етістіктердің кейбір септікті немесе септеулік шылаулы түрлері, 3) шартты рай формалы етістіктер, 4) кейбір септік жалғауында , болмаса септеулік шылауларға тіркесе айтылатын –у, -ыс, -іс формалары » (Т.Қордабаев . Қазіргі қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. 1995 ж., 84 б.). Бұл айтылғандарды , жалпы алғанда, С.Жиенбаев пікірлерінен туындаған деп есептеуге болады.

Жоғарыда С.Жиенбаевтың сабақтастарды нақтылы және үйірлі мүшелі сабақтастар деп екіге бөлгенін айттық. Бұлай бөлудің мәні ,

біздіңше , құрмаласқан жай сөйлемдердің интонациялық жігінің көрінуіне байланысты. Бағыныңқы (нақтылы) сөйлемдердің формасы екі-ақ түрлі дейді: шартты рай мен есімшеге –мен қосымшасының жалғануы арқылы . Шындығында да , жік үйірлі мүшелі бағыныңқыларына қарағанда (үйірлі мүшеліге сабақтастарды қате келтірілген) айқын да, үйірлідегі сабақтастарында интонациялық жік әлсіз, тіпті білінбейді де. Мысалдарын қараңыз :

Бағыныңқы сөйлемдер:

- 1)Шартты бағыныңқы : Бұлақты таудан арна ақса,
Теңіз болар аяғы (Жамбыл).
- 2) Қарсылықты бағыныңқы : Тартса да бар күштерін аямай-ақ,
Асылан, жүк орнынан қозғалмады (Крылов)
- 3)Мезгіл пысықтауыш бағыныңқы : Асқар жолаушылап келе жатса,
жолда шөпшілердің қосы тұр екен (Сәбит).
- 4)Толықтауыш бағыныңқы : Ұяда не көрсең , ұшқанда соны ілерсің.
Кімді көрсем, мен сонан
Бетті бастым, тұра қаштым жалма-жан (Абай).
- 5)Анықтауыш бағыныңқы : Өзіңе қандай көйлек алсаң , маған да сондай көйлек ал.
- 6) Пысықтауыш бағыныңқы: Адам қалай жүрсе, көлеңке де солай жүреді.
Қалай тәрбиелесең , бала да солай өспек.
- 7) Баяндауыш бағыныңқы : Ағашы қандай болса, жемісі де сондай. Еңбегі қандай болса, өнбегі де сондай.
- 8) Бастауыш бағыныңқы : Кімді айтсаң сол келер.

Үйірлі мүшелер қатарында қате қарастырылған сабақтастар : Мен барған сайын Сәлім кітап оқып отырады. Қоңырау соғылған соң, класқа кірдік. Поезд келген бойға жолаушылар перронға шықты. Күн жоқта күлімсірер жұлдыз бен ай (Абай). Көзіңді көзіңе беттетпейтін күннің өткір сәулесі аппақ қарға шағылысқанда, күртіктің бетіндегі ұлпа, жұмсақ қардың әр түрлі жұлдыздары көпірде шашқан күістің шаңындай жылт-жылт,жарқ-жұрқ етеді (Сәбит). Заманнан заман өткенде, жас жетпіске жеткенде, Лениндий ер көрдім (Жамыл). Тұяқбай Итбай аулына көшкелі, Амантай қатысқан жоқ-ты (Сәбит). Жүрегі орнына түсіп жайланғанша, Асқар Сағиттан Ботакөз жайын сұрамады (Сәбит). Көсе қой айдап келе жатса, бір адам пар өгізбен жер жыртып жүр екен (ертегіден). Ойы ұнамды шыққан соң, Ботакөз қуанып кеті (Сәбит). Күн кешкіріп қалғандықтан, тоқтауға командир қарсы болған жоқ (Сәбит) . Тағы да солай тістей ме деп, Ботакөз ұмтылған қаздан қаша жөнелді (Сәбит).

Құрмалас сөйлемдер жөніндегі пікірлерін қорытындылай келе, оларды салалас, сабақтас деп екіге бөледі. Ал аралас құрмалас туралы: «Жай сөйлем мен салалас я сабақтас сөйлем, я болмаса құрмалас сөйлем екеу-үшеуі қабат келсе, аралас құрмалас сөйлем деп аталып жүр. Төл сөзі бар сөйлемдер де аралас құрмаласқа жатады. Аралас құрмалас сөйлемнің өз алдына басқа бір заңдары жоқ. Сондықтан синтаксисте ондай аралас келген сөйлем түрлерін бөлекше категория деп есептемеуге болады» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж. 33 б.) - дейді. Бұндай көзқарас онан кейін қазақ тіл білімінде де орын алды: «... дұрысында жапсалу жолы жағынан

келгенде, аралас құрмалас сөйлемдер құрмаластың ерекше бір түрі деп саналмайды. Өйткені мұнда оның өзіне тән амал-тәсілдері болмайды, тек бұрыннан белгілі сабақтаса, салаласа байланысу амалдарының қабаттаса келуіне ие болып отырады»(Көрсетілген еңбек. Қ.Есенов. 1995 жыл, 114 б.), аталмыш тақырып соңғы кезеңдерге дейін арнайы зерттелмей келді де, 1997 жылы «Қазіргі қазақ тіліндегі аралас құрмалас сөйлемдер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғалды (Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тіліндегі аралас құрмалас сөйлемдер. КДА.А-ты. 1997 жыл).

С.Жиенбаев салаластарды: 1) ыңғайлы салалас, 2) қарсылықты салалас, 3) талғаулы салалас және 4) себеп-салдарлы салалас құрмаластар деп бөліп, «ыңғайлас, қарсылықты, себеп-салдарлы салаластар жалғаулықпен де, жалғаулықсыз да айтыла береді. Талғаулы салалас жалғаулықсыз кездеспейді» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 32 б.) - деп қорытады. Салаластардың компоненттерін байланыстыратын жалғаулықтар туралы: ыңғайласта да, және, әрі; қарсылықтыда – бірақ, алайда, дегенмен; талғаулыда – я, не, немесе, біресе, бірде, кейде; себеп-салдарлы салаластарда – сондықтан, сол себепті, үйткені жалғаулықтары болатынын көрсеткен. Да жалғаулығының мағынасына қарай ыңғайласта да, қарсылықтыда да, себеп-салдарлы салаластарда да қолданылатынын айтқан. Мысалы: Кәрім қағаз жазды да, Керім кітап оқыды – ыңғайлас, Машина болмады да, Кәрім жүре алмай қалды – себеп-салдарлы, Кәрім келді де, Кемел келе алмай қалды – қарсылықты.

Жалпы салаластардың жалғаулықсыз келетін түрі – түсіндірмелі салаласты ыңғайлас құрамында қараған. Бұл оның ыңғайласқа берген анықтамасына сәйкес. Қазіргі қазақ тіліндегі салалас құрмаластардың аталып жүрген жеті түрі (мезгілдес, себептес, қарсылықты, шартты, салыстырмалы, талғаулы, кезектес және түсіндірмелі (Көрсетілген еңбек. Қ.Есенов. 1995 ж., 19 б.) С.Жиенбаев классификациясында жалпылама қамтылған. Соңғы кездерге дейін салаластардың жалғаулықты және жалғаулықсыз түрлерін құрмаласу жолдарына қарай деп бөлу орын алып келді (Қазақ тілінің грамматикасы. II бөлім. 1967 ж.; М. Балақаев, Т.Қордабаев. Қазіргі қазақ тілі. 1974 ж.). Компоненттерінің мағыналық қатынастары белгілі бір топқа жататын салаластарды С. Жиенбаев бірге қарастырған. Соңғы шыққан оқулықтарда да салаластың жалғаулықты, жалғаулықсыз түрлерін екі бөліп қарастырмай, бірлікте алып жүр (Көрсетілген еңбек. 1996 ж., 32 б.).

Салаластардың, жалпы құрмаластардың да қолданылуының жиіленуі қоғамдық дамумен байланысты. Соған орай салаластардың мағыналық топтарының іштей сараланып, жаңа категориялар ретінде қолданыла басталуы да заңды нәрсе. Ғылым тарихындағы салаластардың жіктеудегі ала-құлалықты оның сандық я терминдік айырмашылықтарына қарап емес, мәніне қарап бағалаған дұрыс шығар.

Сабақтастарды жіктеуде олардың бағыныңқыларының қызметін, негізінен, сөйлем мүшелерінің қызметімен пара-пар қояды: «Сабақтастар бағыныңқысының мағынасына қарай жіктеледі. Бағыныңқылар жеті түрлі, оның бесеуінің функциясы сөйлем мүшелерінің функцияларымен бірдей» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 32 б.).

Үйірлі мүшелі сөйлемдерді сабақтастардың қатарында қолдану себептерін кезінде айтып өткенбіз.

Сабақтастарды былайша жеті топқа бөледі:

1.)Шартты бағыныңқы.

2.)Қарсылықты бағыныңқы.

3.)Анықтауыш бағыныңқы.

4.)Толықтауыш бағыныңқы.

5.)Пысықтауыш бағыныңқы.

6.) Бастауыш бағыныңқы.

7.)Баяндауыш бағыныңқы. (1.Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 32-33 б.).

Үйірлі мүшелі сөйлемдерді сабақтастармен бірге қарастырғанымен, олардың ішіндегі жеке бір категория ретінде ерекшелеп көрсеткен: «Шартты бағыныңқы мен қарсылықты бағыныңқының үйірлі мүше формалары жоқ. Қалғандары я бағыныңқы, я үйірлі мүше түрінде кездеседі» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 33 б.) .Үйірлі мүшелі сөйлемдерді сабақтастың тұрлаусызы деп те атайды (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 33 б.).

Жалпы тіл білімінде сабақтастардың бағыныңқыларын бір топ ғалымдар деформацияға ұшырап, басыңқының құрамына сіңісіп кеткен деп таныса (В.А. Богородский, А.А.Шахматова, А.М.Пешковский, Г.П.Ломтев, М.С.Бархадуров, Г.В.Кольшанский, Е.В.Гулыга, т.б.), өзгелері бұларды сөйлем дәрежесінде таниды (Көрсетілген еңбек. Қ.Есенов. 1995 ж.,52 б.). Қазақ тіл білімінде А.Байтұрсынұлы сабақтастың бағыныңқысын «бітпеген шала сөйлем», «басыныңқының шылауындағы қосшы сөйлем» -деп, басыныңқыны «сөйлемдік қасиеті молырақ» -деп көрсеткен болатын (А.Байтұрсынұлы. Тіл –құрал. Ташкент. 1925 ж.). С.Жиенбаев сияқты Н.Т.Сауранбаев та: «... бағыныңқылар басыңқы сөйлемдегі бір жай мүшенің қызметін атқарады, я соның орнына жүреді» (Н.Т.Сауранбаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі. 49 б.) – дейді. Бұл жайында М. Балақаевтың: «... жеке сөйлемдер құрмаластың қарамағында мағыналық және интонациялық тиянақсыз қалыпқа түскенімен, олар негізгі сөйлемдік белгілерін жоғалта алмайды» (М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. 167 б.) дегеніне сын көзбен қарау керек сияқты.

Жалпы салаластарға қарағанда сабақтас құрмалас сөйлемдердің тілімізде көп қолданылуы – ондағы шешімі қиын мәселелердің жиі туындауына әкеліп соқтыратын факторлардың бірі. Екіншіден, сабақтастардың кейбір түрлерінің интонациялық ара жігі айқын көрінгенімен, бағыныңқы мен басыңқы аралығындағы интонациялық әлсіздік те сабақтастар жөніндегі пікір кереғарлықтарының көбеюіне әкеліп соқтырады. Сабақтастардың мағыналық, құрылымдық және т.б. ерекшеліктері сараланып, бір жүйеге түсті деуге негіз жоқ сияқты. Бұндай пікір, сонымен қатар, жалпы құрмаластарға да, құрмаластың құрылыс материалы – жай сөйлемдерге де байланысты.

Сонымен, С. Жиенбаевтың құрмалас сөйлемдер жөнінде айтқан пікірлерінің бірқатары қазір де мәнін жоймаса, бірқатары қазіргі түсінік бойынша жаңсақ болғанымен, көкейтесті мәселелерді көтеруге оң септігін тигізеді.

Құрмалас сөйлем туралы өз пікірлерін білдірумен қатар, осы мәселелерді жөніндегі айтылған өзге ғалымдар пікірлеріне де сындарлы пікірлерін білдіріп отырған. Біз сөз етіп отырған «Синтаксис мәселелерінде» профессор С. Аманжоловтың «Қазақ тілі синтаксисінің қысқаша курсы» (С. Аманжоловтың «Қазақ тілі синтаксисінің қысқаша курсы. 1939 ж.) айтылған бірқатар мәселелер жөнінде көзқарастарын жарияланған. Атап айтқанда, қиысу туралы, атаулы сөйлем туралы, құрмалас сөйлемдердің классификациялануы туралы өз ойларын ортаға салған. Енді осыларға жеке-жеке тоқталайық:

1.) Қиысу туралы. С. Аманжоловтың: «Жалпы есімдіктен басқа, есімдерден болған бастауыш баяндауышпен үшінші жақта ғана қиысады. Бастауыштарға тәуелдік жалғау жалғанса да, баяндауыш үшінші жақта ғана қиысады. Бастауыштарға тәуелдік жалғау жалғанса да, баяндауыш үшінші жақта қалады, қиыспайды. Мысалы:

Кітап оқылды (кітап – үшінші жақ).

Кітабың оқылды (кітабың – екінші жақ).

Кітабым оқылды (кітабым -! жақ) – деген пікірін С. Жиенбаев: «Зат есім атауларының бәрі тек үшінші жақтық категория екенін, сондықтан олар өздерінің баяндауышымен үшінші жақта тұрып қиысатынын өзі дұрыс айтқан ... кітабым оқылды дегенде қиыспай тұр деуі – жіктік жалғау мен тәуелдік жалғауды шатастырғаны. Автор қазақ тіліндегі жақ категориясын көп шатастырған. Бұл қателердің бәрі де автордың жақ формаларының тарихы мен осы күнгі тілдегісін шатастырғанынан болып отыр. Тілдің өткен дәуірлерінде тәуелдік жалғауы мен жіктік жалғауларының өзара байланысы болған деп есептеледі. Мәселен, мен алдым, сен алдың дегендегі –м,-ң элементтері о бастағы бірінші, екінші жақтық тәуелдік жалғаудан туған да болар. Бірақ бұлар бәрі де тіл өмірінің ертеректегі дәуірінен қалған қалдықтар. Ал, қазіргі тілімізде бұл сөздерді ешкім де тәуелдеулі сөз деп ұғынбайды, олай ойлау мүмкін де емес, Қазіргі қазақ тілінде тәуелдік пен жіктік жалғау арасында толық дифференция бар (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 36 б.) – деп оң сынаған.

2.) Атаулы сөйлем туралы. С. Аманжолов «Оқу оқыған жігіт ауылға келді», «Бізге кеше баяндама жасаған кісі келді» деген сөйлемдердегі асты сызылған тіркестер атаулы сөйлем, ал жігіт, кісі деген сөздер алдыңғысының баяндауышы, соңғысының бастауышы дейді. Және де оларды салалас құрмалас деп танып (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 36 б.), оны «Такая переходность имен и способность причастия воплощать в себе значение союзных слов, является характерной особенностью языков тюрской системы вообще, казахской в частности» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 36-37 б.) - деп түсіндіреді. Бұл жөнінде С. Жиенбаев пікірі былай: «Бұл жердегі ерекшелік, біздіңше, қазақ тілінің сөздерінде емес, есімшелерінде. Есімшелер анықтауыш та, баяндауыш та бола алатындығына байланысты, олар орыс тіліндегі бағыныңқы сөйлемдерді әр уақытта жай мүшеге айналдырып жібереді. Ал енді Сәрсеннің ... зат есімге де (жігіт, кісі – Б.Б.) есімше сияқты функция беріп отырғаны атаулы сөйлем категориясы дұрыс емес, анықтауыштары есімнен болған

тіркестердің орыс тіліне аударылу ерекшелігін Э.В.Севортян ыңғайына қарай атрибутивтік, кейде предикативтік қатынаста аударуға болатынын көрсеткен. Оның айтуы бойынша, «ай жарық кеште» деген тіркес орыс тілінде «ночь (в которой) луна светлая» деп те, «лунно-светлая ночь» деп те түсінуге болатынын ескертеді (Исследования по сравнительной грамматике тюрских языков. III. Синтаксис. 1961 г., с. 7-8).

С. Жиенбаевтың атаулы сөйлемдер жөніндегі мынадай ойларын ерекшеленуді жөн көрдік:

а) Атаулы сөйлемнің бір-ақ сөзден келуі, ол сөздің атау тұлғалы зат есім болуы, күрделенген жағдайда сол атау сөзге қатысты, соны анықтайтын сөздер тіркесе келуі;

ә) Атаулы сөйлемнің мағынасы контекстік мағына арқылы айқындалатыны;

б) Толымсыздан айырмашылығы – толымсыз сөйлемдерде түсіп қалған сөйлем мүшесінің орны көрініп тұрса, атаулы сөйлемде ол сөйлемді толықтырудың қажеттілігі жоқтығы;

в) Тіл білімінде атаулы сөйлемдегі бас мүше бастауыш па, баяндауыш па деген сұраққа, тіліміздің структуралық ерекшеліктеріне қарай баяндауыш болады деуі;

г) Атаулы сөйлемнің структурасы ерекшелігі туралы, оның ішінде тұрлаулы мүшеге талданбау-талдануы туралы қазақ тіл білімінде «атаулы сөйлем тұрлаулы мүшеге талданбайды, басқаша айтқанда, оған ұйытқы, тірек болып тұрған сөзді бастауыш не баяндауыш деп тап басып айтуға келмейді» (Қазақ тілінің грамматикасы. 1967 ж., II. Синтаксис. 130 б.) тексерудің қажет ететіндігін ескертеді де, «қазақ сөйлемінде аяқта баяндауыш тұрмаса, тиянақталмайды. Бұған қарағанда, біздің атаулы сөйлемдеріміздегі атау сөздің өзі бастауыш болудың лайығы да жоқ, ол сөз сөйлемді аяқтап тұрған баяндауыш делініп есептелуі керек» (Көрсетілген еңбек. 1941 ж., 39 б.) - деп, атаулы сөйлемнің тірек сөзін баяндауыш ретінде тануды ұсынады.

Ал жалпы атаулы сөйлем мәселесі кейінгі бірқатар еңбектерде аталғанымен, оның нағыз ғылыми тұрғыдағы анықтамасы, дәл белгілері айқындалған жоқ (Ж.Сәдуақасұлы. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері. ДДА. А-ты.1997ж.).

3.) Құрмалас сөйлем туралы. Әрине, автордың бұл еңбегі жеке мысалдардың ыңғайына қарай құрмалас сөйлемнің жасалу жолдары мен мағыналық белгілері сараланып берілгендіктен, оның мәні қазір де жойылған жоқ. Сабақтастың үлестес деп аталатын түрі Қ. Есеновтың соңғы еңбегінде бұрынғы ыңғайлас аталып жүрген сабақтастың атауы ретінде қалыптасты (Көрсетілген еңбек. Қ.Есенов. 1995 жыл.,112 б.). Құрмаластардың жіктеудегі С.Аманжоловтың кемшілігі ретінде С.Жиенбаев салаластардың «ылғи ойдан шығарылған жасанды сөйлемдер алынғанын», «көздейсоқ белгілерге қарап жіктелгенін», «егер мағыналық, структуралық белгілеріне қарай таптастыратын болсақ, бұл 20 түрдің ішінде бірінің шеңберіне бірі еніп кететін түрлері барын» атаса, сабақтастарға байланысты салаластардағы кемшіліктермен қатар, кейбір

жай сөйлемдердің сабақтастар қатарында қате қарастырғанын дұрыс сынаған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қай ғылым саласы болмасын, өзіндік пайда болу, өсіп-өркендеу, кемелдену, кезендері болатыны анық. Сондай тарих қазақ тіл біліміне де тән. Қазақ тіл білімінің тарихы аталатын ғылымның мақсаты – өткенді біліп қана қоюмен шектелмей, аталмыш ғылымның қазіргі күйін тереңірек тануға, алға қоятын міндеттерін айқындауға негіз салу.

Зерттеу нысаны – С.Жиенбаевтың қазақ білімінде жазып қалдырған мұраларын саралай келе, ғалым еңбектерінің ғылымға қосқан үлесі оның теориялық және практикалық мәнділіктеріне сәйкес топтастырылуға тиіс деген қорытындыға келдік:

1.С.Жиенбаев еңбектерінің теориялық мәні оның мынандай тұжырымдары арқылы айқындалады:

а) Қосарлы (диффуз) дыбыстардың, олардың ішінде қосарлы дауысты (дифтонг), қосарлы дауыссыз (аффрикат) дыбыстардың табиғатын ашуға бағытталған тұжырымдары, аталмыш дыбыстардың ана тіліміздегі алатын орны, тілімізге қатыстылығы туралы пікірлері;

ә) Сөзжасамның аналитикалық тәсілі, оның ішінде сөзқосым (Термин – Н.Оралбаеванікі. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. А-ты. 1989 ж., 91 б.). тәсілі арқылы жасалған сөздерге талдамалар жасап, қазақ тіліндегі біріккен сөздердің дыбыстық, тұлғалық табиғаттарын атап көрсеткен, орыс тіліндегі сөздердің бірігуінен айырмашылықтардың мәнін түсіндірген;

б) Қазақ тіліндегі түсіндірме (С.Жиенбаевта – академиялық) сөздіктің мақсаты мен жасалу принциптеріне тұңғыш рет ғылыми анықтама берді, сөздіктер жасау ісінің жөн-жобасын көрсетіп берді;

в) Грамматика мен грамматикалық категорияларға байланысты жалпы лингвистикалық мәселелерді топқа бөлуді сол тұрғыдан шешуді ұсынды, сөздерді таптастырудың теориялық негізін қалаушылардың бірі болды;

г) Қазақ тілінде «үйірлі мүше» деген терминді енгізіп, аталмыш категорияның мәнін ашып көрсетті, үйірлі мүшені шартты түрде сабақтастың бағыныңқы сыңарына пара-пар қойғанымен, айтқан пікірлері әлі де маңыздылығын жойған жоқ;

ғ) Айқындауыштар туралы (С.Жиенбаевта – оңашаланған мүшелер) ғылымдағы бастама еңбек С.Жиенбаевқа тиесілі (С.Жиенбаев. Сөйлемнің оңашаланған мүшелері туралы. «Халық мұғалімі», 1939 ж., №14; Тыныс белгілері. 1941 ж., 21-27 б.). Оның ішінде ғалым саралап берген сөз арты айқындауыштары арнайы зертеу нысаны болса (Күлкенова О., Қазақ тіліндегі сөз арты айқындауыштары. 1978 ж.), сөз алды айқындауыштарының табиғатын айқындай түсу әлі де ғылыми-зертеу нысанына алынбай келе жатыр;

д) Бірінші сыңарының баяндауыштары көсемшеге біткен, мағыналық жағынан тең дәрежеде байланысқан құрмаластарды салаластар қатарында қарастыруы негізсіз емес, қазіргі кезде олардың тұлғалық тиянақсыздығына сай шартты түрде сабақтастар құрамына енгізіліп жүргені айқын нәрсе;

е) Ғалым еңбектерінде атаулы сөйлемдердің табиғатын айқындауға да біршама талпыныстар жасалған, т.б.

2. Ғалым еңбектерінің практикалық мәні:

а) Әліпбиді реформалау жөніндегі, кірме сөздердің тіліміздің емлелік ерекшеліктеріне сәйкестендірілуі жөніндегі пікірлері әлі де маңызын жойған жоқ, әсіресе, бұл пікірлері қазір сөз болып жүрген латын әліпбиіне көші жөніндегі ұсыныстармен сабақтас, әліпбиді осы ыңғайда реформалаған жағдайда практикалық мәні зор болмақ;

ә) Жеклеген әріптердің, біріккен сөздердің емлелері жөніндегі пікірлерінің, кейбір қазіргі қалыпқа келмейтін тұстары болғанымен, әлі де маңыздылығы күн тәртібінен түскен жоқ, емледегі қиын мәселелерді шешуде соны пікір ретінде, ішінара болса да, пайдалануға болады;

б) Ғалым авторлығымен жарық көрген бастауыш мектептерге арналған «Орысша –қазақша сөздік» (С.Жиенбаев, А.Кушумбаев. Русско –казакский словарь. А-ты.1942 г.) пен орта мектептерге арналған «Орысша –қазақша сөздік» (Н.Т. Сауранбев, С.Жиенбаев. Русско –казакский словарь. 1945 г.). Онан соң шыққан осындай сөздіктерге дайын қор көздері болып келеді, болып қала бермек. Сонымен қатар, С. Жиенбаевтың «Сөздіктің мақсаты мен жасалу принциптері» атты еңбегі (Қазақ ССР ҒА Хабарлары. №3.1945 ж., Филологиялық серия). Сөздіктер жасау ісіне нұсқаушы қызметін атқарды, кейінгі жасалған нұсқауларға негіз болды;

в) С.С.Жиенбаевтың синтаксис мәселелеріне қатысты айтқан пікірлері осы салада зерттеу жүргізушілерге методологиялық көздердің бірі болып келді, маңыздылықтарын әлі де жойған жоқ. Атап айтқанда, салаластарды жіктеуі осы сөйлем типтеріне байланысты жітеудің ықшамдылығының үлгісі болса, сабақтастарды жіктеудегі ұстанған принциптері басыңқы мен бағыныңқының мағыналық қарым–қатынастарын айқындауға көмекші қызмет атқарып жүргені жаңалық емес;

г) Сонымен қатар, С.С.Жиенбаевтың қазақ тілі білімінің басқа да мәселелеріне қатысты айтқан пікірлері, атап айтқанда, сөйлемнің үйірлі мүшелеріне қатысты айтқан пікірлері, атап айтқанда, сөйлемнің үйірлі мүшелеріне, айқындауыш мүшелерге, атаулы сөйлемге қатысты айтқан пікірлері аталған тақырыптар бойынша зерттеу жүргізушілерге алға қойған мақсаттарына жетуге көмекші болады деп ойлаймыз, т.б.

Жоғарыдағыларды қорытындылай келе, зерттеу нысаны Сейіл Сарықұлұлы Жиенбаевтың шын мәніндегі кең құлашты, терең білімді ғалым екендігіне, қазақ тілі білімінің қазіргі деңгейіне жетуіне көп еңбек сіңіргендігіне, қазақ тілі білімінің негізін салушылардың қатарында салмақты орны барлығына, қазақ тіл білімінің тарихындағы алатын бағасының жоғары екендігіне, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың қатарында салмақты орны барлығына, қазақ тіл білімінің тарихындағы алатын бағасының жоғары екендігіне көзіміз жетті. Диссертациялық жұмысты орындау барысында ғалымның теориялық танымы анықталып, ғалымның ұстанған бағыт –бағдары, ұсынған пікірлерінің мәні айқындалды, атап айтқанда бұрыннан ішінара сөз болып жүрген ғалымның синтаксиске қатысты еңбектерімен қатар, фонетика, орфография, пунктуация, лексикология және морфологияға қатысты тұжырымдары еңбегімізде тұңғыш рет пайымдалды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Актуальные проблемы учебной лексикографии. М., 1977.
- Абдрахманов А.А. Основы синтаксиса сложного предложения современного узбекского литературного языка. АДД, Ташкент. 1960.
- Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы. А-ты, 1939.
- Аманжолов С. Қазақ тілі синтаксисінің қысқаша курсы А-ты, 1940.
- Аманжолов С. Орыс графикасына негізделген қазақтың жаңа әліппесі. А-ты, 1940.
- Архангельский. Грамматика казахского языка. Ташкент, 1927.
- Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. А-ты, 1965.
- Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. А-ты, 1982.
- Әбжанов М. Қазақ тілі (пікір). «Лениншіл жас». 31.04.1941.
- Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. А-ты, 1967.
- Әбілқаев Қ. Қазақ тіліндегі жай сөйлем түрлері. А-ты, 1963.
- Әуелбаев Ш. Пунктуацияның қиын мәселелері. А-ты, 1977.
- Бабайцева В.В. Русский язык. Синтаксис и пунктуация. М., 1982.
- Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. А-ты, 1991.
- Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. А-ты, 1984.
- Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. А-ты, 1974.
- Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. А-ты, 1991.
- Балақаев М. Современный казахский язык. А-Ата, 1959.
- Балақаев М. Зерде баспалдақтары. А-ты, 1995. Вопросы узбекского языкознания. Ташкент. 1954.
- Денисов П.Н. Лексика русского языка и принципы ее описания. М., 1980.
- Денисов П.Н. Очерки по русской лексикографии. М., 1974.
- Древнетюркский словарь. Л., 1969.
- Есипов Б.П., Гончарова Н.К. Педагогика. А-ты, 1980.
- Есенов Қ. Құрмалас сөйлем синтаксис А-ты, 1995.
- Есенов Х.М. Синтаксис осложненного предложения в казахском языке А-ты, 1992.
- «Ескі түркі жазба ескерткіштері» (XI-XV ғ.) курсының программасы. Қарағанды, 1986.
- Жазу қағидалары. Орынбор. 1915.
- Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А-ты, 1966.
- Исаев С..., Сопоставительная грамматика казахского и русских языков. А-ты, 1995.
- Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков. III. Синтаксис. М., 1961.
- Козырев И.С. Современный русский язык. М., 1977.
- Колхоз жастары, фабрик – завод мектептерінің оқу жоспары мен бағдарламасы. I – бөлекше. Қазақша, орысша. Тіл, әдебиет. Қазақ тілін құрастырғандар – С. Аманжолұлы, І. Кеңесбайұлы, Қ.-орда. 1932.
- Күлкенова О. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз арты айқындауыштары. А – ты. 1968.

- Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1988.
- Қазақ тілінің грамматикасы, I бөлім морфология, 1967.
- Қазақ тілінің грамматикасы, II бөлім Морфология, 1967.
- Қазақ тілінің грамматикасы, II бөлім Синтаксис. А., 1967.
- Қазақ тілінің тарихы туралы зерттеулер. А., Ғ., 1965.
- Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. А., 1965.
- Қазақ тілінің грамматикасы бойынша зерттеулер. А., 1975.
- Қараев М. Қазақ тілі. А., 1991.
- Қордабаев Т. Қазақ тілі білімінің қалыптасу, даму жолдары, А., 1995.
- Құрышжанов Ә. //Н.Т.Сауранбаев (Өмірі мен ғылыми мұрасы). А., 1974.
- Қасымбеков Қ. Басқа ұлттарға арналған қазақ тілінің оқулығы жайында. (Социалистік Қазақстан), 1959, 285.
- Мадина Г. Қазіргі қазақ тіліндегі жақсыз сөйлемдер. А., 1959.
- Мергенбаев Е.М. Словоизменение в тюркских языках. 1995,
- Мұсабекова Ф. Жай сөйлем пунктуациясының негіздері. А., 1959.
- Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі, Алматы, 1948.
- Сауранбаев Н.Т. Қазіргі қазақ тілі (Авторлар ұжымы), 1954.
- Сауранбаев Н.Т. Қазақ тілі білімінің проблемалары. А., 1968.
- Сағындықұлы Бекен. Қазіргі қазақ тіліндегі аралас сөйлемдер жүйесі. КДА, А., 1997.
- Сәдуақасұлы Ж. Етістіктің жақ категориясы. А., 1994.
- Сәдуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері. ДД, 1997.
- Серғалиев М.,... Қазіргі қазақ әдеби тілі, 1991.
- Серғалиев М. Жиенбаевтың синтаксистік зерттеулері// Жинақ: Қазақ тілі мен әдебиеті. 6-шы шығуы. А., 1975.
- Сыздықова Р. Емле мен тыныс белгілері. А., 1996.
- Уәлиев Н. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. А., 1988.
- Фельдман Н.И. О специфике небольших двуязычных словарей //Вопросы языкознания. №2, М., 1959.
- Фрумкина Р.М. Вероятность элементов текста и речевое поведение. М. 1971.
- Щерба Л.И. Опыт общей теорий лексикографии. М., История АН СССР. Отделение литературы и языка. 1940, с. 83-117.
- Ысқақов А., Қалиев ғ. Тыныс белгілері. А-ты, 1951.
- Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. А-ты, 1991.
- Ысқақов А. Қазақ тіліндегі сабақтас құрмаластар мен бағыныңқы сөйлемнің даму жолы туралы //ҚазССР ҒА Хабаршысы. №2, 1948.

С.ЖИЕНБАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ:

ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕР

1. Ана тілі (ұлт мектептерінде ана тілі және орыс тілі). Әміржан Сыздықовтың айтуынша, Б.П.Есипов пен Н.К.Гончаров жазған «Педагогика» деген кітаптың қазақша аудармасындағы (1950 жыл) «Ана тілі» деген бөлімін жазған С.Жиенбаев.

2. Тіл зерттеу, «Қазақ әдебиеті», 1935 ж. 12 сентябрь.

3. Оқытушы, оқушыларымыз сөз сөйлей білсін, «Ауыл мұғалімі», 1937ж., №7, 30-32 беттер.

4. К вопросу о стадильности в развитии языка. Некоторые параллели из казахского (тюркских), русского и частично из армянского языков, статья опубликована в «Сборнике трудов научно –исследовательского института национальной культуры», 1936 г.

II

ПРОГРАММА МЕН ОҚУЛЫҚТАР

5. Сырттан оқытатын педагогикалық техникум, бір жылдың дәрісі, I кітап, қазақ тілі, 1-10 сабақтар, 1931 жыл, 68 бет.

6. Книга для чтения в НШ. I класс, учебник, 1932 г.

7. Оқу кітабы, I класс үшін, 3- басылуы (85 бет), сын мақала, «Ауыл мұғалімі», 1935 ж., №7-8, 30-34 –беттер.

8. Оқу кітабы, бастауыш мектептің бірінші жылы үшін, 1934, 1935, 1936 жылдар.

9. Книга для чтения по русскому языку в V классе, учебник, 1936 г.

10. Сборник упражнений по родному языку для средней школы, учебник, 1936 г.

11. Оқу кітабы, бастауыш мектептің екінші класы үшін, 1937 ж.

12. Книга чтения в НШ, II класс, учебник, 1937 г.

13. Книга для чтения по русскому языку для V класса казахских школ, 1935-36-37 г.г. издания.

14. Учебник казахского языка для VI - VII классов русской школы, учебник, 1938 г.

15. Казахский язык а педучилище (материалы и задания для казахских педучилищ), изд., КИПКНО, 1939 г.

16. Казахский язык а педучилище (материалы и задания для русских педучилищ), изд., КИПКНО, 1940 г.

17. Мазмұндама, орта мектепте мазмұндамаға арналған мақалалар жинағы, 1940 ж., 61 бет.

18. Нужно создать стабильные учебники русского языка в казахской школе, 10 стр. Архив Минпроса Казахской ССР, фонд №1, опись №1, связка №147, дело №1 000, стр. 68-78, 1940 год, статья написана в 1940 г.

19. Орыс мектебінің VII класына арнаған сын диктанты, текст «А», «Б», Архив Минпроса Казахской ССР, фонд №1, опись №11, связка №147, дело 997, стр.49.

20. Қазақ тілі программасы, 1939 ж.

21. Учебник русского языка для IV класса казахской школы, Казогиз, 1945 г.

22. Жаттығу, емле мен тіл I –II класстарға арналған жаттығулар жинағы, 4 –басылуы, 1946 ж. 75 –бет.

23. Қазақ тілі, учебник казахского языка для взрослых, 1947 г.

24. Қазақ тілі, учебник для X класса русской школы, 1947 г.

25. Қазақ тілі, учебник для курсов казахского языка, 1931 г.

26. Қазақ тілі грамматикасы, I бөлім, фонетика мен морфология, ОҚБ, 1950 ж. Кіріспе бөлім мен барлық жаттығуларды жазған С. Жиенбаев; фонетика мен морфология бөлімдерін жазған С. Кеңесбаев.

III

ЛЕКСИКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЛЕКСИКОГРАФИЯ

27. План диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук на тему: «Вопросы казахской лексики», 2 страница машинописи.

28. Вопросы казахской лексики. Исследование по этимологическому составу и семантике отдельных слов сравнительно сданными других тюркских языков. Неоконченная рукопись и картотеки. Материалы по истории развития лексики современного литературного языка (записи в картотеке).

29. Проект словаря казахского языка. О задачах принципах составления и структуре казахского академического словаря, брошюра в рукописи, объем -4п/л, 1943 г.(находится во внутреннем пользовании редакции казахского словаря).

30. Сөздіктің мақсаты инг жасалу принципі, Қазақ ССР ғылым академиясының хабарлары, филология сериясы, 1945 ж. вып. 4.

31. С. Жиенбаев құрастыруға қатынасқан. Русско –казахский словарь для начальной школы, 1942 г.

32. С. Жиенбаев құрастыруға қатынасқан. Русско –казахский словарь пособие для средней школы, 1945 г.

33. Орысша –қазақша сөздік, орта мектепке арналған құрал, 1945 г.

34. С. Жиенбаев редакциялауға қатынасқан. Русско –казахский словарь, том I,II, 1946 ж.

IV ГРАФИКА МЕН ОРФОГРАФИЯ

35. Әліппе мен емленің кейбір мәселелері туралы (ұсыныс ретінде), «Социалистік Қазақстан», 1935 ж., 6 апрель, №80.

36. Тағы да біріккен сөздер емлесі туралы, «Халық мұғалімі» журналы, 1940ж., №7-8.

37. Проектінің кейбір мәселелері туралы, «Социалистік Қазақстан» газеті, 1940, 25 август, №196.

38. Выдержка из статьи «Русская азбука –азбука всех народов СССР», «Қазақ әдебиеті», 10 январь, 1940 ж., №3.

V ГРАММАТИКА (МОРФОЛОГИЯ МЕН СИНТАКСИС)

39. К вопросу о составе слова в казахском языке. Характеристика парных и сложнослитных слов в казахском языке, рукопись, 30 старниц.

40. Сөйлемнің үйірлі мүшелері (мәселе қою ретінде) «Қазақ әдебиеті» газеті, 1935 ж., 31 декабрь; №35.

41. Сөйлемнің үйірлі мүшелері, «Ауыл мұғалімі» журналы, 1935 ж., №7-8.

42. Грамматика туралы «Ауыл мұғалімі», 1936ж., №1,2,3.

43. Грамматикалық категориялар туралы, «Ауыл мұғалімі», 1936ж., 5-6, 38-41 –беттер.

44. Сөйлемнің үйірлі мүшелері туралы, «Тіл мәселелері» жинақ, II кітап, 1936 ж.

45. Сөйлемнің оңашаланған мүшелері туралы, «Халық мұғалімі», 1939 ж., №14, 35-39 –беттер.

46. Синтаксис мәселелері, құрмалас сөйлемнің таптастырылуы туралы, Алматы, 1941 ж., 43 бет. Бұл еңбек 1942 жылы 30 ноябрьде Қазақтың С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертация болып қорғалды.

47. О классификации сложно –подчиненных предложений в казахском языке, «Известия» казахского ФАН СССР, серия языка и литературы, 1944., вып.1.

VI ПУНКТУАЦИЯ

48. Тыныс белгілері (үтір), «Ауыл мұғалімі», 1938, №7-8. 82 -88 беттер.

49. Тыныс белгілері, тыныс белгілерінің жалпы қызметі, «Халық мұғалімі», 1939, №17-18, 78-94 –беттер.

50. Сөйлемнің тыныс белгілері, Алматы, 1940 ж.

VII ПЕДАГОГИКА, МЕТОДИКА

51. Лекция по педагогике для заочников вузов и педучилищ, 1930 г.
52. Бірінші басқыш мектепке қандай әліппе керек? «Жаңа мектеп», 1930 ж., №12, 22-24 беттер.
53. Ана тілі сабақтарының әдіс мәселелері, түсініп оқуға дағдаландыру, «Ауыл мұғалімі», 1933ж., №1, 3-55 беттер.
54. Методика родного языка в НШ (соавтор), 1934 г.
55. Ана тілін оқытудың жұмыс жоспары, «Ауыл мұғалімі», 1934 ж., №2, 11-13 –беттер.
56. Методические материалы для учителей НШ, изд. 1935 -36 г.г.
57. I-II кластарда қазақ тілі сабағын қалай оқыту керек? «Ауыл мұғалімі», 1935 ж.,№3, 16-18 беттер.
58. III-IV кластарда қазақ тілінен сынақ жұмысы, «Ауыл мұғалімі», 1935 ж.,№3, 18 -20 беттер.
59. Грамматика талдауы (басы 1-2 номерде), «Ауыл мұғалімі», 1936 ж., №3, 12-17 беттер.
60. Грамматика талдауы, орта мектептердің V класына арналған, 1936 ж.
61. Грамматикалық талдау, «Ауыл мұғалімі» журналы, 1936 ж., №1,2.
- 62.Грамматика жолымен талдау материалы, «Ауыл мұғалімі», 1937 ж., №1,2,44-47 –беттер.
63. Бастауыш мектепке кітап оқыту методикасы, 1939 ж., 32 бет.
64. Кітап оқыту методикасы, 1939 ж., 73 бет, қолжазба, Архив Минпроса Казахской ССР, фонд №1, опись №1, связка №148, дело №1007.
65. Бастауыш мектепке қазақ тілін оқыту методикасы, Халық мұғалімі, 1939 ж., №8,28-40-беттер.
66. Бастауыш мектепке кітап оқыту методикасы, Халық мұғалімі, 1939 ж., №12 ,9-19 -беттер.
67. Кітап оқыту методикасы, дауыстап оқу мен іштен оқу, Халық мұғалімі, 1939 ж., №11 ,19 -25-беттер.
68. Орта мектепте мазмұндама жаздыру, «Халық мұғалімі», 1938 ж., №4-5 ,17 -20-беттер.
69. Сын есімнің методикасы, «Халық мұғалімі», 1940 ж., №3,38 -43-беттер.
70. Қазақ тілі мен әдебиетінен тексеру сынын жүргізу тәртібі, «Халық мұғалімі», 1940 ж., №6,25 -39-беттер.
71. Қазақ тілінің методикасы, 1941 ж., 115 –б. Бұл еңбек Педагогикалық жоғарғы оқу орындарының филология факультеттеріне арналған, 1946 жылы қайта басылып шықты, көлемі 9 баспа табақ.
72. Грамматикалық таблицалар, 1942 ж., II бөлім, орталау мектепке арналған көрнекі құрал, 22 таблица.
73. Грамматикалық категорияны таныту, «Халық мұғалімі», 1950 ж., №5,13 -28-беттер.
74. 73. Грамматикалық категорияны таныту, «Халық мұғалімі» журналы,1950 ж., №5.

75. Бастауыш мектепке кітап оқыту методикасы, «. Бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту методикасының мәселелері» деген жинақта басылған, 1957ж., 40-63-беттер.

76. Казахский язык в в средних школах, 2 п/л., см. Список методических материалов к августовским конференциям учителей, Архив Минпроса Казахской ССР, 1940 г., фонд 1, опись №1, связка №147, дело №996, стр. 64.

77. Үлкендерге хат таныту методикасы, Қызылорда, 1935 жыл 32 бет. 1936 жылы екінші рет басылып шықты, 48 бет.

VIII АУДАРМА

78. К вопросу о выражении модальности в казахском языке, объем -12 страниц. Исследовательская работа по материалам казахского романа «қалың мал» и казахской публицистической (переводной) литературы, рукопись, 1943 г.

79. Аударманың тілі туралы, «Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары», филология сериясы, 1946 ж. вып.4.

IX РЕЦЕНЗИЯЛАР

80. «Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан» -балалр кітабы. «Жаңа мектеп», 1930 ж., №12, 56-57 –беттер. Бұл –С.Көбеевтің балаларға арналған кітабы туралы мақала.

81. «Батыр тігінші» (рецензия), «Қазақ әдебиеті» газеті, 1937 жыл., №2(117).

82. V - VII класқа арналған грамматика кітабы, «Халық мұғалімі», 1940 ж., №7-8, 77-80-беттер.

83. С.Жиенбаевтың 1939 жылғы январь айының 7 күні «Қазақ тілі грамматикасы» жөнінде сөйлеген сөзі, протокол №7 Архив Минпроса Казахской ССР, фонд 1, опись №1, связка №146, дело №992, стр.8.

84. Қазақ әліппесі, 1938 ж, шыққан, авторы С.Кеңесбаев, рецензия, Архив Минпроса Казахской ССР, фонд 1, опись №1, связка №146, дело №992, стр. 71-76.

85. Қазақ тілі грамматикасы туралы, рецензия орнына, Архив Минпроса Казахской ССР, фонд 1, опись №1, связка №146, дело №992, стр. 21-23.

X ХАТТАР

86. С. Мұқанов пен Хамит Сембаевқа балалар әдебиеті туралы ашық хат, қолжазба, 5 бет.

87. С. Жиенбаевтың жазған хатына И. Батмановтың жауап хаты (орыс тілінде), 7 бет.

88. С. Жиенбаев Письмо Институту языка и мышления, от 26 мая 1940 г. 1 стр. машинописи.

89. С. Жиенбаеву. Письмо академика И.И.Мещанинова от 27 февраля 1943 г. Об утверждении С.С. Жиенбаева членом ученого совета института языка и мышления АН СССР Постановлением Президиума АН СССР от 22 декабря 1942 г., за №23.